Код МКС: 23.040.01

СТ РК EN 13840-2-2013 «Трубопроводы промышленные металлические. Часть 2. Материалы»
СТ РК EN 13840-3-2013 «Трубопроводы промышленные металлические. Часть 3. Проектирование и расчет»

В каком месте (раздел, пункт, подпункт, приложение, таблица, рисунок…)	**Напечатано**	**Должно быть**
1	2	3
Титульный лист и колонтитул	**СТ РК EN 13840-2-2013**	**СТ РК EN 13480-2-2013**
Титульный лист и колонтитул	**СТ РК EN 13840-3-2013**	**СТ РК EN 13480-3-2013**

(ИУС №3-2015)

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өнеркәсіптік металл құбыржолдар
3-бөлім
ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ

Трубопроводы промышленные металлические
Часть 3
ПРОЕКТИРОВАНИЕ И РАСЧЕТ

ҚР СТ EN 13480-3-2013

EN 13480-3:2012 Metallic industrial piping – Part 3: Design and calculation (IDT)

Осы ұлттық стандарт EN 13480-3:2012 еуропалық стандартпен бірдей жүзеге асырылады және CEN рұқсат етуімен қабылданды, мекенжайы бойынша B-1000 Брюссель, Марникс даңғ. 17

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өнеркәсіптік металл құбыржолдар
3-бөлім
ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ

ҚР СТ EN 13480-3-2013

EN 13480-3:2012 Metallic industrial piping – Part 3: Design and calculation (IDT)

Осы ұлттық стандарт EN 13480-3:2012 еуропалық стандартпен бірдей жүзеге асырылады және CEN рұқсат етуімен қабылданды, мекенжайы бойынша B-1000 Брюссель, Марникс даңғ. 17

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің «Ұлттық өнеркәсіптік қауіпсіздігінің ғылыми-техникалық орталығы» акционерлік қоғамы базасындағы өнеркәсіптік, қоғамдық қауіпсіздік және төтенше жағдайдағы қауіпсіздік саласындағы ТК 75 «Өнеркәсіптік қауіпсіздік стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**.

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2013 жылғы 28 қарашадағы №548-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт EN 13480-3:2012 Metallic industrial piping – Part 3: Design and calculation (Өнеркәсіптік металл құбыржолдары – 3-бөлім: Жобалау және есептеу) еуропалық стандартпен бірдей.

Ағылшын тілінен аударылды (en)

Осы стандарт дайындалған (әзірленген) және сілтеме берілген халықаралық стандарттардың ресми данасы Бірыңғай мемлекеттік нормативтік техникалық құжаттар қорында бар.

«Нормативтік сілтеме» бөлімінде және стандарт мәтінінде сілтемелік халықаралық стандарттар өзектендірілген.

Ұлттық (мемлекетаралық) стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәлімет Д.А қосымшасында келтірілген.

Сәйкестік дәрежесі - бірдей, (IDT).

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2020 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

Кіріспе		IX
1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер, анықтамалар, символдар және бірліктер	3
3.1	Терминдер мен анықтамалар	3
3.2	Шартты белгіленулер мен өлшем бірліктері	3
4	Негізге алынатын есептеу ережесі	4
4.1	Жалпы ережелер	4
4.2	Жүктеме	5
4.2.1	Жалпы ережелер	5
4.2.2	Жүктеме құрамалары	5
4.2.3	Өлшемдерді анықтау кезінде ескерілетін жүктемелер	6
4.2.4	Басқа ескерілетін өлшемдер	7
4.3	Қабырға қалыңдығы	11
4.4	Шақтамалар	13
4.5	Дәнекерлеу жігінің беріктік коэффициенті	13
4.6	Құбыржолдардың қосқыш бөлшектерінің қысыммен жүктелген өлшемдерін анықтау	13
5	Рұқсат етілетін кернеу	14
5.1	Жалпы ережелер	14
5.2	Уақытқа байланысты емес рұқсат етілетін кернеу	14
5.2.1	Аустенитті емес болат	14
5.2.2	Аустенитті болат	15
5.2.3	Никель және/немесе хромды легірленген болат	15
5.2.4	Болат құймалар	15
5.2.5	Сапаны арнайы бақылаусыз болатқа қойылатын қосымша талаптар	16
5.3	Уақытқа байланысты рұқсат етілген кернеу	16
5.3.1	Жалпы ережелер	16
5.3.2	Болат	16
5.3.3	Никель, хром-никель және хромды болат	17
6	Ішкі қысыммен құбыржолдың қосқыш бөлшектерді есептеу	17
6.1	Тік құбырлар	17
6.2	Құбырлардың иілімдері мен бұрулары	18
6.2.1	Жалпы ережелер	18
6.2.2	Шартты белгіленулер	18
6.2.3	Қабырғаның қажетті қалыңдығы	19
6.3	Секторлық бұрулар	20
6.3.1	Жалпы ережелер	20
6.3.2	Шартты белгіленулер	21
6.3.3	Секторлық бұрулардың тиімді радиусы	21
6.3.4	Бір қисық бөліктен артық секторлық бұрулар	22

6.3.5	Бір қисық бөлігі бар секторлық бұрулар.....	22
6.3.6	Секторлық бұруларға жанасатын тік бөлігі бар	22
6.4	Өткелдер	22
6.4.1	Таралу шарттары	22
6.4.2	Қосымша терминдер мен анықтамалар.....	23
6.4.3	Арнайы шартта белгіленулер мен қысқарған сөздер	24
6.4.4	Корпус қабырғасы.....	25
6.4.5	Қосылыс орны – Жалпы ережелер.....	26
6.4.6	Үлкейтілген диаметрлі конустың ұшындағы белдемесіз цилиндр мен конус арасындағы байланысу орындары.....	26
6.4.7	Үлкейтілген диаметрлі конустың ұшындағы белдемесі бар цилиндр мен конус арасындағы байланысу орындары.....	29
6.4.8	Кіші диаметрлі конус ұшындағы цилиндр мен конус арасындағы байланысу орындары.....	30
6.4.9	Осьтік сызығы жылжыған өтулер.....	32
6.4.10	Соғылған арнайы өтулер	33
6.5	Құбырдың иілгіш компоненттері	34
6.5.1	Жалпы ережелер.....	34
6.5.2	Компенсаторлар..	34
6.5.3	Гофрленген құбыршектер.....	35
6.6	Бұрандамалардағы ернемекті қосылыстар.....	36
7	Бітеуіштерді есептеу.....	38
7.1	Дөңес бітеуіштер...	38
7.1.1	Шартты белгіленулер.....	38
7.1.2	Жартылай сфералық бітеуіштер.....	39
7.1.3	Торосфералық бітеуіштер	40
7.1.4	Эллипстік бітеуіштер.....	41
7.1.5	β коэффициентін есептеу.....	42
7.2	Дөңгелек тегіс бітеуіштер	44
7.2.1	Жалпы ережелер.....	44
7.2.2	Шартты белгіленулер.....	44
7.2.3	Анкерлі бекітумен бекітілмеген, цилиндрлік қабыршақтармен немесе цилиндрлік құбырлармен дәнекерленген тегіс дөңгелек бітуеіштер	46
7.2.4	Анкерлі бекітумен бекітілмеген, бұрандалған тегіс дөңгелек бітеуіштер	54
7.2.5	Анкерлі бекітумен бекітілмеген тегіс бітеуіштердегі саңылауларды күшейту	61
8	Саңылаулар мен бұрулар	64
8.1	Жалпы ережелер	64
8.2	Шартты белгіленулер.....	64
8.3	Шектеулер.....	65
8.3.1	Қабырғалар қалыңдығының қатынастары	65

8.3.2	Байланысу орындарындағы саңылаулар	67
8.3.3	Күшейту әдістері	69
8.3.4	Есептеу әдістері	70
8.3.5	Эллипстік саңылаулар және көлбеу бұрылулар	70
8.3.6	Күшейткіш тілімдер.....	71
8.3.7	Қабыршақ пен күшейтудің материалдары.....	72
8.3.8	Ұшы кеңейетін бұрылулар	72
8.3.9	Құбырдың иілгендіктеріндегі бұрылулар.....	72
8.3.10	Бұрандалған штуцерлер	72
8.4	Бөлек саңылаулар	73
8.4.1	Жалпы ережелер.....	73
8.4.2	Күшейтілмеген саңылаулар.....	76
8.4.3	$d_i/D_i < 0,8$ диаметрлердің қатынасы бар күшейтілген саңылаулар...	76
8.4.4	$0,8 < d/D < 1,0$ дара ойықтарды күшейту	81
8.5	Жақын орналасқан саңылаулар	81
8.5.1	Күшейтілмеген саңылаулар.....	81
8.5.2	$d/D \leq 0,8$ күшейтілген саңылаулар	82
8.6	Құбырдың ерекше байланыстырушы бөлшектерін есептеу ...	83
8.6.1	Цилиндрлік Y-тәріздес бөліктер	83
8.6.2	Сфералық V-тәріздес бұрылулар	84
8.6.3	Күшейткіш қырлары бар бұрылулар	85
9	Атмосфералық қысымды ескеріп, құбырдың байланыстырушы бөлшектерін есептеу	87
9.1	Жалпы ережелер.....	87
9.2	Шартты белгіленулер және серпімділік шектері.....	88
9.2.1	Шартты белгіленулер.....	88
9.2.2	Серпімділік шектері.....	91
9.3	Цилиндрлік құбырлар, құбырлардың иілгендіктері және бұрылулары	91
9.3.1	Ұзындықтарды анықтау.....	91
9.3.2	Қаттылық элементтері арасындағы бұзылу.....	93
9.3.3	Қаттылық элементтері бар құбырлардың жалпы бас тарту.....	95
9.3.4	Қаттылық элементтерінің тұрақтылығы.....	96
9.3.5	Қызу мен сууға арналған каналдар.....	100
9.4	Өткелдер.....	101
9.5	Күмбез тәріздес бітеуіштер.....	102
9.5.1	Жартылай сфералық бітеуіштер.....	102
9.5.2	Торосфералық бітеуіштер.....	103
9.5.3	Эллипстік бітеуіштер.....	103
10	Өзгермелі жүктемеге арналған есептеме.....	103
10.1	Жалпы ережелер.....	103
10.2	Шаршау талдауынан шығарып тастау.....	104

10.3	Қысымның ауытқуынан туындаған ауыспалы жүктемеге арналған есептеме ……	104
10.3.1	Баламалы толық жүктеме айналымдарының саны…….	104
10.3.2	Ауыспалы жүктемеге арналған жеңілдетілген есептеме…..	105
10.4	Жылу жүктемесінің салдарынан қажауды есептеу….....	120
10.4.1	Жалпы ережелер…….....	120
10.4.2	Есептеу бойынша нұсқаулықтар…….....	120
10.5	Жүктеме тіркестерінде қажауды есептеу .. ……	121
11	Қатты байланыстырылатын бөлшектер…….....	121
11.1	Жалпы ережелер…….....	121
11.2	Рұқсат етілетін кернеулер……..	122
11.3	Шартты белгіленулер……	123
11.4	Шектеулер……	124
11.4.1	Құбырлық арматура……	124
11.4.2	Алдыңғы есептеулер……	125
11.4.3	Құбырға металмен дәнекер жіктермен дәнекерленген байланыстырылатын бөлшектер үшін кернеулерді есептеу	128
11.4.4	Құбырға бұрыштық жіктердің немесе ішінара металмен дәнекер жіктердің көмегімен дәнекерленген байланыстырылатын бөлшектер үшін кернеулерді есептеу	128
11.5	Тік бұрышты байланыстырылатын бөлшектер …	128
11.5.1	Шектеулер……..	128
11.5.2	Алдын ала есептеу……..	129
11.5.3	Құбырға металлмен дәнекер жіктердің көмегімен дәнекерленген байланыстырылатын бөлшектер үшін кернеуді есептеу	131
11.5.4	Құбырға бұрыштық жіктің немесе ішінара металлмен дәнекер жіктің көмегімен дәнекерленген байланыстырылатын бөлшектер үшін кернеуді есептеу……	132
11.6	Негізгі құбыр үшін кернеулерді есептеу …….....	132
11.7	Қосылудағы кернеулерді есептеу ……..	133
11.7.1	Дөңгелек көлденең қима……..……	133
11.7.2	Тік бұрышты көлденең қима..... ……	134
11.8	Есептеудің балама әдістері……	134
12	Кернеулерді талдау және шақтама критерийлері... …..	134
12.1	Негізге алынатын шарттар …….....	134
12.1.1	Жалпы ережелер……	134
12.1.2	Жүктеме деңгейлері..... …….....	134
12.1.3	Рұқсат етілетін кернеулер ..…… …….....	135
12.2	Құбырлардың серпімділігі ……..	136
12.2.1	Жалпы ережелер…….....	136
12.2.2	Негізге алынатын шарттар ……...	137
12.2.3	Жылжулардың салдарынан пайда болған ұзартулар…….....	137

12.2.4	Жылжудан пайда болған кернеулер	138
12.2.5	Кернеудің азаюы	139
12.2.6	Суық жағдайда алдын ала созу	139
12.2.7	Серпімділігін талдауға арналған параметрлер.....	140
12.2.8	Тіреу жағдайы.....	141
12.2.9	Компенсаторлар.....	142
12.2.10	Серпімділікті талдау.....	142
12.3	Серпімділікті талдау.....	145
12.3.1	Жалпы ережелер.....	145
12.3.2	Тұрақты қолданылатын жүктеме кернеуі.....	146
12.3.3	Уақытша қолданылатын немесе кездейсоқ жүктемеден туындаған кернеулер.....	146
12.3.4	Жылу кеңейтуі және айнымалы жүктеме кезінде кернеу тербелісінің шегі.....	147
12.3.5	Қажау беріктігі саласындағы қосымша шарттар	148
12.3.6	Құбыр аспасының бір реттік жылжу себебінен туындайтын кернеу	148
12.3.7	Нәтижелі кезеңдерді анықтау.....	149
12.3.8	Реакциялар...	151
12.4	Қажауды талдау.....	151
12.5	Діріл	151
13	Тіреулер.....	151
13.1	Жалпы талаптар	151
13.1.1	Кіріспе	151
13.1.2	Тіреулерді жіктеу	152
13.1.3	Қосымша терминдер мен анықтамалар	152
13.1.4	Бөлу.....	153
13.1.5	Дәнекерлеу тіреулері.....	155
13.2	Материалға қойылатын талаптар.....	156
13.3	Есептеу.....	157
13.3.1	Жалпы ережелер.....	157
13.3.2	Тіректердің құрылымдық бөлшектеріне арналған есептік температурасы	158
13.3.3	Бөлшектердің орналасуы.....	160
13.3.4	Деформация.	161
13.3.5	Тіректердің орнласуы.....	161
13.3.6	Құрамалы бөлшектердің параметрлерін белгілеу.....	161
13.4	Қосылыстар	162
13.4.1	Дәнекерленген қосылыстар.....	162
13.4.2	Бұрандамалы қосылыстар.....	163
13.5	Ерекше құрамалы бөлшектерді есептеуде қойылатын талаптар....	163
13.5.1	Тіркелген аспалар мен тіректер.....	163

13.5.2 Серіппелі аспалар 164
13.5.3 Топсалы тіректер 166
13.5.4 Түрткі мен соққының тежеуіштері..... 173
13.5.5 Айнымалы тіректер..... 167
13.5.6 Анкерлі бекітулер 168
13.6 Тіректер бойынша құжаттама..... 168
13.7 Тіректерді таңбалау..... 168
А қосымшасы (ақпараттық) Динамикалық талдау..... 169
В қосымшасы (міндетті) Құбырлардың иілгендіктерінің және бұрыллуларының жөнделген есебі..... 183
С қосымшасы (ақпараттық) Компенсаторлар 192
D қосымшасы (міндетті) Ернемектер..... 207
Е қосымшасы (міндетті) Құбырдың қосымша құрылғыларына арналған тармақтануын жобалау..... 242
F қосымшасы (ақпараттық) Жүктілікті қолданумен құбырдың жұмыс істеу кезінде сынақ жүргізу 247
G қосымшасы (ақпараттық) Болаттардың физикалық қасиеттері 249
Н қосымшасы (міндетті) Серпімділік, серпімділік пен кернеуді арттыру коэффициенті, сонымен қоса құбырдың қосынды бөлшектері мен геометриялық бір текті еместердің қарсы тұру жағдайы..... 256
І қосымшасы (ақпараттық) Серіппе тіректер мен соққы өшіргіш (амортизаторлар) өндірістік сынақ 266
J қосымшасы (міндетті) Тірек түйіндерінің үлгілерін тексеру..... 271
К қосымшасы (ақпараттық) Негізгі құрастырушыға тірек бекіту..... 273
L қосымшасы (ақпараттық) Өзекше тәрізді тіректердің бүгілу..... 275
М қосымшасы (ақпараттық) Салмақ түсетін элементтерді жобалауға арналған жетекшілік..... 279
N қосымшасы (міндетті) Тіректерге арналған құжаттама..... 283
О қосымшасы (міндетті) Бұрылыстарды тексерудің баламалы тәсілі.... 285
Р қосымшасы (ақпараттық) Бұрандамалардың ернемекті қосылысы — EN 1591 қолдану..... 342
Q қосымшасы (ақпараттық) Жеңілдетілген құбыр кернеуінің анализы... 402
Y қосымшасы (ақпараттық) EN 13480-3 тарихы..... 417
ZA қосымшасы (ақпараттық) EN 13480-3 талаптары, Еуропалық Одақ Директивасының негізін салуышы талаптарымен немесе басқа ережелерімен сәйкестігі 418
Библиография..... 420
Д.А.қосымшасы (ақпараттық)..... 423

Кіріспе

EN 13480 өнеркәсіптік металл құбыржолдар жөніндегі еуропалық стандарт мынадай сегіз өзара байланысқан және бөлінбейтін бөліктерден тұрады:

- *1-бөлім: Жалпы ережелер;*
- *2-бөлім: Материалдар;*
- *3-бөлім: Сызбалар және есептеулер;*
- *4-бөлім: Өндіріс және қондырғы;*
- *5-бөлім: Сексеру және сынау;*
- *6-бөлім: Жерасты құбырларына қойылатын қосымша талаптар;*
- CEN/TR 13480-7, *Сәйкестігін бағалау процедураларын қолдану жөніндегі нұсқау.*
- *8-бөлім: Алюминийден және алюминий қортпларынан жасалған құбырларға қойылатын қосымша талаптар.*

Дегенмен осы бөлімдер жекелеп қолжетімді, олар озара тәуелді болып табылатынын ескеру қажет.

Осы құжат EN 13480-3:2002+A1:2005+A2:2006+A3:2009+A4:2010+A5:2012 стандартын өзгертеді және ауыстырады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Металл өнеркәсіптік құбырлар
3-бөлім
ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ

Енгізілген күні 2015-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт құбырларды, соның ішінде тіректерді және аспаларды, жобалауға және есептеуге, сонымен қатар өнеркәсіпке арналған металл құбырлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік құжаттар қажет. Күні қойылған сілтемелерге сілтемелік құжаттың тек белгіленген басылымын, ал күні қойылмаған сілтемелерге сілтемелік құжаттың соңғы басылымы (барлық өзгертулермен) қолданылады.

EN 287-1:2004+A2:2006 Qualification test of welders — Fusion welding — Part 1: Steels (Дәнекерлеушілердің біліктілігі – Балқыту арқылы дәнекерлеу– 1-бөлім: Болат)

EN 1515-2:2001 Flanges and their joints — Bolting — Part 2: Combination of flange and bolting materials for steel flanges PN designated (Ернемектер және олардың қосылыстары – Бұрандамалық қосылыстар– 2-бөлім: PN белгіленуі бар болат ернемектер үшін бұрандамалық қосылыстардың материалдарын классификациялау)

EN 1515-3:2005 Flanges and their joints — Bolting — Part 3: Classification of bolt materials for steel flanges, Class designated (Ернемектер және олардың қосылыстары – Бұрандамалық қосылыстар – 3-бөлім: Бұрандамалар үшін материалдарды классификациялау. Кластың белгіленуі)

EN 1515-4:2010 Flanges and their joints — Bolting — Part 4: Selection of bolting for equipment subject to the Pressure Equipment Directive 97/23/EC (Ернемектер және олардың қосылыстары – Бұрандамалық қосылыстар – 4-бөлім: 97/23/ЕС қысып тығыздайтын жабдықтың нұсқаудың субъектісі болып табылатын жабдықтар үшін бұрандамалық қосылыстарды таңдау)

EN 1591-1:2001+A1:2009+AC:2011 Flanges and their joints — Design rules for gasketed circular flange connections — Part 1: Calculation method (Ернемектер және олардың қосылыстары – Тығыздалған дөңгелек ернемектердің қосылыстарын есептеудің ережелері – 1-бөлім: Есептеу әдісі)

EN 1591-2:2008 Flanges and their joints — Design rules for gasketed circular flange connections — Part 2: Gasket parameters (Ернемектер және олардың қосылыстары – Тығыздалған дөңгелек ернемектердің қосылыстарын есептеудің ережелері – 2-бөлім: Төсемелердің параметрлері)

EN 1993 (all parts) Eurocode 3: Design of steel structures (барлық бөлімдері), Еурокод 3: Болат құрылымдарды жобалау)

EN 10204:2004 Metallic products — Types of inspection documents (Металл бұйымдар – Бақылау үшін құжаттардың типтері. Электр техникалық сөздік. 212-бөлім. Оқшаулағыш құрғақ заттар, сұйықтықтар және газдар)

EN 12953-3:2002 Shell boilers — Part 3: Design and calculation for pressure parts (Қызу құбырлы қазандар – 3-бөлім: Қысым астында жұмыс істейтін бөлшектерді жобалау және есептеу)

EN 13445-3:2009 Unfired pressure vessels — Part 3: Design (Қысым астында жұмыс жасау үшін балқымайтын қазандар – 3-бөлім: Құрылым)

EN 13480-1:2012 Metallic industrial piping — Part 1: General (Металл өнеркәсіптік құбырлар – 1-бөлім: Жалпы ережелер)

EN 13480-2:2012 Metallic industrial piping — Part 3: Design and calculation (Металл өнеркәсіптік құбырлар – 2-бөлім: Материалдар)

EN 13480-4:2012 Metallic industrial piping — Part 4: Fabrication and installation (Металл өнеркәсіптік құбырлар – 4-бөлім: Өндіру және орнату)

EN 13480-5:2012 Metallic industrial piping — Part 5: Inspection and testing (Металл өнеркәсіптік құбырлар – 5-бөлім: Тексеру және сынау)

EN ISO 15614-1:2004 Specification and qualification of welding procedures for metallic materials — Welding procedure test — Part 1: Arc and gas welding of steels and arc welding of nickel and nickel alloys (ISO 15614-1:2004) (Металл материалдарды дәнекерлеудің технологиясының біліктілігіне қойылатын техникалық талаптар – Дәнекерлеу процесін бақылау – 1-бөлім: Болатты доғалық және газдық дәнекерлеу және никель мен никель қорытпаларын доғалық дәнекерлеу (ISO 15614-1:2004))

EN ISO 5817:2007 Welding — Fusion-welded joints in steel, nickel, titanium and their alloys (beam welding excluded) — Quality levels for imperfections (ISO 5817:2003, corrected version:2005, including Technical Corrigendum 1:2006) (Дәнекерлеу – Болатты, никельді, титанды және олардың қорытпаларын балқыту арқылы дәнекерлеу кезіндегі жапсарлы жіктер (сәулелік дәнекерлеуден басқа) – Жіктің ақауларына байланысты сапаның деңгейлері (ISO 5817:2003, түзетілген нұсқау: 2005, 1:2006 Техникалық түзетуін қоса)

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш және ағымдағы жылда жарияланған ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген)

құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер, анықтамалар, белгіленулер және бірліктер

3.1 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта EN 13480-1 сәйкес сәйкесінше анықтамалары бар терминдер қолданылады.

3.2 Шартты белгіленулер және өлшем бірліктер

Осы стандартта қолданылатын шартты белгіленулер және өлшем бірліктер 3.2-1-кестеде және EN 13480-1 стандартында көрсетілген.

Арнайы шартты белгіленулер сәйкес бөлімшелерде көрсетілген.

3.2-1-кесте – Шартты белгіленулер және өлшем бірліктер

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
PS^a	максималды рұқсат етілетін	Бар
R, r^b	радиустар	мм
$R_{eH}\ t$	есептік температура бөлме температурасынан жоғары болған кезде аққыштықтың жоғарғы шегінің белгіленген минималды мәні	МПа (N/мм^2)
S_1	100 000 сағ кейін созылу кезінде аққыштық шегінің 1%-ның орта мәні	МПа (N/мм^2)
S_2	200 000 сағ кейін созылу кезінде аққыштық шегінің 1%-ның орта мәні	МПа (N/мм^2)
$S_{R\,T\,t}$	есептік температура t және қарастырылатын қызмет мерізімінде T (сағат) материал үшін стандарт бойынша ұзақ беріктіктің шегінің орта мәні, шашылу орта мәннен 20% артық ауытқуы рұқсат етілмейді	МПа (N/мм^2)
TS	максималды рұқсат етілетін температура	°C
Z	құбыр қимасының кедергісінің орны	мм^3
c_0	коррозия мен эрозияға жону қорысы (4.3-1-суретті қараңыз)	мм
c_1	материалға стандарттан теріс қол жетімділіктің абсолюттік мәні (4.3-1-суретті қараңыз)	мм
c_2	өндіру кезінде қабырғаның қалыңдығының ықтимал кішіреюінің рұқсат етілетін мәні (4.3-1-суретті қараңыз)	мм
e_a	беріктікке сынау үшін байланыстырушы бөлшектің қабырғасының белгіленген қалыңдығы (4.3-1-суретті қараңыз)	мм

3.2-1-кесте *(жалғасы)*

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
e_n	сызба бойынша қабырғаның номиналды қалыңдығы (4.3-1-суретті қараңыз)	мм
e_{ord}	қабырғаның белгіленген қалыңдығы (4.3-1-суретті қараңыз)	мм
e_r	қол жетімділігі және жону қорысы бар қабырғаның қажетті қалыңдығы (4.3-1-суретті қараңыз)	мм
f	есептік кернеу (5-бөлімді қараңыз)	МПа (N/мм^2)
f_{CR}	ұзақ беріктік диапазонындағы есептік кернеу	МПа (N/мм^2)
f_f	иілгіштікті талдау үшін есептік кернеу	МПа (N/мм^2)
p_c	есептік қысым (4.2.3.4 қараңыз)	МПа (N/мм^2)
p_o	жұмыс қысымы (4.2.3.1 қараңыз)	МПа (N/мм^2)
t_c	есептік температура (4.2.3.5 қараңыз)	°С
t_o	жұмыс температура (4.2.3.2 қараңыз)	°С
Z	дәнекерленген жіктің беріктік коэффициенті (4.5 қараңыз)	-
ε	белгіленген қалыңдықтың негізіндегі қабырға қалыңдығының жону қорысы (4.3-1-суретті қараңыз)	мм

[a] Есептеулер үшін барлық қысымдар МПа (N/мм^2), ал *PS* – барларда берілген.
[b] Келесі шартты белгіленулерді қолданады:
i - ішкі
m - орта
o - сыртқы

4 Есептеудің негізін салушы ережелер

4.1 Жалпы ережелер

Осы стандартта белгіленген құбырларды есептеудің ережелері өндіру, сынау және қолдану шарттары үшін, сонымен қатар, қысымды алдын ала жіберу мен салқын түрде керу, жуу және тазарту үшін қолданады.

Қолданылатын материалдарға, геометриялық сипаттамаларға, әсер етуші жүктемелерге, тоқтап қалудың түрлеріне байланысты байланыстырушы бөлшектердің әр түрі үшін есептеудің сәйкес ережелерін қолданады.

ЕСКЕРТПЕ Егер осы стандарт есептеу ережелерін белгілемесе, құрастырушыға есептеудің көпшілік қабылдаған ережелерін немесе таңдалған өлшемдерді және қабырға қалыңдығының мәндерін негіздеу үшін эксперименттік әдістерді қолдану жөн.

Осы стандартта материалдардың берік қасиеттері және, құбырдың кейбір элементтері оларға ие болса, пластикалық қасиеттеріне сүйенетін есептеудің әдістері қолданылады.

Үлкен диаметрлі құбырлар үшін қысым астында жұмыс істейтін ыдыстарды әзірлеу бойынша саланың әзірлеу және монтаж әдістерін қолданса, 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №2157 «Қысым астында жұмыс істейтін жабдықтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін қолданады.

Сонымен қатар, жалпы құрылым арқалық иілу теориясымен жеткілікті түрде сипаттала алса, EN 13480 (1-5 бөлімдері) сәйкес талаптар әрекет етеді.

Уақытша салынған құбырлар үшін, мысалы, негізгі құбырды жууға, тазартуға және үрлеуге арналған, есептік шарттарда номиналды кернеуді қолдану қажет.

4.2 Жүктемелер

4.2.1 Жалпы ережелер

Қолдану кезінде құбырлар түрлі жүктемелер мен олардың тіркестеріне ұшырайды:

- ішкі және/немесе атмосфералық қысым;
- температура;
- құбырдың және тасымалданатын заттың салмағы;
- климаттық жүктемелер;
- жердің және ғимараттардың шөгуі;
- тербелістер;
- жер сілкіністері.

1-ЕСКЕРТПЕ Бұл тізім толық емес.
2-ЕСКЕРТПЕ Бұл жүктемелерге түсіндірулер 4.2.3 және 4.2.4 көрсетілген.

4.2.2 Жүктемелердің тіркестері

Жүктемелер және 4.2.5.1 – 4.2.5.4 көрсетілген олардың ықтимал тіркестері құбырларды, тіректерді және аспаларды жобалау кезінде ескерілуі қажет. Пайда болуы екіталай жүктемелердің тіркестері, олардың пайда болуының ықтималдығы және құбырдың герметикалығының болмау ықтималдығы зерттелген зерттеулердің нәтижелеріне көңіл аударылса, ескерілмеуі мүмкін.

Құбырда қысым және температурадан тұратын жүктемелердің бірден артығы пайда болса, осы тіркестерге есептелген қабырғалардың ең үлкен қалыңдығы қолданылады.

4.2.3 Өлшемдерді анықтаған кезде ескерілетін жүктемелер

4.2.3.1 Жұмыс қысымы

Жұмыс қысымы, p_0, осы құбыр жүйесі үшін белгіленген максималды рұқсат етілетін қысымнан, PS, төмен болуы қажет.

4.2.3.2 Жұмыс температурасы

Жұмыс температурасы, t_0, осы құбыр жүйесі үшін белгіленген максималды рұқсат етілетін температурадан, TS, төмен болуы қажет.

4.2.3.3 «Қысым - температура» жүктемелерінің тіркесі

Ұзақ уақыт ішінде пайда болатын құбырдағы максималды жүктемелерді ескеретін қысымнан p_0 және температурадан t_0 тұратын жүктемелердің өзара байланысқан жүктемесін қарастырған жөн.

Бірдей жағдайдағы құбыр үшін мерзімді пайда болатын максималды жүктемелер 10-бөлім бойынша есептелуі қажет.

Осы тіркестердің себебі болытан жағдайлар сәйкес 24 сағаттық жұмыс фазасынан 10% ұзақ созылмаса, қысым және/немесе температураның осындай тіркесі үшін есептелген кернеу максималды рұқсат етілген кернеуден 10% артық болуы мүмкін.

4.2.3.4 Есеп қысымы

Есеп қысымы, p_c, 4.2.3.3 белгіленген температура-қысым (p_0, t_0) жағдайы үшін анықталуы қажет.

Есеп қысымы, p_c, сәйкес жұмыс қысымынан, p_0, төмен болмауы қажет. Қабырғаның ең үлкен қалыңдығы үшін температура-қысым (p_0, t_0) жағдайы келесі минималды шарттармен қарастырылуы қажет:

1) 4.2.3.5 белгіленген сәйкес t_c бар $p_c = p_0 = PS$;

2) $p_c = p_0$ сәйкес $t_0 = TS$ үшін 4.2.3.5 белгіленген t_c

ЕСКЕРТПЕ Есептеуді тек $p_0 = PS$ және $t_0 = TS$ жағдайында жүргізу қажет.

Егер есеп температурасы t_c рұқсат етілетін кернеуді анықтау үшін уақыт факторы маңызды болып табылатын диапазонда болса, есеп қысымы жұмыс температурасындағы (t_0) жұмыс қысымына (p_0) тең деп алынуы қажет.

4.2.3.5 Есеп температурасы

Есеп температурасы t_c – бұл есеп қысымында p_c және мәні төмен сипатталғандай анықталған қолданудың қалыпты шарттарындағы құбыр қалыңдығының ортасындағы максималды болжалды температура. Температуралардың диапазонын есептеген кезде желдің әсерінен жылу жоғалмайтынын ескеру қажет.

а) Сыртқы оқшауланууы және ішкі қапталуы жоқ құбырдың байланыстырушы бөлшектерінің есеп температурасы келесідей анықталады:

1) тасымалданатын заттың температурасы 40°С төмен болған кезде байланыстырушы бөлшек үшін есеп температурасы тасымалданатын заттың температурасына тең болады;

2) ынақ кезінде немесе жылуды беруді есептеген кезде қабырғалардың одан төмен орта температурасы анықталмаса, тасымалданатын заттың температурасы 40°С тең және одан жоғары болған кезде, оқшауланууы жоқ байланыстырушы бөлшектердің есеп температурасы 40°С төмен бола алмайды және келесі мәндерден аса алмайды:

i) қабырғаларының қалыңдығы құбырлар қабырғаларының қалыңдығымен шамалас клапандар, құбырлар, түптер, дәнекерленетін фитингтер және басқа байланыстырушы бөлшектер үшін тасымалданатын заттың температурасының 95%;

ii) ернемектер үшін (айқассалынды байланысқан ернемектерден басқа), құбырлардың ернемектерін, фитингтерді және клапанарды қоса, тасымалданатын заттың температурасының 90%;

iii) айқассалынды байланысқан ернемектер үшін тасымалданатын заттың температурасының 85%;

iv) бұрандалы қосылыстар үшін тасымалданатын заттың температурасының 80%.

b) Өлшеуге негізделетін есептер, сынақтар немесе зерттеулер температураның басқа мәнінің қолданылуын растамаса, сыртқы оқшауланууы бар құбырлардың байланыстырушы бөлшектерінің есеп температурасы тасымалданатын заттың температурасына тең болады. Құбыр жылудың бөлек қайнар көздерімен немесе қосарланған қаптамамен жылытылса немесе салқындатылса, байланыстырушы бөлшектер үшін есеп температураларын белгілеген кезде, оларды ескеру қажет;

c) Құбырдың қапталған байланыстырушы бөлшектерінің есеп температурасын жылу беруді есептеудің немесе тасымалданатын заттың температурасының қаптау сипаттамаларына әсер етуді сынаудың нәтижелеріне негізделіп белгілейді.

ЕСКЕРТПЕ Қаптау, сондай-ақ, оқшаулау үшін қолданыла алады.

d) Қабырғаның есеп қалыңдығы қажу беріктігінің мәндерінен (4.2.5.2.1 және 12.3.3 қараңыз) анықталса, жұмыс қысымының p_0 және жұмыс температурасының t_0 мәндері осы есептеуде қолданылатын мәндерден асуы мүмкін.

4.2.4 Басқа ескерілетін жүктемелер

4.2.4.1 Құбырдың және тасымалданатын заттың салмағы

Жобалау кезінде құбырға әсер ететін ауырлық күшімен шарттастырылған жүктемелерді ескеру қажет. Оларға К ним относится масса:

- құбырдың, фитингтердің, клапандардың және оқшаулаудың салмағы;
- тасымалданатын заттың салмағы;
- сынақ сұйықтығының салмағы жатады.

4.2.4.2 Климаттық жүктемелер

Құбырларды ашық кеңістікте салған кезде климаттық жүктемелерді ескеру қажет. Максималды жүктемелерді нақты жергілікті жағдайларды және олардың құбырған әсерін ескеріп белгілеу қажет.

4.2.4.3 Тасымалданатын заттан түсетін динамикалық жүктемелер

Құбырды есептеген кезде зақымдануға әкелетін тасымалданатын заттан түсетін динамикалық жүктемелерді жою қажет. Бұл мүмкін болмаса, бұл жүктемелерді ескеру қажет. Динамикалық жүктемелер тікелей тасымалдану процесімен немесе тапсырыс берушінің бөлшектерін және жабдықтарын пайдаланумен себептелсе, олардың мөлшері тапсырыс беру кезінде техникалық құжаттамада көрсетіледі.

Сақтық клапанының іске қосылуынан пайда болатын құбырларға түсетін жүктемелерді ескеру қажет. Егер сақтық клапандары құбырдың монтажын жүргізетін кәсіпорнымен емес жеткізілсе, тапсырыс беруші жүктемелердің шамаларын және әрекеттің бағытын белгілеуі қажет.

Тасымалданатын заттардан түсетін динамикалық жүктемелердің әсерін бағалауды талдау А қосымшасында берілген.

4.2.4.4 Жердің және ғимараттардың шөгуі

Егер құбырдың қызмет ету мерзімі кезінде жердің және ғимараттардың шөгуі болжалса, жобалау кезінде қолданылатын мәндер тапсырыс беру кезінде техникалық құжаттамада көрсетілуі қажет.

4.2.4.5 Тербелістер

Құбырларды тербелістерден, мысалы, соққыдан, қысымның өзгеруі, қысым астында жұмыс істейтін бөлшектердегі резонанстар, жео жүктемелері, пайда болатын өте күшті және зақымдануға әкелетін жүктемелерді болдыртпайтындай жобалау және тіректерге орналастыру жөн.

Егер қолдану кезінде тербелістер пайда болу мүмкіндігі болса, құбырды салған кезде 13-бөлімде көрсетілген тіреулерді, амортизаторларды, тіректерді, аспаларды, анкерлі бекітулерді қолдану жөн. Бұл жеткіліксіз болса, тербелісті арнайы сараптау арқылы құбырдың шамадан артық жүктелмегенін растау қажет.

ЕСКЕРТПЕ Тербелісті сараптаудың жазбаша түрдегі расталуы қажет етілмейді.

4.2.4.6 Жер сілкіністері

Егер құбыр сейсмикалық жүктемелерге төзімді болуы қажет болса, техникалық құжаттамада ескерілетін сейсмикалық жүктемелердің ерекшеліктері бойынша нақты мәліметтер берілуі қажет.

ЕСКЕРТПЕ Сейсмикалық жүктемелерді бағалауды талдау А қосымшасында берілген.

4.2.5 Есептеу шартары

4.2.5.1 Қолданудың қалыпты шарттары

4.2.5.1 Қолданудың қалыпты шарттары – ұдайы өнімділік кезіндегі жұмыстың қалыптасқан режимдері және қалыпты жұмыс жүктемелері кезінде пайда болатын уақытша режимдер. Толық жүктеме мен ішінара жүктеме шарттарын, сондай-ақ, іске қосу шарттарын олармен байланысты қолданысқа енгізу, басқару және тоқтату процестерімен бірге зерттеу жөн.

Қолданудың қалыпты шарттарында құбырды есептеу үшін келесі жағдайларды ескеру қажет:

- ішкі және (немесе) атмосфералық қысым, ол орын алса, тасымалданатын заттың статикалық қысымын қоса;
- құбырдың салмағы, ішінде орналасқан монтаж бөлшектерін және қосымша қосылған құрылғыларды қоса;
- оқшаулаудың салмағы;
- тасымалданатын заттың салмағы;
- жылулық кеңею;
- тіреу шарттары;
- серіппелі және жылжымайтын аспалар мен тіректердің қалпы;
- анкерлі тіректердің және жабдықтың қосылған бөлшектерінің жылжуы және бұралуы;
- салқын күйде алдын ала созу;
- ғимараттардың шөгуі.

4.2.5.2 Жұмыстың пайда болатын уақытша режимдері

4.2.5.2.1 Жалпы жүктемелер

Жұмыстың пайда болатын уақытша режимдері – қолданудың қалыпты шарттарындағы жағдайлар, мысалы, сақтандырғыш клапанының әрекет етуінің салдарлары, турбинаның жүктемесін түсіру, сораптың тоқтауы немесе ілмекті клапандардың ашылуы және жабылуы.

Уақытша режимдер пайда болған кезде 4.2.5.1 көрсетілген жүктемелерге қосымша келесі жүктемелерді ескеру қажет:

- сақтандырғыш клапандарының іске қосылуы;
- динамикалық соққы жүктемелері (мысалы, будың соққысы, гидравликалық соққы);
- құю реакциялары;
- қолданудың қалыпты шарттарынан ерекшеленетін температуралар;
- амортизаторлардың әсері;
- серіппелі және жылжымайтын тіректердің әсері;
- ықтимал қалыпты климаттық әсерлер, мысалы, нақты жергілікті жағдайларға сәйкес қар және жел жүктемелері;
- сейсмикалық жүктемелер.

4.2.5.2.2 Тазалау кезіндегі жүктемелер

Тазарту жағдайлары үшін құбырды есептеген кезде тұрақты, динамикалық және кинематикалық шектік мәндерді ескереді.

Келесі жағдайларды ескеру қажет:

- ішкі қысым;
- құбырдың салмағы, ішінде орналасқан монтаж бөлшектерін және қосымша қосылған құрылғыларды қоса;
- оқшаулау салмағы;
- тазартқыш сұйықтықтың салмағы;
- тазарту температурасындағы жылулық кеңею;
- тіреу жағдайлары (уақытша тіреуді қоса);
- шектелген және деблокталған серіппелі және жылжымайтын тіректер; тіректердің анкерлі бекітулерінің және қосылған бөлшектердің жылжуы және бұралуы; салқын күйде деформациялану.

4.2.5.2.3 Жуу кезіндегі жүктемелер

Жуу жағдайлары үшін құбырды есептегенде барлық тұрақты және динамикалық шектік мәндерді ескеру қажет.

Келесі жағдайлар ескерілуі тиіс:

- құбырдың өзгертілген геометриясы;
- құбырдың салмағы, ішінде орналасқан монтаж бөлшектерін және қосымша қосылған құрылғыларды қоса;
- жуу қысымы;
- тіреу жағдайлары (уақытша тіреуді қоса);
- шектелген және деблокталған серіппелі және жылжымайтын тіректер;
- тіректердің анкерлі бекітулерінің және қосылған бөлшектердің жылжуы және бұралуы;
- алдын ала созылу;
- шығаберістегі жүктемелер.

4.2.5.3 Қолданудың төтенше шарттары

Қолданудың төтенше шарттарына жүктемелердің сирек пайда болатын жағдайлары жатады:

- ықтимал төтенше климаттық әсерлер, мысалы, жергілікті жағдайларға сәйкес емес ерекше жоғары қар және жел жүктемелері;
- сейсмикалық жүктемелер (қауіпсіз жер сілкіністері).

4.2.5.4 Сынақ жағдайлары

Сынақ жағдайлары үшін құбырды есептеген кезде барлық тұрақты, динамикалық және кинематикалық шектік мәндерді ескереді.

Барлық төменгі жүктемелер ескерілуі жөн:

- ішкі қысым (сынақ қысымы және арын);
- құбырдың салмағы, ішінде орналасқан монтаж бөлшектерін және қосымша қосылған құрылғыларды қоса;
- (толық немесе ішінара) оқшаулаудың салмағы;
- сынық сұйықтығының салмағы;
- жылулық кеңею;
- тіреу жағдайлары (уақытша тіреуді қоса);

- шектелген және деблокталған серіппелі және жылжымайтын тіректер; тіректердің анкерлі бекітулерінің және қосылған бөлшектердің жылжуы және бұралуы;
- алдын ала созылу.

4.3 Қабырғалардың қалыңдығы

Құбырлар мен фитингтер үшін қабырғалардың минималды қалыңдығын әзірлеу тәсілін ескеріп анықтау жөн.

Коррозия құбырлардың ішінде немесе сыртында пайда болуы мүмкін («коррозия» термині, сондай-ақ, эрозияны қамтиды).

Әр жағдайда тапсырыс беруші коррозия мен эрозияға әдіптің мәнін c_0 көрсетуі тиіс (коррозия болмаса, бұл мән нөлге тең бола алады) немесе бұл мән шарттасатын тараптар арасында келісім бойынша қабырғалармен жанасатын тасымалданатын заттардың түрін, температурасын, арын жалдыамдығын және т.с.с. ескеріп белгіленеді.

Қабырғалардың барлық қалыңдықтары, коррозия мен эрозияға әдіптің мәні c_0, шақтама c_i және қабырға қалыңдығының кішіреюі c_2 4.3-1-суретте көрсетілген.



e – осы стандарт бойынша есептеу көмегімен белгіленген әдіп пен шақтама мәндері жоқ, қысымға төзімді қабырғалардың қажетті минималды қалыңдығы;

c_0 – коррозия мен эрозияға әдіп мәні;

c_1 – материалдардың сәйкес стандарттарынан алынған немесе құбырларды әзірлеушімен белгіленген теріс шақтаманың абсолюттік мәні;

c_2 – әзірлеу кезінде қабырға қалыңдығының ықтимал кішіреюінің шақтамасы (мысалы, иілу, бұранданы кесу, ойықтарды ұштау және т.с.с. себептермен);

e_r – қабырғалардың қажетті минималды қалыңдығы, әдіп пен шақтама мәндерін қоса;

ε - белгіленген қалыңдық e_{ord} негізінде қабырға қалыңдығының әдіп мәні;

e_{ord} – қабырғаның белгіленген қалыңдығы (сонымен қатар, c_2 жиі 0 тең, мысалы, тік құбырларда);

e_n – қабырғалардың номиналды қалыңдығы (сызбалар бойынша);

e_a – беріктікке сынау үшін байланыстырушы бөлшектің қабырғаларының белгіленген қалыңдығы.

4.3-1-сурет – Қабырғалардың қалыңдығы (тік құбырлар мен құбырлардың иілген жерлері үшін)

Қабырғалардың белгіленген қалыңдығы e_a – коррозия мен эрозияға әдіп мәнін санамағанда, қабырғалардың минималды қалыңдығы келесідей есептеледі:

$$e_a = e + \varepsilon \qquad (4.3\text{-}1)$$

немесе

$$e_a = e_{ord} - c_0 - c_1 - c_2 \qquad (4.3\text{-}2)$$

Байланыстырушы бөлшек (құбыр немесе фитинг) қабырғаларының белгіленген қалыңдығының минималды мәні e_{ord} келесідей есептеледі:

егер шақтама мәні c_1 ұзындық бірліктерімен берілсе:

$$e_{ord} \geq e + c_0 + c_1 + c_2 \qquad (4.3\text{-}3)$$

егер шақтама мәні c_1 қабырғалардың белгіленген қалыңдығының e_{ord} пайыздық үлесі x ретінде берілсе:

$$e_{ord} \geq (e + c_0 + c_2)100/(100 - x) \qquad (4.3\text{-}4)$$

4.4 Шақтамалар

Есептеулерде номиналды өлшемдер қолданылып, қабырға қалыңдығының шақтамалары ескерілуі қажет.

4.5 Дәнекерленген жіктің беріктігінің коэффициенті

Құбырдың айналасында орналаспаған бір немесе бірнеше жапсарлы жігі бар байланыстырушы бөлшектердің қабырғаларының қалыңдығын есептеген кезде келесі мәндерден аспайтын жапсарлы жіктің беріктігінің коэффициентін z қолданған жөн:

- бақылаудың бұзатын немесе бұзбайтын әдістеріне ұшыраған және айтарлықтай ақаулары жоқ байланыстырушы бөлшектер үшін: 1;
- ішінара үлгілер бұзатын бақылауға ұшыраған байланыстырушы бөлшектер үшін: 0.85;
- тек көзбен шолып бақылауға ұшыраған байланыстырушы бөлшектер үшін: 0.7.

Қолданудың төтенше жағдайларында немесе сына жағдайларында жапсарлы жіктері бар байланыстырушы бөлшектердің беріктігін есептеу үшін жапсарлы жіктің беріктігінің коэффициенті ескерілмейді.

ЕСКЕРТПЕ EN 13480-5:2002 сәйкес (8.3-кесте).

4.6 Қысыммен жүктелген құбырдың байланыстырушы бөлшектерінің өлшемдерін анықтау

6-11-бөлімдерде тұрақты және динамикалық жүктемелер үшін құбырдың байланыстырушы бөлшектерін «Жоспарлаудың ережелері» сипатталған. 6-9 және 11-бөлімдердің талаптары көбінесе тұрақты жүктемелер үшін қолданылады. Тербелістің барлық спектрі бойынша қысым жүктемесінің 1000 циклінде құбырдың қарастырылатын байланыстырушы бөлшегінің қажауы пайда болмайды деп саналады. Егер f мәні 250 N/мм^2 артық аса берік материалдар қолданылса, айнымалы жүктемені 10-бөлім бойынша дәл сараптау қажет.

Айнымалы жүктемесі бар байланыстырушы бөлшектерде (10-бөлімді қараңыз) қарастырылатын байланыстырушы бөлшектің геометриясын

кернеудің жоғары концентрациялары пайда болатын формаларды болдыртпайтындай таңдаған жөн. Егер қысыммен жүктеудің көбірек циклдері ескерілуі қажет болса, 10.3 сипатталған есептеу әдісі қолданылады. Қабырғалардың барлық қалыңдығы бойынша температуралардың айтарлықтай айырмасы мен қысым тербелістерінің тіркесі орын алса, 10.4 сипатталған есептеу әдісі қолданылады. Құбырға байланысу салдарынан қимадағы айтарлықтай өзгерістер пайда болған байланыстырушы бөлшектерді есептеген кезде қажауды сараптауды 12.4 бойынша жүргізеді.

Температура/қысым салыстыруы бар байланыстырушы бөлшектердің, мысалы, ернемектердің және қабырға қалыңдығы стандартты құбырларға сәйкес келетін байланыстырушы бөлшектердің, беріктігі есептелмейді.

5 Рұқсат етілетін кернеу

5.1 Жалпы ережелер

Рұқсат етілетін кернеудің шамасы – уақытқа тәуелсіз аумақтың 5.2 белгіленген және уақытқа тәуелді аумақтың 5.3 белгіленген шамалардың кішісі және есеп және сынақ режимдері үшін анықталуы қажет.

Рұқсат етілетін кернеудің шамалары EN 13480-2 және материалдардың техникалық шарттарында белгіленген материалдың қасиеттерінен анықталады. Әзірлеу және (немесе) жылумен өңдеу процесі одан төмен мәндерге әкелмесе, жобалау кезінде белгіленген минималды мәндер қолданылуы тиіс. Осындай жағдайларда беріктіктің қолданылатын мәндерін шарттасатын тараптар арасында келісім бойынша белгілеген жөн.

Төмен температураларда (яғни, минус 10°С төмен) қолданылатын болаттар үшін рұқсат етілетін кернеу есептік температурада соғу тұтқырлығы үшін EN 13480-2 бойынша мәндермен қоршаған ортаның температурасында анықталуы қажет.

1-ЕСКЕРТПЕ Температураның аралық мәндері үшін сызықтық интерполяция рұқсат етіледі.

2-ЕСКЕРТПЕ Аустенитті емес болаттар үшін 50°С дейін температураларды қоса температуралар үшін қоршаған орта температурасында қабылданған мән қолданыла алады.

3-ЕСКЕРТПЕ Уақытша қолданылатын құбырлар үшін мәліметтер 4.1 көрсетілген.

Бекіту қосылыстарына қойылатын қосымша талаптар 6.6 көрсетілген.

5.2 Уақытқа тәуелсіз рұқсат етілетін кернеу

5.2.1 Аустенитті емес болаттар

5.2.1.1 Есептеу шарттары

Рұқсат етілетін кернеудің шамасын келесі формула бойынша есептеген жөн:

$$f = \min\left\{\frac{R_{ent}}{1,5} \text{ немесе } \frac{R_{p0,2t}}{1,5}; \frac{R_m}{2,4}\right\} \quad (5.2.1\text{-}1)$$

5.2.1.2 Сынақ шарттары

EN 13480-5 бойынша қысыммен сынау жағдайында рұқсат етілетін кернеудің шамасы f_{test} белгіленген сынақ температурасында 95% R_{eH} аспауы қажет.

5.2.2 Аустенитті болаттар

5.2.2.1 есептеу шарттары

Рұқсат етілетін кернеудің шамасы келесі формулаларға сәйкес келуі қажет:

- $A \geq 35\%$ үшін

$$f = \frac{R_{p1,0t}}{1,5} \quad (5.2.2\text{-}1)$$

немесе R_{mt} орын алса, $f = \min\left(\frac{R_{mt}}{3}; \frac{R_{p1,0t}}{1,2}\right)$

- $35\% > A \geq 30\%$ үшін

$$f = \min\left(\frac{R_{p1,0t}}{1,5}; \frac{R_m}{2,4}\right) \quad (5.2.2\text{-}2)$$

- $A < 30\%$ үшін 5.2.1.1 қараңыз.

5.2.2.2 Сынақ шарттары

$A \geq 25\%$ үшін EN 13480-5 бойынша қысыммен сынау жағдайындағы кернеу шамасы келесі екі шаманың үлкенінен аспауы қажет:

- белгіленген сынақ температурасында 95% $R_{p0,1}$;
- белгіленген сынақ температурасында 45% R_m.

$A < 25\%$ үшін 5.2.1.2 қараңыз.

5.2.3 Никельді және/немесе хромды қоспаланған болаттар

Никельді және/немесе хромды қоспаланған болаттар үшін уақытқа тәуелсіз номиналды есептік кернеу бөлме температурасында үзілу кезінде белгіленген минималды ұзаруға тәуелді болады.

5.2.4 Болат құймалары

5.2.4.1 Есептеу шарттары

Есептік кернеу келесіге сәйкес келуі қажет:

$$f = \min\left\{\frac{R_{ent}}{1,9} \text{ немесе } \frac{R_{p0,2t}}{1,9}; \frac{R_m}{3,0}\right\} \quad (5.2.4\text{-}1)$$

5.2.4.2 Сынақ шарттары

EN 13480-5 бойынша қысыммен сынау жағдайында кернеудің шамасы белгіленген сынақ температурасындағы R_{eH} немес $R_{p0,2}$ үшін шамаларды 1,4 тең беріктік коэффициентіне бөлген мәннен аспауы қажет.

5.2.5 Сапаның арнайы бақылауы жүргізілмейтін болаттарға қойылатын қосымша талаптар

5.2.5.1 Жалпы ережелер

Сапаның арнайы бақылауы жүргізілмейтін болаттар – EN 10201 (2.2-тармақ) немесе басқа стандарт бойынша сынақ хаттамасы бар болаттар және олар осы хаттама техникалық шарттарда рұқсат етілген ретінде белгіленсе, қолданыла алады.

5.2.5.2 Есептеу шарттары

5.2.1.1 Көрсетілген рұқсат етілген кернеудің шамасы беріктік қорының қосымша коэффициентіне, кем дегенде, 1,2 бөлінуі қажет.

Қоспаланбаған немесе аз қоспаланған болаттар үшін материал стандарттарында жоғары температурадағы аққыштық шектері үшін мәнде белгіленсе, келесі формуланы қолдануға болады:

$$R_{p0,2} = R_m \frac{720 - t}{1400} \qquad (5.2.5\text{-}1)$$

t үшін 20°C және 150°C арасындағы мән алынады.

5.2.5.3 Сынақ шарттары

Өндіруші EN 13480-5 бойынша қысыммен сынау жағдайында рұқсат етілетін кернеудің шамасы 95 % R_{eH} үшін сынақтың белгіленген температурасында қабылданған шамадан аспауын қамтамасыз етуі тиіс.

5.3 Уақытқа тәуелді рұқсат етілетін кернеу

5.3.1 Жалпы ережелер

Жапсарлы жіктер құбырлардың айналасынан өтпейтін дәнекерленетін құбырлар мен фитингтер үшін ұзақ беріктіктің расталған мәндер белгіленбесе, осы құбырлар мен фитингтер үшін негізгі материалдың ұзақ беріктігінің мәндерін 20% азайтқан жөн. Бұл азайту өлшемдерді анықтау үшін қолданылмайды.

ЕСКЕРТПЕ Егер қабырғалардың қалыңдығы ұзақ беріктік мәндеріне тәуелді болса, қосым материалдардың және дайын дәнекерленген жіктердің ұзақ беріктігіне қосымша сынақтар (мысалы, Ларсон-Миллер формуласы бойынша экстраполяцияның негізінде) жүргізілуі тиіс.

5.3.2 Болаттар

5.3.2.1 Есептеу шарттары

Тұрақты жүктемені есептеу үшін ұзақ беріктік f_{cr} аумағындағы рұқсат етілетін кернеуді келесі формула бойынша есептеген жөн:

$$f_{cr} = \frac{S_{RTt}}{Sf_{cr}} \qquad (5.3.2\text{-}1)$$

Sf_{cr} - 5.3.2-1-кестесі бойынша қызмет ету мерзіміне тәуелді беріктік қорының коэффициенті.

5.3.2-1-кесте – Қызмет ету мерзіміне тәуелді орта ұзақ беріктіктіңфункциялары ретіндегі беріктік қорының коэффициенттері

Уақыт T, сағ	Беріктік қорының коэффициенті, Sf_{cr}
200 000	1,25
150 000	1,35
100 000	1,5

Ескерілген қызмет ету мерзімі белгіленбесе, орта ұзақ беріктік үшін 200 000 сағ үшін қабылданған мәнді қолданған жөн.

Материал стандарттарында ұзақ беріктік мәндері белгіленбеген жағдайларда, 150 000 сағ немесе 100 000 сағ үшін қабылданған ұзақ беріктіктің мәндерін қолданған жөн.

Қызмет ету мерзімі 100 000 сағ кем болып белгіленген жағдайларда келесі әдістердің бірімен әрекет ету қажет:

a) қызмет ету мерзімін бақылау жүйесі болмаған кезде, сәйкес қызмет ету мерзімінде, кем дегенде 10 000 сағ, орта ұзақ беріктікке Sf_{cr} = 1,5 беріктік қорының коэффициентін қолданған жөн;

b) қызмет ету мерзімін бақылау жүйесі бар болса, сәйкес қызмет ету мерзімінде, кем дегенде 10 000 сағ, орта ұзақ беріктікті ескеріп, Sf_{cr} = 1,25 беріктік қорының коэффициентін қолдануға болады.

Аққыштық шегінің 1% (орта мән) аспау қажет.

5.3.2.2 Сынақ шарттары

EN 13480-5 бойынша қысыммен сынау жағдайында кернеудің есептік шамасы сынақтың белгіленген температурасында 95% R_{eH} немесе 95% $R_{p1,0}$ немесе 95% $R_{p0,2}$ сәйкес шамаларынан аспауы қажет.

5.3.3 Никельді, хром-никельді және хромды болаттар

Техникалық шарттарда басқа белгіленулер болмаса, 5.3.2 талаптары қолданылады.

6. Ішкі қысымы бар құбырдың байланыстырушы бөлшектерін есептеу

6.1 Тік құбырлар

Қону жорысы және шақтамалары жоқ тік құбырлар үшін қабырғалардың қажетті минималды қалыңдығы келесідей есептеледі:

- $D_o/D_i \leq 1,7$:

$$e = \frac{p_c D_o}{2fz + p_c} \qquad (6.1\text{-}1)$$

немесе

$$e = \frac{p_c D_i}{2fz - p_c} \qquad (6.1\text{-}2)$$

$D_o/D_i > 1,7$:

$$e = \frac{D_o}{2}\left(1 - \sqrt{\frac{fz - p_c}{fz + p_c}}\right) \quad (6.1\text{-}3)$$

немесе

$$e = \frac{D_i}{2}\left(\sqrt{\frac{fz + p_c}{fz - p_c}} - 1\right) \quad (6.1\text{-}4)$$

ЕСКЕРТПЕ Бұл Лейм (Lame) теңдеуі.

6.2 Құбырлардың иілгендіктері мен бұрылулары

6.2.1 Жалпы ережелер

Құбырлардың бұрылуларының қабырғаларының қалыңдығын есептеу үшін екі әдісті (6.2.3.1 және В қосымшасын қараңыз) қолданады; құбырлардың иілгендіктерінің қабырғаларының қалыңдығын есептеу үшін үш әдісті (6.2.3.1, 6.2.3.2 және В қосымшасын қараңыз) қолданады. Таңдалған әдіс толығымен қолданылуы тиіс.

6.2.3 көрсетілген формулалар тек сопақтығы EN 13480-4 белгіленген шақтамалар шегінде болатын құбырлардың иілгендіктері үшін қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ Көрсетілген есептеу ережелері ішкі қысымдағы құбырлардың иілегендігі мен бұрылыстарында дөңгеленудің ішкі жағында қабырғалырының бірдей қалыңдығы бар тік құбырларға қарағанда жоғарырақ кернеулер пайда болатынын (ал сыртқы жағында төменірек кернеулер) белгілейтін [1] және [2] талаптарын ескереді.

6.2.2 Шартты белгіленулер

6.2 талаптары үшін 3.2-1-кестедегі шартты белгіленулерге қосымша 6.2.2-1-кестеде көрсетілген шартты белгіленулер қолданылады.

6.2.2-1-кесте – 6.2 қолданылатын шартты белгіленулер

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
e_{int}	Дөңгеленудің ішкі жағында құбыр иілгендігінің қону жорысы мен шақтамалары жоқ қажетті минималды қалыңдығы	мм
e_{ext}	Дөңгеленудің сыртқы жағында құбыр иілгендігінің қону жорысы мен шақтамалары жоқ қажетті минималды талап етілетін қалыңдығы	мм
R	Құбырдың иілгендігінің және құбыр бұрылуының радиусы	мм
r	Құбырдың орта радиусы	мм

6.2.3 Қабырғалардың талап етілетін қалыңдығы

6.2.3.1 Стандартты әдіс

Қону жорысы және шақтамалары жоқ қабырғалардың қажетті минималды қалыңдығы келесі формула бойынша есептелуі қажет:

- дөңгеленудің ішкі жағында

$$e_{\text{int}} = e\frac{(R/D_o)-0,25}{(\text{R}/\text{D}_o)-0,5} \qquad (6.2.3\text{-}1)$$

- дөңгеленудің сыртқы жағында

$$e_{\text{ext}} = e\frac{(R/D_o)+0,25}{(\text{R}/\text{D}_o)+0,5} \qquad (6.2.3\text{-}2)$$

e – тік құбыр үшін 6.1 сәйкес есептелген мән.

6.2.3.2 Балама әдіс

Деформациялау әдісімен иілген құбырларда қабырғалардың қалыңдығы, деформациялаудан кейін келесі талаптар расталатындай орындалатын тәсілмен таңдалуы қажет:

a) құбыр иілгендігінің әр нүктесінде (бұрылулардың сыртқы жағын қоса) қабырғалардың минималды қалыңдығы сәйкес тік құбыр үшін мәннен аспауы қажет;

b) рұқсат етілетін кернеу қызмет ету мерзіміне тәуелді болса және дөңгелену радиусы құбырдың алты есе сыртқы диаметрінен кіші болса, дөңгеленудің ішкі жағындағы қабырғалардың қалыңдығы келесі формуламен есептелген мәннен аспауы қажет:

$$e_{\text{int}} = e\frac{2R-r}{2\text{R}-2\text{r}} \qquad (6.2.3\text{-}3)$$

бұл жерде,

$$r = \frac{D_o - e}{2} \qquad (6.2.3\text{-}4)$$

c) рұқсат етілетін кернеу қызмет ету мерзіміне тәуелді болса және дөңгелену радиусы құбырдың үш есе сыртқы диаметрінен кіші болса, дөңгеленудің ішкі жағындағы қабырғалардың қалыңдығы келесі формуламен есептелген мәннен аспауы қажет:

$$e_{\text{int}} = \max\left(e; \frac{e}{1,25}\frac{2R-r}{2R-2r}\right) \qquad (6.2.3\text{-}5)$$

r – (6.2.3-4) теңдеуіне сәйкес есептелген мән.

ЕСКЕРТПЕ Деформациялауға дейін қабырғалардың қалыңдығын анықтаған кезде деформациялаудың әдісі және осы саладағы өтіл ескерілу қажет. 6.2.3-1-кестесінде 6.2.3.2

талабы жүзеге асырылатын құбыр қабырғаларының қалыңдығы үшін болжалды мәндер көрсетілген.

6.2.3-1-кесте – Деформациялауға дейінгі қабырғалардың минималды қалыңдығы

Дөңгелену радиусы	6.2.3.1 бойынша стандартты әдіс	6.2.3.2 бойынша балама әдіс
10 D_o	1,02 e	1,04 e
8 D_o	1,03 e	1,05 e
6 D_o	1,04 e	1,06 e
5 D_o	1,04 e	1,08 e
4 D_o	1,05 e	1,10 e
3 D_o	1,06 e	1,13 e
2,5 D_o	1,07 e	1,16 e
2 D_o	1,10 e	1,20 e
1,5 D_o	1,15 e	1,25 e

6.2.3.3 Дәлірек әдістер

Құбырлардың иілгендіктерінің және бұрылуларының қабырғаларының қалыңдығын есептеу үшін дәлірек әдістер В қосымшасында берілген.

6.3 Секторлы бұрылулар

6.3.1 Жалпы ережелер

Секторлы бұрылуларды (6.3.2-1-суретті қараңыз) сесептеу үшін келесі ережелер тек төменгі талаптар орындалғанда ғана қолданылады:

a) қызмет ету мерзіміне тәуелсіз рұқсат етілетін кернеу

- есептік қысым p_c 20 барға (2,0 МПа) тең немесе одан кем болуы қажет;

b) қызмет ету мерзіміне тәуелді рұқсат етілетін кернеу

- құбырдың орын ауыстырулары компенсаторлармен өтелуі қажет;
- ішкі қысым 4 бармен (0,4 МПа) шектелуі қажет;
- тербеліс спектрдің толық ені бойынша қысыммен жүктеудің цикл саны 100 циклмен шектелуі қажет;
- жоғары температуралардағы айнымалы кернеу ескерілуі қажет.

Орталық бұрышы 22,5° асатын секторлы бұрылулар (6.3.2-1-суретте *a* бұрышын қараңыз) 7000 циклден асатын айнымалы жүктеме кезінде қолданылмауы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Сектордың қимасында 3° дейін орталық бұрышы бар секторлы бұрылулар 6.1 көрсетілген әдіс бойынша есептелуі мүмкін.

6.3.2 Шартты белгіленулер

6.3 талаптары үшін 3.2-1-кестедегі шартты белгіленулерге қосымша 6.3.2-1-кестеде көрсетілген шартты белгіленулер қолданылады.

6.3.2-1-кесте – 6.3 қолданылатын шартты белгіленулер

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
R	Секторлы бұрылудың тиімді радиусы (6.3.2-1-суретті қараңыз)	мм
l_a	Қабырғалардың қалыңдығына e_a байланысты эмпирикалық мән (6.3.3-1-кестені қараңыз)	-
θ	Бұрыш (6.3.2-1-суретті қараңыз)	°
α	Орталық бұрыш (6.3.2-1-суретті қараңыз)	°



ЕСКЕРТПЕ $\alpha = 2\ \theta$

6.3.2-1-сурет – Секторлы бұрулудың сызбалық бейнесі

6.3.3 Секторлы бұрылудың тиімді радиусы

R мәні келесі мәннен төмен болмауы қажет:

$$R = \frac{l_a}{\tan\theta} + \frac{D_0}{2} \qquad (6.3.3\text{-}1)$$

l_a 6.3.3-1-кестесінде көрсетілген.

6.3.3-1-кесте – e_a үшін эмпирикалық мәндер l_a

e_a, мм	l_a, мм
$e_a \leq 13$	25
$13 < e_a < 22$	$2\ e_a$
$e_a \geq 22$	$2/3\ e_a + 30$

6.3.4 Бір көлбеу қимадан артық қималары бар секторлы бұрылулар

Бір көлбеу қимадан артық қималары бар секторлы бұрылулардағы (6.3.2-1-суретті қараңыз) максималды рұқсат етілетін ішкі қысым p_a - (6.3.4-1) және (6.3.4-2) формулалары бойынша есептелген мәндердің кішісі, соның ішінде бұл мән бұрышы θ 22,5° тең немесе одан кіші болатын бұрылулар үшін жарамды болады.

$$p_a = \frac{2fze_a}{D_m}\left(\frac{e_a}{e_a + 0,643\tan\Theta\sqrt{0,5D_m e_a}}\right) \qquad (6.3.4\text{-}1)$$

$$p_a = \frac{2fze_a}{D_m}\left(\frac{R - 0,5D_m}{R - 0,25D_m}\right) \qquad (6.3.4\text{-}2)$$

6.3.5 Бір көлбеу қимасы бар секторлы бұрылулар

Бір көлбеу қимасы бар секторлы бұрылу – бұл тек бір көлбеу қимасы бар секторлы бұрылу. Бір көлбеу қимасы және 22,5° дейін бұрышы Θ бар секторлы бұрылулардағы максималды рұқсат етілетін ішкі қысым p_a 6.3.4 бойынша есептеледі.

Бір көлбеу қимасы және 22,5° асатын бұрышы Θ бар секторлы бұрылулардағы максималды рұқсат етілетін ішкі қысым p_a келесі формула бойынша есептелуі қажет:

$$p_a = \frac{2fze_a}{D_m}\left(\frac{e_a}{e_a + 1,25\tan\Theta\sqrt{0,5D_m e_a}}\right) \qquad (6.3.5\text{-}1)$$

6.3.6 Тік қимасы бар секторлы бұрылуларға жалғасатын құбырлардың секторлары

Бұрылудың ішкі жағында көлбеу қимадан бастап ұзындықтағы қабырғалардың қалыңдығы тұрақты болуы қажет, бұл ұзындық M мәніне (6.3.2-1-суретті қараңыз) ең болып, келесі тәсілмен есептеледі:

$$M = \max\left\{2,5\sqrt{0,5D_m e_a}; \left(R - \frac{D_m}{2}\right)\tan\Theta\right\} \qquad (6.3.6\text{-}1)$$

6.4 Өткелдер

6.4.1 Таралу шарттары

6.4.4–6.4.8 талаптары тік дөңгелек конустар үшін және конус пен цилиндр айналудың бір осінде орналасқан конус/цилиндр қиылыстары үшін берілген. Көлбеу қимасы бар конустар үшін талаптар 6.4.9 белгіленген.

Талаптар:

- конустың төбесінде бұрыштың жартысы 75° асатын конустарға;

- $$\frac{e_a \cos\alpha}{D_c} \le 0,001 \qquad (6.4.1\text{-}1)$$

болатын конустарға;

- сырт жақты қаптамамен байланыстыратын қысқа конустарға таралмайды.

Басқа бөлшектерге дейінгі минималды қашықтықтар үшін шектік мәндер бөлек бөлімдерде берілген.

6.4.2 Қосымша терминдер мен анықтамалар

6.4.2.1 Цилиндр мен конус арасындағы байланыстырушы буын

Қабырғалардың орта қалыңдығымен цилиндрдің және конустың кесінділерінің байланысуы қажеттілік кезінде үлкейеді (6.4.2-1 және 6.4.2-2-суреттерді қараңыз, үлкен диаметрлі ұштар үшін мысалдар).



6.4.2-1-сурет – Белдемесі жоқ конус/цилиндр байланысу жерінің геометриялық формасы – үлкейтілген диаметрлі ұш



6.4.2-2-сурет – Белдемесі бар конус/цилиндр байланысу жерінің геометриялық формасы – үлкейтілген диаметрлі ұш

6.4.3 Арнайы шартты белгіленулер және қысқартылған сөздер

6.4 талаптары үшін 3.2-1-кестедегі шартты белгіленулерге қосымша 6.4.3-1-кестеде көрсетілген шартты белгіленулер қолданылады.

6.4.3-1-кесте – 6.4 қолданылатын шартты белгіленулер

D_c	Конуспен байланысу жеріндегі цилиндрдің орта диаметрі
D_e	Конустың сыртқы диаметрі
D_i	Конустың ішкі диаметрі
D_k	(6.4.4-7) формуласы бойынша есептелген диаметр
D_m	Конустың орта диаметрі
e_{con}	6.4.4 бойынша анықталатын конус қабырғасының талап етілетін қалыңдығы
e_{cyl}	6.1 бойынша анықталатын цилиндр қабырғасының талап етілетін қалыңдығы
e_i	Үлкен диаметрлі конус ұшындағы байланыстағы қабырғаның талап етілетін немесе белгіленген қалыңдығы
e_1	Байланыстағы цилиндр қабырғасының талап етілетін қалыңдығы
e_{1a}	Цилиндрдегі күшею қабырғасының белгіленген қалыңдығы
e_2	Байланыстағы конус пен белдеме қабырғасының талап етілетін қалыңдығы
e_{2a}	Конустағы күшею қабырғасының белгіленген қалыңдығы
f	Есептік кернеу. 6.4.6 - 6.4.9 бойынша байланыстарды жобалау үшін бұл бөлек байланыстырушы бөлшектер үшін белгіленген мәндердің ең кішісі
l_1	Цилиндр ұзындығы
l_2	Ұшында үлкен немесе кіші диаметрлі конустың ұзындығы

6.4.3-1-кесте *(жалғасы)*

r_i	Буын радиусы
α	Конус төбесіндегі бұрыштың жартысы (дәреже)
β	6.4.6 белгіленген коэффициент
β_H	6.4.8 белгіленген коэффициент
γ	6.4.7 белгіленген коэффициент
ρ	6.4.7 белгіленген коэффициент
τ	6.4.8 белгіленген коэффициент

6.4.4 Конус қабырғалары

Конустың кез-келген нүктесіндегі қабырғаның қажетті қалыңдығы келесі екі формулалардың бірінің көмегімен есептеледі:

$$e_{con} = \frac{p_c D_i}{2fz - P} \frac{1}{\cos\alpha} \qquad (6.4.4\text{-}1)$$

немесе

$$e_{con} = \frac{p_c D_e}{2fz + P} \frac{1}{\cos\alpha} \qquad (6.4.4\text{-}2)$$

D_i және D_e – қарастырылатын нүктелер.

Осы геометриялық формадағы келесі формула әрекет етеді:

$$PS = \frac{2fze_{con}\cos\alpha}{D_m} \qquad (6.4.4\text{-}3)$$

D_m – қарастырылатын нүкте.

Цилиндрмен байланысқан үлкейтілген диаметрлі конустың ұшы үшін келесі ауыстырулар жүргізілуі мүмкін:

$$D_i = D_k \qquad (6.4.4\text{-}4)$$

$$D_e = D_k + 2e_2\cos\alpha \qquad (6.4.4\text{-}5)$$

$$D_m = (D_i + D_e)/2 \qquad (6.4.4\text{-}6)$$

бұл жерде,

$$D_K = D_c - e_1 - 2r(1-\cos\alpha) - l_2\sin\alpha \qquad (6.4.4\text{-}7)$$

1-ЕСКЕРТПЕ Осы тармақта көрсетілген қалыңдық минималды мән болып табылады. Басқа байланыстырушы бөлшектермен байланысу жерлерінде немесе тіректерде күшейту немесе қысыммен жүктеуден басқа жүктемелерге төзу қажет болса қалыңдық үлкейтілуі қажет.

2-ЕСКЕРТПЕ Жоғарыда көрсетілген формулалар бойынша есептелген қабырға қалыңдығы конустың қарастырылатын нүктесі үшін рұқсат етілетін қабырғаның минималды қалыңдығы болғандықтан, кез-келген нүктеде минималды қалыңдық қамтылса, конустарды түрлі қалыңдықтағы табақтар ретінде әзірлеуге рұқсат етіледі.

6.4.5 Байланысу жерлері – Жалпы ережелер

6.4.6-6.4.8 талаптары бір байланысудан көрші байланысуға дейінгі арақашықтық, мысалы, конус/цилиндр байланысуының немесе ернемектің басқа орны, цилиндрде кем дегенде $2l_1$, ал конуста $2l_2$ құраса ғана әрекет етеді:

$$l_1 = \sqrt{D_c e_1} \qquad (6.4.5\text{-}1)$$

$$l_2 = \sqrt{\frac{D_c e_2}{\cos\alpha}} \qquad (6.4.5\text{-}2)$$

6.4.6 Белдемесіз цилиндр мен конустың табанында үлкейтілген диаметрлі конус арасындағы байланысу орындары

6.4.6.1 Таралу шарттары

6.4.6.2 және 6.4.6.3 талаптары, келесі шарттар орындалса, тек үшіне енеді:

1) Байланыс ішкі және сыртқы беттері бірқалыпты жалғас конусқа немесе цилиндрге жалғасатын, қабырға қалыңдығы бөлек жерлерде кішіреймейтін жапсарлы жікпен жүзеге асырылуы мүмкін.

2) Дәнекерленген жіктің қабырғасының қалыңдығы 1,4 e_j аспайтын жағдайда, дәнекерленген жік радиографиялық немесе ультрадыбыстық әдісті қолданатын 100% бұзбайтын бақылаудан өтуі қажет; басқа жағдайларда атқарудың сәйкес категориясы үшін қалыпты ережелерді қолдану қажет.

6.4.6.2 Есептеу

Цилиндрдің қажетті қалыңдығы (e_1) e_{cyl} немесе e_j мәндерінің үлкеніне тең болады, соның ішінде e_j мәнін келесідей есептеу қажет:

$$\beta = \frac{1}{3}\sqrt{\frac{D_c}{e_j}} \cdot \frac{\tan\alpha}{1+1/\sqrt{\cos\alpha}} - 0{,}15 \qquad (6.4.6\text{-}1)$$

$$e_j = \frac{p_c D_c \beta}{2f} \qquad (6.4.6\text{-}2)$$

(6.4.6-2) формуласы бойынша есептелген мән (6.4.6-1) формуласында қолданылатын мәннен кем емес болған жағдайда ғана нәтиже жарамды болып табылады. β, сондай-ақ, 6.4.6-1-суретіндегі бағандардан есептелуі мүмкін.

Қабырғаның бұл қалыңдығы байланысу жерінен 1,4 l_1 кем емес қашықтықта сақталуы қажет.



6.4.6-1-сурет – Конустың және белдемесі жоқ цилиндрдің байланысу жері үшін β коэффициентінің мәндері

Байланысу жеріндегі конус қабырғасының қажетті қалыңдығы (e_2) e_{con} және e_j мәндерінің үлкеніне тең болады. Қабырғаның бұл қалыңдығы байланысу жерінен 1,4 l_2 кем емес қашықтықта сақталуы қажет (6.4.6-1-суретті қараңыз).

Кейін 6.1 және 6.4.3 қабырғаның минималды қалыңдығының талаптары орындалса, күшеюді келесідей қайта бөлу рұқсат етіледі.

Цилиндр металының көлденең қимасының ауданы байланысу жерінен 1,4 l_1 қашықтықта 1,4 $e_1 l_1$ кем емес болса, цилиндр қабырғасының қалыңдығы байланысу жеріне жақын үлкейіп, кейін кішіреюі мүмкін. Конус металының көлденең қимасының ауданы байланысу жерінен 1,4 l_2 қашықтықта 1,4 $e_2 l_2$ кем емес болса, цилиндр қабырғасының қалыңдығы қосымша байланысу жеріне жақын үлкейіп, кейін кішіреюі мүмкін.

6.4.6.3 есептік мәліметтер

Осы геометриядағы максималды рұқсат етілетін қысым келесі формула бойынша есептеледі:

a) цилиндр үшін келесі формуланы қолданған жөн:

$$PS = \frac{2fze_a}{D_c} \qquad (6.4.6\text{-}3)$$

b) конустар үшін (6.4.4-3) формуласын қолданған жөн;

c) цилиндрдің күшейтілген қабырғасының қалыңдығын e_{1a} байланысу жерінде анықтаған жөн;

d) конустың күшейтілген қабырғасының қалыңдығын e_{2a} байланысу жерінде анықтаған жөн;

e) (6.4.4-3) формуласын e_{2a} қалыңдығымен және D_m диаметрімен қолданған жөн;

f) e_j мәнін e_{1a} және e_{2a} мәндерінің кішісі ретінде белгілеу қажет;

g) β мәнін (6.4.6-1) формуласы бойынша есептеген жөн, оның нәтижесінде келесі формуланы аламыз:

$$P_{\max} = \frac{2fe_j}{\beta D_c} \qquad (6.4.6\text{-}4)$$

h) максималды рұқсат етілетін қысым – бұл a), b), e) және g) бойынша анықталған қысымдардың кішісі.

ЕСКЕРТПЕ c) және d) тармақтарындағы күшейтілген қабырғаның қалыңдығын анықтау үшін келесі әдіс қолданылуы мүмкін:

1) e_{1a}, үшін мәнді шамалап (бастапқы мән ретінде байланысу жеріндегі қалыңдық алынуы қажет);

2) келесі формула бойынша есептеу қажет:

$$l_1 = 1{,}4\sqrt{D_c e_{1a}} \qquad (6.4.6\text{-}5)$$

3) l_1 қашықтығы шегінде қалыңдық тұрақты болса, e_{1a} мәні расталған болып саналады;

4) l_1 қашықтығы шегінде қалыңдық тұрақты болмаса, байланысу жерінен l_1 қашықтық шегінде металл ауданын A_1 есептеген жөн;

5) ең дұрыс бағалау мәні келесідей есептеледі:

$$e_{1a} = A_1 / l_1 \qquad (6.4.6\text{-}6)$$

1) тармақта көрсетілгендей, нәтиже e_{1a} мәнінен артық болмаса ғана жарамды болып саналады;

6) Нәтиже жарамсыз болса, 1) тармаққа қайтып келу қажет;

7) e_{2a} мәнін анықтау үшін ұқсас әдісті қолданған жөн:

$$l_2 = 1,4\sqrt{\frac{D_c e_{2a}}{\cos\alpha}} \qquad (6.4.6\text{-}7)$$

6.4.7 Белдемесі бар цилиндр мен конустың табанында үлкейтілген диаметрлі конус арасындағы байланысу орындары

6.4.7.1 Қолдану шарттары

Қолдану шарттарына келесі белгіленулерді орындау жатады:

белдеме – сақина тәріздес және жалғас конус пен цилиндрге бірқалыпты байланысады;

белдеме дөңгеленуінің ішкі радиусы $r_i < 0,3D_C$.

ЕСКЕРТПЕ Осы тармақ белдеме дөңгеленуінің радиусы үшін минималды мәндерді белгілемейді.

6.4.7.2 Есептеу

e_j мәнін келесі әдіспен анықтаған жөн:

e_j үшін мәнді шамалап, келесіні есептеу қажет:

$$\beta = \frac{1}{3}\sqrt{\frac{D_c}{e_j}} \cdot \frac{\tan\alpha}{1+1/\sqrt{\cos\alpha}} - 0,15 \qquad (6.4.7\text{-}1)$$

$$\rho = \frac{0,028 r_i}{\sqrt{D_c e_j}} \frac{\alpha}{1+1/\sqrt{\cos\alpha}} \qquad (6.4.7\text{-}2)$$

$$\gamma = 1 + \frac{\rho}{1,2\left(1+\frac{0,2}{\rho}\right)} \qquad (6.4.7\text{-}3)$$

$$e_j = \frac{p_c D_c \beta}{2 f \gamma} \qquad (6.4.7\text{-}4)$$

(6.4.7-4) формуласы бойынша алынған мән болжалды мәннен кем болмаса, нәтиже жарамды болып саналады.

Байланысу жеріндегі цилиндр қабырғасының қажетті қалыңдығы (e_1) e_{cyl} және e_j үшін мәндердің үлкеніне тең болады.

Қабырғаның бұл қалыңдығы цилиндр бойымен байланысу жерінен $1,4l$ кем емес қашықтықта және белдемеден/жалғас цилиндрден $0,5l_2$ дейін қашықтықта сақталуы қажет.

Байланысу жеріндегі белдеме мен конус қабырғасының қажетті қалыңдығы (e_2) e_{con} және e_j үшін мәндердің үлкеніне тең болады. Қабырғаның бұл қалыңдығы конус бойымен байланысу жерінен $1{,}4l_2$ кем емес қашықтықта және белдемеден/жалғас цилиндрден $0{,}7l_2$ дейін қашықтықта сақталуы қажет.

6.4.7.3 Есептеу мәліметтері

Осы геометрия кезіндегі максималды рұқсат етілетін қысым келесідей есептеледі:

a) белдеменің қасындағы цилиндр қалыңдығын e_{1a} және белдеме қалыңдығын e_{2a} және конустың жалғас бөлігінің қалыңдығын анықтаған жөн;

b) 6.7.1 шектеулері сақталғанын тексеру қажет.

c) цилиндрлер үшін $e_a = e_{1a}$ тең болатын (6.4.6-3) формуланы қолданған жөн;

d) конустар үшін $e_{con} = e_{2a}$ тең болатын (6.4.4-3) формуланы қолданған жөн;

e) e_j мәні үшін e_{1a} және e_{2a} мәндерінің кішісін алады;

f) β және γ мәндерін (6.4.7-1) және (6.4.7-3) формулалары бойынша есептейді, сонда

$$PS = \frac{2f\gamma e_j}{\beta D_c} \qquad (6.4.7\text{-}5)$$

g) максималды рұқсат етілетін қысым c), d) немесе f) бойынша анықталған қысымдардың кішісі болып табылады.

6.4.8 Цилиндр мен конустың табанында кіші диаметрлі конус арасындағы байланысу орындары

6.4.8.1 Қолдану шарттары

6.4.8.2 және 6.4.8.3 талаптары, келесі шарттар орындалса ғана, күшіне енеді:

a) цилидрдің қажетті қалыңдығы e_1 байланысы орнынан l_1 қашықтықта орналасып, ал конустың қажетті қалыңдығы e_2 байланысу орнынан l_2 қашықтықта орналасуы қажет (6.4.8-1-суретті қараңыз); және

b) қалыңдықтар 6.1 және 6.4.4 талаптарына сәйкес келеді.



6.4.8.1-1-сурет – Кішірейтілген диаметрлі табаны бар конус/цилиндр байланысу орнының геометриялық формасы

6.4.8.2 Есептеу

e_1 және e_2 қажетті қалыңдықтар келесі әдіспен анықталады. e_1 және e_2 сәйкес мәндерін шамалап, келесіні есептейді:

$$s = \frac{e_2}{e_1} \tag{6.4.8-1}$$

егер s < 1 болса,

$$\tau = s\sqrt{\frac{s}{\cos\alpha} + \sqrt{\frac{1+s^2}{2}}} \tag{6.4.8-2}$$

егер s ≥ 1 болса,

$$\tau = 1 + \sqrt{s\left\{\frac{1+s^2}{2\cos\alpha}\right\}} \tag{6.4.8-3}$$

$$\beta_H = 0,4\sqrt{\frac{D_c}{e_1}}\frac{\tan\alpha}{\tau} + 0,5 \tag{6.4.8-4}$$

егер

$$p_c \le \frac{2fze_1}{D_c\beta_H} \tag{6.4.8-5}$$

болса, e_1 және e_2 нәтижелері жарамды болып саналады.

ЕСКЕРТПЕ Осы әдіспен e_1 және e_2 бір-біріне тәуелді мәндерді есептейді. Мәндер есептеу талаптарын қанағаттандыру үшін еркін таңдала алады, мысалы, l_1 немесе l_2 қажетті мәндерін алу үшін.

6.1 және 6.4.4 талаптары кейін де орындалса, жоғарыда көрсетілген ереже бойынша келесі тәсілмен есептеуді өзгерту рұқсат етіледі:

а) егер $e_1 = e_2$ болса, қабырғасының қалыңдығы тең белдеме қосыла алады. l_1 және l_2 байланысу орнынан өлшейді (яғни, конус пен цилиндр қабырғалары қалыңдығының осьтік сызықтарының қиылысу нүктелері);

b) цилиндр металының көлденең қимасының ауданы байланысу орнынан l_1 қашықтықта $l_1 \cdot e_1$ кем емес болса, цилиндр қабырғасының қалыңдығы байланысу жеріне жақын үлкейіп, кейін жұқаруы мүмкін. Конус металының көлденең қимасының ауданы байланысу орнынан l_2 қашықтықта $1{,}4l_2\, e_2$ кем емес болса, конус қабырғасының қалыңдығы, қосымша, байланысу жеріне жақын үлкейіп, кейін жұқаруы мүмкін.

6.4.8.3 Есептеу мәліметтері

Осы геометриялық форма үшін максималды рұқсат етілетін қысым:

$$PS = \frac{2fze_1}{D_e\beta_H} \qquad (6.4.8\text{-}6)$$

β_H мәнін, e_1 және e_2 мәндерінің орнына e_{1a} және e_{2a} мәндерін пайдаланып, (6.4.8-1) және (6.4.8-4) теңдеулерінен есептейді.

1-ЕСКЕРТПЕ e_{1a} және e_{2a} мәндерін анықтау үшін 6.4.6.3 Ескертпесінде көрсетілген әдісті қолданған жөн.

2-ЕСКЕРТПЕ Қажет болса, l_1 немесе l_2 мәндері үлкеймес үшін, қабырғалардың белгіленген қалыңдығы қабырғалардың қажетті қалыңдығынан асуы мүмкін.

6.4.9 Осьтік сызығы жылжыған өткелдер

Осы тармақтың талаптары Осьтік сызығы жылжыған өткелдерге (6.4.9-1-суретті қараңыз) әрекет етеді. Цилиндрлік бөлшектерде параллельді осьтік сызықтар болуы мүмкін, соынмен қатар, осьтік сызықтар арасындағы жылжу d_{off} олардың радиустарының айырмасынан аспауы қажет. Үлкен диамтерлі табанда байланысу орнындағы қабырғалардың қалыңдығы 6.4.6 немесе 6.4.7 бойынша есептелуі тиіс. Кіші диамтерлі табанда байланысу орнындағы қабырғалардың минималды қалыңдығы 6.4.8 бойынша есептелуі тиіс. Осы мәндердің үлкенін барлық өткел үшін қолданған жөн. α бұрышы үшін конустық және цилиндрлік бөлшек арасындағы ең үлкен бұрыш қолданылады.



6.4.9-1-сурет – Осьтік сызығы жылжыған өткел

6.4.10 Стандарттарда көрсетілмейтін соғылған арнайы өткелдер, мысалы, жоғары температуралар және/немесе жоғары ішкі қысымдар үшін, 6.4.10-1-суретте көрсетілгендей есептелуі қажет, соның ішінде:

$$l_1 \geq \sqrt{\frac{D_1 e_1}{\cos\alpha}} \qquad (6.4.10\text{-}1)$$

$$l_s \geq \sqrt{\frac{D_s e_s}{\cos\alpha}} \qquad (6.4.10\text{-}2)$$

$$r \geq 10 \text{ мм} \qquad (6.4.10\text{-}3)$$

$$r' \geq 100 \text{ мм} \qquad (6.4.10\text{-}4)$$

$$e_r = \max\left\{e_{cyl}; e_j\right\} \qquad (6.4.10\text{-}5)$$

6.1 сәйкес e_{cyl} және (6.4.7-4) теңдеуіне сәйкес e_j.
Бұл екі теңдеу орындалса, қосымша есептеулер қажет болмайды.
Басқаша есептелген өткелдер үшін олардың сәйкестігін растаған жөн.



6.4.10-1-сурет – Арнайы соғылған өткелдер

6.5 Құбырдың иілгіш құрауыштары

6.5.1 Жалпы ережелер

Осы бөлімшенің талаптары, бір жағынан, құбырлардың немесе байланысу орындарындағы және жабдықтардағы салыстырмалы орын ауыстырулар мен жылжуларды жұтуға, екінші жағынан, күшейтулер мен жағдайларды, яғни, құбырлар мен олардың қосылыстарында кернеулерді, азайтуға арналған компенсаторлар мен орамдалған гофрленген шлангтарға әрекет етеді.

Осындай байланыстырушы бөлшектірді өндірушілер олардың лайықты есебіне және өндірілуіне жауапты болады.

6.5.2 Компенсаторлар

Компенсаторлары бар құбырлардың қызмет етуі үлкен дәрежеде барлық байланыстырушы бөлшектердің дұрыс байланысуына тәуелді болады. Бұл құбырды, оның тіректерін және бекіту нүктелерін, сонымен қатар, олардың компенсаторлармен әрекеттесуін толықтай қарастыруды қажет етеді. Компенсаторлар бөлек қолданыстағы бұйымдар ретінде қарастырылмауы тиіс.

Компенсаторларды жобалау және монтаж жүргізу үшін (С қосымшасын қараңыз).

Компенсаторларды есептеу, жобалау және монтаж жүргізу үшін келесі мәліметтер анықталуы қажет:

- компенсатордың типі (осьтік, бұрыштық, бүйір, бойлық немесе әмбебап компенсатор);
- байланыстыратын бөлік (бөлшек, дәнекерленетін ұш, ернемек);
- DN номиналды диаметр немесе байланыстырылатын бөлшектердің өлшемдері (мысалы, құбырдың диаметрі, қабырғалардың қалыңдығы);
- жұмыс немесе есептік қысым;
- жұмыс немесе есептік температура;

- компенсатордың орын ауыстыруы;
- жалпы осьтік орын ауыстыру;
- жалпы бұрыштық орын ауыстыру;
- жалпы бойлық орын ауыстыру;
- алдын ала созылу (шамасы, бағыты);
- жүктеме циклдің саны (орын ауыстыру, қысым);
- тасымалданатын зат (түрі, салыстырмалы салмағы, қосымдар);
- тасымалданатын заттың ағымының жылдамдығы;
- материалға қойылатын талаптар;
- қосымша жүктемелер (4.2.4 қараңыз).

Бөлек орын ауыстырулар өндіруші есептік мәліметтер белгілеген жүктемелердің тіркестері ретінде анықтала алады.

ЕСКЕРТПЕ Металдан жасалған компенсаторлардың гофрларының, олар байланысатын құбырдың байланыстырушы бөлшектеріне қарағанда, қабырғаларының қалыңдығы айтарлықтай жұқа болады. Сондықтан, оларды коррозиялық ортада қолданған кезде сәйкес болжалды әсерлерге төзетін материалдан әзірлеген жөн.

Компенсаторларды өндірушілер жүйелік сараптама үшін сұрау бойынша келесі мәліметтерді ұсынуы тиіс:

- орын ауыстырудың барлық бағыттары бойынша реттеу күшеюінің шамасы;
- айналудың барлық осьтерінің айналасында реттеу жағдайларының шамасы;
- топсаның (мүшеленудің) мойынтіректеріндегі (тіректеріндегі) күшеюлер мен жағдайлар;
- тартылмаған компенсаторлардың осьтік күшеюінің қысымынан пайда болған, бекіту нүктелеріне әсер ететін қысудың осьтік күшеюі.

6.5.3 Гофрленген құбыршектер

Қысымның гофрленген құбыршектері ось бойы созылып, жалғас құбырларға қысу күшеюлерін бермейді.

Осьтік орын ауыстырулар үшін тік құбыршектер қолданылмауы тиіс, осындай орын ауыстырулар бүйір жақтан немесе 90° немесе 180° иілген құбыршектерді (6.5.3-1, 6.5.3-2, 6.5.3-3-суреттерді қараңыз) қолданудың көмегімен жүргізілуі тиіс.



6.5.3-1-сурет



6.5.3-2-сурет



6.5.3-3-сурет

Құбыршектерді есептеу үшін өндіруші келесі мәліметтерді ескеруі тиіс:

- ескерілген қолданыстың сипаттамасы;
- құбыршектің номиналды ішкі диаметрі;
- максималды рұқсат етілетін жұмыс қысымы (ішкі қысым және/немесе атмосфералық қысым);
- орын алса, вакуум;
- қоршаған ортаның температурасы және максималды рұқсат етілетін жұмыс температурасы;
- материалдың техникалық шарттары;
- тасымалданатын зат;
- ықтимал коррозия, эрозия және абразия бойынша;
- тасымалданатын заттың ағымының жылдамдығы;
- орын ауыстырулар және/немесе тербелістер (ықтимал кездесетін бұрауларды қоса);
- ескерілген қызмет ету мерзімі (мысалы, жүктеме цикл саны);
- құбыршек үшін байланыстырылатын бөлшектердің түрі;
- қажет болса, сыртқы және ішкі қорғаныс шаралары;
- жылумен өңдеуге және/немесе тазартуға қойылатын ерекше талаптар;
- жобалауға және қызмет ету мерзіміне әсер ете алатын барлық басқа параметрлер немесе жүктемелер (мысалы, гидравликалық соққы).

Егер орамдалған гофрленген құбыршектер түрлі жағдайларда қолданылса (мысалы, жұмыстың қалыпты режимі кезінде және тазарту кезінде), өндіруші осы жағдайлар үшін барлық маңызды мәліметтерді ескеруі тиіс.

6.6 Бұрандамалардағы ернемекті қосылыстар

6.6.1 Жалпы ережелер

Бұрандамалар орналасқан шеңбердің шектерінен шығатын төсемелері жоқ ернемекті қосылыстарды есептеу үшін келесі ережелерді қолданады:

- еуропалық стандарт бойынша стандартты ернемектер қолданылса және басқа талаптар белгіленбесе, ернемекті таңдауды сәйкес еуропалық стандарт

бойынша температура мен қысымды салыстырудың көмегімен жүзеге асыру қажет;

- жобалау кезінде стандартты емес ернемек үшін EN 1591 көрсетілген есептеу әдісі немесе Тэйлор-Форг әдісіне негізделген алгоритм қолданылуы тиіс.

Ернемекті қосылыстардың герметикалылығына ерекше талап қойылса, есептеу EN 1591 P қосымшасы бойынша жүргізілуі қажет.

Байланыстырылған құбырдан пайда болған жанасу жүктемелер ескерілуі қажет.

Ернемектер, бұрандамалар және сомындар үшін материалдардың классификациясы EN 1515-2 (PN ернемектер) және EN 1515-3 (Ернемектердің классы) стандарттарында белгіленген. Бұрандамалық байланысудың қимасы D қоымшасына немесе P қосымшасына және EN 1515-4 сәйкес келдеі.

6.6.2 Шартты белгіленулер

6.6 талаптары үшін 3.2-1-кестедегі шартты белгіленулерге қосымша 6.6.2-1-кестеде көрсетілген шартты белгіленулер қолданылады.

6.6.2-1-кесте – 6.6 қолданылатын шартты белгіленулер

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
P_{eq}	Эквивалентті есептік қысым	МПа (N/мм^2)
P	Ішкі есептік қысым	МПа (N/мм^2)
F	Тарту осьтік күш (теңдеуде оң мәнге тең болуы қажет)	N
M	Сыртқы иілетін жағдай	N мм
G	Жүктеме астындағы төсеменің диаметрі	мм

6.6.3 Стандартты ернемекті қосылыс

Ернемектің материалы және есептік температура ескерілетін максималды рұқсат етілетін қысымды қамтамасыз ететін материал бойынша белгіленген талаптарға сәйкес келетін стандартты болат ернемекті қосылыс, келесі шарттар орындалса, кедергіні тексеру үшін есептеулерді жүргізу қажеттілігі болмайтын, ішкі қысымы бар құбырдың құрылымында қолданыла алады:

a) әр стандартты қолдану режимі үшін есептік қысым белгіленген максималды рұқсат етілетін қысымның мәнінен артық болмайды;

b) ернемекті қосылыс ішкі қысымның әсеріне, осьтік жүктемеге және иілетін жағдайға ұшырайтын режимдер үшін (6.6.2-1) формуласы бойынша эквивалентті есептік қысым P_{eq} a) тармақшасында белгіленген шектерден артық болмайды.

$$P_{eq} = P + \frac{4F}{\pi G^2} + \frac{16|M|}{\pi G^3} \qquad (6.6.2\text{-}1)$$

G – төсеменің қысу жүктемесі қолданылатын шеңбердің диаметрі (әдетте төсеменің орта диаметрі).

c) әр номиналды қысым PN үшін төсемелердің типтері EN 1514-1 бастап EN 1514-8 дейін белгіленген;

d) әр номиналды қысым PN бойынша ернемекті қосылыс үшін бұрандамалық бекітудің күші EN 1515-1 бастап EN 1515-1-4 дейін белгіленген;

e) ернемектер мен бұрандамалық қосылыс арасындағы температуралардың айырмасы ешбір жағдайда 50°C аспауы қажет;

f) есептік температура ≥ 120°C болса, ернемек материалының температуралық кеңею коэффициенті бұрандама материалының температуралық кеңею коэффициентінен 10% артық болмауы қажет.

6.6.4 Стандартты емес ернемекті қосылыс

Стандартты емес ернемекеті қосылысты пайдаланған кезде жобалау D қосымшасы қолданылған, Тейлор-Форг әдісінде көрсетілген алгоритмді қолданып, EN 1591-1 есептік әдісінің көмегімен жүргізіледі.

1-ЕСКЕРТПЕ Тейлор-Форг әдісін қолданған кезде герметикалық қамтамасыз етілмейді.

2-ЕСКЕРТПЕ EN 1591 көрсетілген алгоритм жанасу жүктемелерін ескереді.

3-ЕСКЕРТПЕ Бұл жағдайларда оның көмегімен бұрандамалар тартылатын тәсілге ерекше назар аудару қажет. EN 1591 стандартында тартудың түрлі тәсілдерінде бұрандамаға күшеюді бөлу үшін болжалды мәндер көрсетілген.

7 Ішкі қысымы бар бітеуіштерді есептеу

7.1 Дөңес бітеуіштер

7.1.1 Шартты белгіленулер

7.1 талаптары үшін 3.2-1-кестедегі шартты белгіленулерге қосымша 7.1.1-1-кестеде көрсетілген шартты белгіленулер қолданылады.

7.1.1-1-кесте – 7.1 қолданылатын шартты белгіленулер

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
E_{kn}	Белдеме қабырғасының қалыңдығы	мм
E_s	Сфералық бөлікте мембранадағы кернеуді шектеу үшін белдеме қабырғасының минималды қалыңдығы	мм
$e_{kn\,y}$	Ағым симметриясының осінің бағыты бойынша белдеме қабырғасының минималды қалыңдығы	мм
$e_{kn\,b}$	Пластикалық дөңестердің бағыты бойынша белдеме қабырғасының минималды қалыңдығы	мм

7.1.1-1-кесте *(жалғасы)*

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
D_0	Бітеуіштің сыртқы диаметрі	мм
D_i	Бітеуіштің ішкі диаметрі	мм
h_i	Эллипстік бітеуіштің ішкі биіктігі	мм
K	Эллипстік бітеуіш формасының коэффициенті	мм
R_i	Торосфералық бітеуіштің ішкі радиусы	мм
r_i	Белдеменің ішкі радиусы	мм
p_s	Сфералық бөлікте мембранадағы кернеуді шектеу үшін бітеуіштің максималды рұқсат етілетін қысымы	МПа ($N/мм^2$)
$p_{kn\,y}$	Ағым симметриясының осінің бағыты бойынша белдеменің максималды рұқсат етілетін қысымы	МПа ($N/мм^2$)
$p_{kn\,b}$	Пластикалық дөңестердің бағыты бойынша белдеменің максималды рұқсат етілетін қысымы	МПа ($N/мм^2$)

7.1.2 Жартылай сфералық бітеуіштер

Жартылай сфералық бітеуіш қабырғасының қажетті минималды қалыңдығы келесі формула бойынша анықталады:

$$e = \frac{p_c D_i}{4fz - p_c} \qquad (7.1.2\text{-}1)$$

7.1.2-1 а) және b) суреттерінде көрсетілген A нүктесінде дейінгі цилиндрлік бөліктің қабырғасының қалыңдығы e_{cyl} 6.1 бойынша есептелген сәйкес құбырдың қабырғасының минималды қалыңдығынан кем болмауы тиіс.



a) Сыртқы ойық

b) Ішкі ойық

7.1.2-1-сурет – Жартылай сфералық бітеуіштер

7.1.3 Торосфералық бітеуіштер

Келесі шарттар бір уақытта орындалған жағдайда ғана осы бөлімшенің талаптары орындала алады:

$r_i \le 0{,}2D_i$

$r_i \ge 0{,}06D_i$

$r_i \ge 2e$

$0{,}001D_i \le e \le 0{,}08D_i$

$R_i \le D_o$

Егер $e < 0{,}003\ D_i$ болса, әдіс тек келесі жағдайлар үшін қолданылуы тиіс:

- көміртекті және аустенитті тот баспайтын болаттан жасалған түптер үшін;
- $t_c \le 100$°C есептік температурасы үшін.

Минималды қажетті қалыңдық e e_s, $e_{kn\,y}$ және $e_{kn\,b}$ мәндерінен ең үлкені болуы қажет, бұл жерде

$$e_s = \frac{p_c R_i}{2fz - 0{,}5p_c} \qquad (7.1.3\text{-}1)$$

$$e_{kny} = \frac{\beta p_c (0{,}75R_i + 0{,}2D_i)}{f} \qquad (7.1.3\text{-}2)$$

сонымен бірге, β мәні 7.1.5 сәйкес есептеледі

$$e_{knb} = (0{,}75R_i + 0{,}2D_i)\left\{\frac{p_c}{111f_b}\left(\frac{D_i}{r_i}\right)^{0{,}825}\right\}^{\frac{1}{1{,}5}} \qquad (7.1.3\text{-}3)$$

f_b – дөңестерге қарсы рұқсат етілетін кернеу:

- салқын пішіндеуге ұшыраған аустенитті тот баспайтын болаттан басқа барлық материалдар үшін келесі тәсілмен есептеледі:

$$f_b = f \qquad (7.1.3\text{-}4)$$

- салқын пішіндеуге ұшыраған аустенитті тот баспайтын болат үшін келесі тәсілмен есептеледі:

$$f_b = 1{,}6f \qquad (7.1.3\text{-}5)$$

ЕСКЕРТПЕ 1,6 коэффициентінің көмегімен материалдың орнығуы ескеріледі.

Осы форма үшін максималды қысым PS келесі тәсілдермен есептелетін p_s, $p_{кп\,y}$ және $P_{кпb}$ мәндерінің кішісі болып табылады:

$$p_S = \frac{2fe_a z}{R_i + 0{,}5e_a} \qquad (7.1.3\text{-}6)$$

$$p_{knv} = \frac{fe_a}{\beta(0,75\mathrm{R}_i + 0,2\mathrm{D}_i)} \qquad (7.1.3\text{-}7)$$

бұл жерде β мәнін 7.1.5 сәйкес есептейді

$$p_{knb} = 111 f_b \left(\frac{e_a}{0,75\mathrm{R}_i + 0,2\mathrm{D}_i} \right)^{1,5} \left(\frac{r_i}{D_i} \right)^{0,825} \qquad (7.1.3\text{-}8)$$

ЕСКЕРТПЕ Егер $e_{kn\ v} > 0{,}005\ D_i$ болса, $e_{kn\ b}$ немесе $p_{kn\ b}$ мәндерін есептеу қажет емес.

Белдемеден шеңбер ұзындығының кесіндісі 7.1.3-1-суретте көрсетілгендей, $\sqrt{R_i e_{kn}}$ кесіндісіне тең немесе одан да үлкен болса, бітеуіштің сфералық бөлігінің қабырғасының қалыңдығын e_s мәніне дейін жұқартуға рұқсат етіледі.



7.1.3-1-сурет – Торосфералық бітеуіштер

Барлық цилиндрлік жиектер 6.1 белгіленген, тік құбырларға қойылатын талаптарға сәйкес келуі қажет, олардың ұзындығы $0{,}2\sqrt{D_i e_{kn}}$ артық болмаса, олардың қабырғаларының қалыңдығы белдеме қабырғасының қалыңдығына тең болуы тиіс.

7.1.4 Эллипстік бітеуіштер

Осы тармақтың талаптары $1{,}7 < K < 2{,}2$ және $z = 1$ мәндері бар бітеуіштерге әрекет етеді, бұл жерде,

$$K = \frac{D_i}{2h_i}$$ (7.1.4-1-суретті қараңыз).



7.1.4-1-сурет – Эллипстік бітеуіштер

Эллипстік бітеуіштер ұқсас торосфералық бітеуіштер сияқты жобаланады, сонымен бірге,

$$r_i = D_i(0,5/\mathrm{K} - 0,08) \qquad (7.1.4\text{-}1)$$

$$\mathrm{R}_i = D_i(0,44\mathrm{K} + 0,02) \qquad (7.1.4\text{-}2)$$

7.1.5 β коэффициентін есептеу

β мәнін келесі теңдеулермен есептеу қажет:

$$Y = \min(\mathrm{e}/\mathrm{R}_i; 0,04) \qquad (7.1.5\text{-}1)$$

$$\mathrm{Z} = \log(1/\mathrm{Y}) \qquad (7.1.5\text{-}2)$$

$$X = r_i / D_i \qquad (7.1.5\text{-}3)$$

$$N = \left(1,006 - \frac{1}{6,2 + (90\,\mathrm{Y})^4}\right) \qquad (7.1.5\text{-}4)$$

$X = 0,06$ үшін

$$\beta = \beta_{0,06} = N(-0,3635\mathrm{Z}^3 + 2,2124\mathrm{Z}^2 - 3,2937Z + 1,8873) \qquad (7.1.5\text{-}5)$$

$0,06 < X < 0,1$ үшін

$$\beta = 25\left[(0,1 - x)\beta_{0,06} + (x - 0,06)\beta_{0,1}\right] \qquad (7.1.5\text{-}6)$$

$X = 0,1$ үшін

$$\beta = \beta_{0,1} = N(-0,1833\mathrm{Z}^3 + 1,0383\mathrm{Z}^2 - 1,2943Z + 0,8370) \qquad (7.1.5\text{-}7)$$

$0,1 < X < 0,2$ үшін

$$\beta = 10\lfloor (0,2 - x)\beta_{0,1} + (x - 0,1)\beta_{0,2} \rfloor \qquad (7.1.5\text{-}8)$$

$X = 0,2$ үшін

$$\beta = \beta_{0,2} = \max\lfloor (0,532 - 1,843Y - 78,375Y^2), (0,5) \rfloor \qquad (7.1.5\text{-}9)$$

ЕСКЕРТПЕ β мәндері 7.1.5-1 және 7.1.5-2-суреттерден таңдалуы мүмкін.



7.1.5-1-сурет – Торосфералық бітеуіштер үшін есептеу



7.1.5-2-сурет – Торосфералық бітеуіштер үшін қысым деңгейлері

7.2 Дөңгелек тегіс бітеуіштер

7.2.1 Жалпы ережелер

Осы бөлімшенің талаптары саңылаулардың күшеюін ескеріп, құбырмен дәнекерленген немесе бұрандалған дөңгелек тегіс бітеуіштерді есептеу үшін қолданады.

7.2.2 Шартты белгіленулер

7.2 талаптары үшін 3.2-1-кестедегі шартты белгіленулерге қосымша 7.2.2-1-кестеде көрсетілген шартты белгіленулер қолданылады.

7.2.2-1-кесте – 7.2 қолданылатын шартты белгіленулер

Шарты белгіле	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
b	Тығыздаушы төсеменің тиімді ені	мм
D	Саңылау диаметрі немесе ұқсас диаметр	мм
d_i	Штуцердің ішкі диаметрі	мм
d_0	Штуцердің сыртқы диаметрі	мм
e	Саңылаусыз бітеуіш қабырғасының қажетті минималды қалыңдығы	мм

7.2.2-1-кесте *(жалғасы)*

Шартты белгіле	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
e_{ab}	Штуцер қабырғасының белгіленген қалыңдығы	мм
e_{rb}	Ішкі қысымы бар штуцер қабырғасының қажетті	мм
e_{op}	Саңылау күшеюі бар бітеуіш қабырғасының қажетті минималды қалыңдығы	мм
e_{af}	Бітеуіш қабырғасының болжалды қалыңдығы	мм
e_{eq}	Бітеуішке жақын цилиндрлік құбыр қабырғасының	мм
e_{rq}	Жүк түсіретін бунағы бар тегіс бітеуіш қабырғасының қажетті минималды қалыңдығы	мм
e_1	Жиек қабырғасының қажетті минималды қалыңдығы	мм
e_A	Тығыздаушы төсемені алдын ала деформациялау үшін	мм
e_p	Қысымның әр деңгейі үшін бітеуіш қабырғасының қажетті минималды қалыңдығы	мм
f_1	Бітеуіш материалының есептік кернеуі	МПа ($N/мм^2$)
f_2	Бітеуіштің цилиндрлік бөлігі үшін қолданылатын материалдың есептік кернеуі	МПа ($N/мм^2$)
f_A	Тығыздауды орнықтыру үшін бітеуіш материалының есептік кернеуі	МПа ($N/мм^2$)
h	Ойық ортасынан құбырдың ішкі диаметріне дейінгі арақашықтық	мм
l	Штуцердің салмақ түсетін ұзындығы	мм
l_{cyl}	7.2.3-1-суретіне сәйкес өлшенген бітеуіштің цилиндрлік бөлігінің ұзындығы	мм
m	Тығыздау коэффициенті	-
r_i	Тегіс бітеуіштің ішкі радиусы	мм
y	Тығыздау қысымы	МПа ($N/мм^2$)
A_r	Штуцер күшеюінің беті	мм

7.2.2-1-кесте *(жалғасы)*

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
D_i	Цилиндрлік қабыршақтың немесе цилиндрлік құбырдың ішкі диаметрі. Ұш жағына жақын	мм
D_{eq}	Тегіс бітеуіштің болжалды диаметрі	мм
D_p	Тығыздаушы төсеменің орта диаметрі	мм
D_t	Саңылау диаметрі	мм
F_A	Тығыздауды орнықтыру жағдайында	N
K	Екі көрші саңылаудың осьтік сызықтары арасындағы арақашықтық	мм
Y_1	Саңылау күшеюінің есептік коэффициенті	-
Y_2	Саңылау күшеюінің басқа есептік коэффициенті	-

7.2.3 Анкерлі бекітумен бекітілмеген, цилиндрлік қабыршақтармен немесе цилиндрлік құбырлармен дәнекерленген тегіс дөңгелек бітуеіштер

7.2.3.1 Жалпы ережелер

Осы тармақтың талаптары құбырдың соңғы жағына дәнекерленген, саңылаулары жоқ, анкерлі бекітумен бекітілмеген тегіс бітеуіштердің қабырғаларының қалыңдығын анықтау үшін қолданылады.

Талаптар келесі бітеуіштерге әрекет етеді:

a) 7.2.3-1-суретте көрсетілгендей цилиндрлік қабыршақпен жапсарлы жікпен дәнекерленген негізі бар тегіс бітеуіштер.

b) 7.2.3-3-суретте көрсетілгендей цилиндрлік қабыршақпен бөлшектеп немесе толықтай бұрыштық жікпен дәнекерленген тегіс бітеуіштер;

c) 7.2.3-5-суретте көрсетілгендей жиек бойынша жүк түсіретін бунағы бар тегіс бітеуіштер.

ЕСКЕРТПЕ 7.2.3 қарастырылатын ақаулардың түрлері – бұл бітеуіштердің ортасындағы шамадан тыс пластикалық деформациялану және бітеуішпен байланысу орнындағы құбырдың үдемелі пластикалық ақауы.

7.2.3.2 Ергенектелген тегіс бітеуіштер

Ергенектелген бітеуіштің қабырғасының қажетті минималды қалыңдығын келесі формула бойынша есептейді:

$$e = C_1 D_{eq} \sqrt{\frac{p_c}{f_1}} \qquad (7.2.3\text{-}1)$$

C_1 – 7.2.3-2-сурет бойынша немесе келесі теңдеу бойынша анықталатын фактор:

$$C_1 = \max\left(0,40825A_1\frac{D_i+e_{eq}}{D_i};0,299\left(1+1,7\frac{e_{eq}}{D_i}\right)\right) \qquad (7.2.3\text{-}2)$$

бұл жерде,

$$A_1 = B_1\left(1-B_1\frac{e_{eq}}{2(D_i+e_{eq})}\right) \qquad (7.2.3\text{-}3)$$

$$B_1 = 1-\frac{3f}{p_c}\left(\frac{e_{eq}}{(D_i+e_{eq})}\right)^2+\frac{3}{16}\left(\frac{D_i}{(D_i+e_{eq})}\right)^4\frac{p_c}{f_1}-\frac{3}{4}\frac{(2D_i+e_{eq})e_{eq}^2}{(D_i+e_{eq})^3} \qquad (7.2.3\text{-}4)$$

Тегіс бітеуіштің ергенектелген жиегін цилиндрлік бөлікпен дөңгелек жапсарлы жікпен дәнекерлеген жөн.

Бұл формула, радиус $r_i > e_{af}$ болса, қолданылады. Барлық басқа жағдайларда ергенектелген бітеуіштер ергенектелмеген бітеуіштер ретінде есептелуі қажет (7.2.3.3 қараңыз).

Қабырғалардың қалыңдықтарының осьтік сызықтары жылжытылуы мүмкін, алайда, жылжыту ішкі немесе сыртқы беттердің осьтілігінің сызықтарының шектерінен шықпауы қажет. Бет максимум 30° бұрышпен қисайтылуы тиіс.

Келесі формула бойынша есептелетін ұзындық бойынша цилиндрлік бөліктің қабырғасының белгіленген қалыңдығы, кем дегенде, e_{eq} мәніне тең болуы тиіс:

$$l_{cyl} = 0,5\sqrt{(D_i+e_{eq})e_{eq}} \qquad (7.2.3\text{-}5)$$

Бітеуішке жақын орналасқан цилиндрлік бөліктің қабырғасының қалыңдығы тұрақты емес болса, ұзындық бойынша қабырғаның ұқсас қалыңдығы 7.2.3-1 b) және 7.2.3-1 c)-суреттерінде көрсетілгендей, кем дегенде, e_{eq} мәніне тең болуы тиіс; соның ішінде $A_i = A_0$ болуы қажет.



7.2.3-1-сурет – Ергенектелген тегіс бітеуіштер



ЕСКЕРТПЕ P/f_{min} тұрақты мәні үшін түзу сызықтың e_s/D_i,C_1 үшін қисық сызықпен қиылысулары P/f_{min} үшін қисық сызығының сол жағында орналасқан жағдайда төменгі қисық сызықтағы қиылысу нүктесін қолданған жөн.

7.2.3-2-сурет –C_1 коэффициенті

7.2.3.3 Ергенектелмеген тегіс бітеуіштер

Осы талапт ергенектелмеген тегіс бітеуіштерге әрекет етеді (7.2.3-3-суретті қараңыз).

1-ЕСКЕРТПЕ Дәнекерленген жіктің нақтылаулары EN 13480-4 белгіленген.

2-ЕСКЕРТПЕ b), c), h) сызбалары үшін бетке перпендикуляр бағыттағы беріктіктің жеткілікті мәндеріне көңіл аудару қажет. Қатпарланудың жоқтығын растау үшін байқау сынақтары қажет.



7.2.3-3-сурет – Ергенектелмеген тегіс бітеуіштердің бұрыштық байланысулары

Ергенектелмеген тегіс бітеуіштердегі қабырғалардың қажетті минималды қалыңдығы келесі формулалар бойынша есептеледі:

- қолданудың қалыпты жағдайларында

$$e = \max\left(C_1 D_i \sqrt{\frac{p_c}{f_1}}; C_2 D_i \sqrt{\frac{p_c}{f_{\min}}} \right) \qquad (7.2.3\text{-}6)$$

- қолданудың экстремалдық жағдайларында немесе сынақ жағдайларында

$$e = C_1 D_i \sqrt{\frac{p_c}{f_1}} \qquad (7.2.3\text{-}7)$$

$f_{min} - f_1$ және f_2 үшін минималды мән;

C_1 – 7.2.3-2-суреті бойынша анықталған f_1 үшін f_{min} мәні бар коэффициент;

C_2 – 7.2.3-4-суреті бойынша анықталған немесе келесі формулалар бойынша есептелген коэффициент:

$$g = \frac{D_i}{D_i + e_{eq}} \qquad (7.2.3\text{-}8)$$

$$H = \sqrt[4]{12(1-\nu^2)}\sqrt{\frac{e_{eq}}{D_i + e_{eq}}} \qquad (7.2.3\text{-}9)$$

$$J = \frac{3 f_{\min}}{p_c} - \frac{D_i^2}{4(\mathrm{D}_i + \mathrm{e}_{eq})\mathrm{e}_{eq}} - 1 \qquad (7.2.3\text{-}10)$$

$$U = \frac{2(2-\nu \mathrm{g})}{\sqrt{3(1-\nu^2)}} \qquad (7.2.3\text{-}11)$$

(7.2.3-12) қолданылмайды

$$A = \left(\frac{3}{4}\frac{UD_i}{e_{eq}} - 2J\right)(1+\nu)\left[1 + (1-\nu)\frac{e_{eq}}{D_i + e_{eq}}\right] \qquad (7.2.3\text{-}13)$$

$$B = \left[\left(\frac{3}{8}\frac{UD_i}{e_{eq}} - J\right)\mathrm{H}^2 - \frac{3}{2}(2-\nu g)\mathrm{g}\right]H \qquad (7.2.3\text{-}14)$$

$$F = (\frac{3}{8}Ug + \frac{3}{16}(2g^2 - g^4)\frac{D_1 + e_{eq}}{e_{eq}} - 2J\frac{e_{eq}}{D_1 + e_{eq}})H^2 - 3(2-\nu g)g\frac{e_{eq}}{D_1 + e_{eq}} \qquad (7.2.3\text{-}15)$$

$$G = \left[\frac{3}{8}(2g^2 - g^4) - 2J(\frac{e_{eq}}{D_i + e_{eq}})^2\right]H \qquad (7.2.3\text{-}16)$$

$$a = \frac{B}{A} \qquad (7.2.3\text{-}17)$$

$$b = \frac{F}{A} \qquad (7.2.3\text{-}18)$$

$$c = \frac{G}{A} \qquad (7.2.3\text{-}19)$$

$$N = \frac{b}{3} - \frac{a^2}{9} \qquad (7.2.3\text{-}20)$$

$$Q = \frac{c}{2} - \frac{ab}{6} + \frac{a^3}{27} \qquad (7.2.3\text{-}21)$$

$$K = \frac{N^3}{Q^2} \tag{7.2.3-22}$$

$$Q \geq 0 : S = \sqrt[3]{Q\left[1 + (1+K)^{\frac{1}{2}}\right]} \tag{7.2.3-23}$$

$$Q \leq 0 : S = -\sqrt[3]{Q\left[1 + (1+K)^{\frac{1}{2}}\right]} \tag{7.2.3-24}$$

7.2.3-6 белгіленген қабырғаның қажетті минималды қалыңдығы қолданудың қалыпты жағдайлары үшін келесі формулалар бойынша есептеледі:

$$e = C_2 D_i \sqrt{\frac{p_c}{f_{\min}}} \tag{7.2.3-25}$$

келесі теңдеумен есептеледі:

$$e = (D_i + e_{eq})\left(\frac{N}{S} - S - \frac{a}{3}\right) \tag{7.2.3-26}$$



7.2.3-4-сурет –C_2 коэффициенті

ЕСКЕРТПЕ e_{eq}/D_i, және p_c / f_1 мәндері 0,30 кем C_2 коэффициентіне әкелсе, (7.2.3-6) формуласының тек бірінші мүшесі жарамды болып табылады.

$r_i < e_{af}$ үшін ұзындық келесі формула бойынша есептеледі:

$$l_{cyl} = \sqrt{\left(D_i + e_{eq}\right) e_{eq}} \qquad (7.2.3\text{-}27)$$

7.2.3.4 Жүк түсіретін бунағы бар тегіс бітеуіштер

Жүк түсіретін бунағы бар тегіс бітеуіштерді қажау беріктігінің аумағында қолдануға рұқсат етілмейді.

Жүк түсіретін бунағы бар тегіс бітеуіштердің қабырғасының қажетті минималды қалыңдығы e (7.2.3-6) және (7.2.3-7) формулалары бойынша анықталады.

$$e_{rg} = \max(ee_q ; e_{eq} \frac{f_2}{f_1}) \qquad (7.2.3\text{-}28)$$

Цилиндрлік бөліктің қабырғасының минималды қалыңдығы e_{eq} 6.1 сәйкес келуі тиіс және есептік кернеу үшін $f = f_{min}(f_1, f_2)$ жарамды болады. Жүк түсіретін бунақтың радиусы r_i, кем дегенде, (0,25 e_{eq},5мм) құрауы тиіс (7.2.3-5-суретті қараңыз).



7.2.3-5-сурет – Сақиналық жүк түсіретін бунағы бар тегіс бітеуіш

7.2.4 Анкерлі бекітумен бекітілмеген, бұрандалған тегіс дөңгелек бітеуіштер

7.2.4.1 Жалпы ережелер

Осы тармақтың талаптары саңылаулары жоқ бұрандалған тегіс дөңгелек бітеуіштердің қабырғаларының қалыңдығын анықтау үшін қолданылады.

Талаптар келесілерге әрекет етеді:

- ішінде тығыздаушы төсемесі бар бітеуіштер (7.2.4-1-суретті қараңыз);
- тығыздаушы төсемеде саңылаулары бар бітеуіштер (7.2.4-2-суретті қараңыз).

Бұл бітеуіштерде қабырғаның тұрақты қалыңдығы болуы мүмкін. Қабырғаның қажетті минималды қалыңдығы тығыздау шегінде барлық бет бойынша сақталуы қажет.

EN 1591-1 бойынша тегіс тығыздаушы беті бар тығыздаушы төсемелер осы тармақта қарастырылмайды.

7.2.4.2 Ішінде тығыздаушы төсемесі бар дөңгелек бітеуіштер

Бітеуіштің қабырғасының қажетті қалыңдығы e келесі тәсілмен есептеледі:

$$e = \max\left(e_A; e_p\right) \qquad (7.2.4\text{-}1)$$

бұл жерде тығыздаудың алдын ала деформациялануы үшін

$$e_A = \sqrt{\frac{\frac{3}{\pi}\left(D_t - D_p\right)F_A}{D_p f_A}} \qquad (7.2.4\text{-}2)$$

F_A келесі теңдеумен анықталады:

$$F_A = \pi b D_p y \qquad (7.2.4\text{-}3)$$

- есептік жағдайлар үшін:

$$e_p = \sqrt{\left\{0,31D_p^2 + 3\left(\frac{D_p}{4} + 2bm\right)(D_t - D_p)\right\}\frac{p_c}{f_1}} \qquad (7.2.4\text{-}4)$$

m және *y* түрлі мәндері 7.2.4-1-кестесінде белгіленген мәліметтерге сәйкес келуі қажет.

Бітеуіш жиегінің қабырғасының қажетті минималды қалыңдығы – бұл әр есептік жағдай үшін (7.2.4-2) немесе (7.2.4-5) формулалары бойынша есептелген мәндердің үлкені:

$$e_1 = \sqrt{3\left(\frac{D_p}{4} + 2bm\right)(D_t - D_p)\frac{p_c}{f_1}} \qquad (7.2.4\text{-}5)$$



a) және b) – шеттері шықпайтын тығыздаушы төсемесі бар бітеуіштер
c) және d) – шеттері шығып тұратын тығыздаушы төсемесі бар бітеуіштер
e) және f) – батушы тығыздаушы төсемесі бар бітеуіштер

7.2.4-1-сурет – Ішінде тығыздау орналасқан, бұрандалған дөңгелеу тегіс бітеуіштер

7.2.4.3 Тығыздаушы төсемеде саңылаулары бар тегіс бітеуіштер

Тығыздаушы төсемеде саңылаулары бар, бұрандалған тегіс бітеуіштер (7.2.4-2-суретті қараңыз) үшін қабырғаның қажетті минималды қалыңдығы келесі формула бойынша есептеледі:

$$e = 0{,}41 D_t \sqrt{\frac{p_c}{f_1}} \qquad (7.2.4\text{-}6)$$



7.2.4-2-сурет – Тығыздаушы төсемеде саңылаулары бар, бұрандалған тегіс бітеуіштер

Бұрандау аумағында қабырғаның қажетті минималды қалыңдықты келесі формула бойынша анықтаған жөн:

$$e_1 = 0{,}8\, e \qquad (7.2.4\text{-}7)$$

7.2.4-1-кесте – Тығыздаудың ұсынбалы коэффициенттері *m* және минималды салыстырмалы қысымның ұсынбалы мәндері *γ*

Тығыздау материалы		Тығыздау коэффициенті *m*	Минималды салыстырмалы қысым γ, N/мм^2	Суреті
Матамен арматураланб а-ған немесе асбест талшығының[a] жоғары мөлшері бар резеңке:	75^0 BS және IRH төмен[b]	0,50	0	
	75^0 BS және IRH және одан да жоғары	1,00	1,4	

7.2.4-1-кесте *(жалғасы)*

Тығыздау материалы		Тығыздау коэффициенті *m*	Минималды салыстырмалы қысым γ, N/мм^2	Суреті
Қолдану жағдайларына жарамды байланыстырушы заты бар асбест[a], қалыңдығы:	3,2 мм 1,6 мм 0,8 мм	2,0 2,75 3,5	11,0 25,5 44,8	
Мақта матамен арматураланған резеңке		1,25	2,8	
Асбест матасымен[a] арматураланған немесе сымдық арматуралауы жоқ резеңке	3 қабатты 2 қабатты 1 қабатты	2,25 2,5 2,75	15,2 20,0 25,5	
Өсімдік талшығынан жасалған тығыздау		1,75	7,6	
Асбест толтырғышы[a] бар серіппелі ораулы металл	Көміртекті болат Тот баспайтын немесе монельсталь	2,50 3,00	Қолдану жарамды болып табылатын үшін	
Асбест қосымшасы[a] бар гофрленген металл немесе асбест толтырғышы[a] бар гофрленген металл	Жұмсақ алюминий Жұмсақ мыс немесе жұмсақ жез Шойын немесе жұмсақ болат Монельсталь немесе хромның 4%-дан 6%-ға дейін мөлшері бар болат Тот баспайтын болат	2,50 2,75 3,00 3,25 3,50	20,0 25,5 31,0 37,9 44,8	

7.2.4-1-кесте *(жалғасы)*

Тығыздау материалы		Тығыздау коэффициенті *m*	Минималды салыстырмалы қысым γ, N/мм^2	Суреті
Жабынуы және асбест толтырғышы [a] бар тегіс металл	Жұмсақ алюминий	3,25	37,9	
	Жұмсақ мыс немесе жұмсақ жез	3,5	44,8	
	Шойын немесе жұмсақ болат	3,75	52,4	
	Монельсталь	3,5	55,1	
	Хромның 4%-дан 6%-ға дейін мөлшері бар болат	3,75	62,0	
	Тот баспайтын болат	3,75	62	
Кедір-бұдырланған металл	Жұмсақ алюминий	2,75	25,5	
	Жұмсақ мыс немесе жұмсақ жез	3,00	31,0	
	Шойын немесе жұмсақ болат	3,25	37,9	
	Монельсталь немесе хромның 4%-дан 6%-ға дейін мөлшері бар болат	3,5	44,8	
	Тот баспайтын болат	3,75	52,4	
Соқа ізі немесе ойықтары бар металл	Жұмсақ алюминий	3,25	37,9	
	Жұмсақ мыс немесе жұмсақ жез	3,5	44,8	
	Шойын немесе жұмсақ болат	3,75	52,4	
	Монельсталь немесе хромның 4%-дан 6%-ға дейін мөлшері бар болат	3,75	62,0	
	Тот баспайтын болат	4,25	69,5	

7.2.4-1-кесте *(жалғасы)*

Тығыздау материалы		Тығыздау коэффициенті *m*	Минималды салыстырмалы қысым γ, N/мм^2	Суреті
Көлемді тегіс металл	Жұмсақ алюминий	4,00	60,6	
	Жұмсақ мыс немесе жұмсақ жез Темір (шойын) немесе жұмсақ болат	4,75 5,5	89,5 124	
	Монельсталь немесе хромның 4%-дан 6%-ға дейін мөлшері бар болат	6,0	150	
	Тот баспайтын болат	6,5	179	
Сақиналық қосылыс	Шойын немесе жұмсақ болат	5,50	124	
	Монельсталь немесе хромның 4%-дан 6%-ға дейін мөлшері бар болат	6,00	150	
	Тот баспайтын болат	6,50	179	
Дөңгелек қималы резеңке сақиналар	75^0 BS кем 75^0 BS және 85^0 BS және одан да артық	0 – 0,25	0,7 1,4	
Тікбұрышты көлденең қимасы бар резеңке тығыздау	75^0 BS және IRH кем 75^0 BS және 85^0 BS және IRH	0 – 0,25	1,0 2,8[c]	
Таврлы қимасы бар резеңке тығыздау	75^0 BS және IRH кем 75^0 BS және 85^0 BS және IRH	0 – 0,25	1,0 2,8	

1-ЕСКЕРТПЕ Құрамында асбест бар тығыздауларды қолдану Еуропалық Одақтың көп елдерінде рұқсат етілмейді.

2-ЕСКЕРТПЕ Алюминий қорытпаларынан жасалған ернемектер үшін тығыздау материалын таңдаған кезде тығыздау материалы мен ернемек материалының салыстырмалы қаттылығы ескертілуі қажет.

[a] Құрамдастырылған талшықтан жасалған жаңа құрамында асбест жоқ тығыздаулар құрамында асбест бар тығыздау материалдарын ауыстыру үшін тікелей материалдар болып табылмайды. Әсіресе, қысымға, температураға және бұрандамаларды тарту күшіне қатысты шектеулерге көңіл аударған жөн. Бұл материалдарды өндірушінің нұсқауларын сақтап қолданған жөн.

[b] BS 903, 26-бөлімді қараңыз.

[c] Есептелген мән.

7.2.5 Анкерлі бекітумен бекітілмеген тегіс бітеуіштердегі саңылауларды күшейту

7.2.5.1 Жалпы ережелер

Осы тармақтың талаптары дәнекерленген бітеуіштерде саңылаулардың диаметрі құбырдың ішкі диматерінен D_i 50% аспаса, бұрандалатын бітеуіштерде тығыздаудың орта диаметрінен 50% аспаса, анкерлі бекітумен бекітілмеген (бұрандамалармен байланыстырылған немесе жалғас құбырмен дәнекерленген) тегіс бітеуіштердегі бір немесе бірнеше саңылауларды күшейткен кезде қолданылады.

Егер олар айналасында орналасқан саңылаудың диаметрі осы саңылауда бұрандалатын стандартты ернемектің бұрғыланған саңылауының максималды диаметрінен артық болмаса және бұрғыланған саңылаудың негізіндегі қабырғаның қалыңдығы e_{bb} бұрандалы бұрандаманың диаметрінің d_{bt}, кем дегенде, 50% құраса, күшейтулер қажет болмас үшін стандартты құбырлы ернемектерді бекітуге арналған бұрандамалардың тұйық бұрандалық саңылаулары жеткілікті берік болуы тиіс (7.2.5-1-суретті қараңыз).



7.2.5-1-сурет – Саңылауы және бұрандалған ернемегі бар тегіс бітеуіш

7.2.5.2 Саңылаулары бар тегіс бітеуіштер

7.2.3-1, 7.2.3-3 және 7.2.3-5-суреттерде көрсетілгендей, құбырмен дәнекерленген тегіс бітеуіштердің қабырғасының қалыңдығы e_{op} келесі тәсілмен есептеледі:

$$e_{op} = \max\left(Y_1 e; C_1 Y_2 D_i \sqrt{\frac{p_c}{f_1}}\right) \quad (7.2.5\text{-}1)$$

7.3.4-1 және 7.2.4-2-суреттерде көрсетілгендей, бұрандамалармен бекітілген бүйір жақтар үшін қабырғаның қалыңдығы e_{op} келесі тәсілмен анықталуы қажет:

$$e_{op} = Y_2 e \quad (7.2.5\text{-}2)$$

Y_1 және Y_2 коэффициенттері келесідей анықталады:

$$Y_1 = \min\left(2; \sqrt[3]{\frac{K}{K-d}}\right) \quad (7.2.5\text{-}3)$$

$$Y_2 = \sqrt{\frac{K}{K-d}} \quad (7.2.5\text{-}4)$$

K – екі көрші саңылаулардың орталықтарының арасындағы арақашықтық (7.2.5-2-суретті қараңыз).

Бір саңылауы бар бітеуіштерде:

(7.2.5-3) формуласы үшін K мәні саңылаудың ортасынан D_i диаметрлі шеңберге дейін екі еселенген арақашықтыққа h тең;

(7.2.5-4) формуласы үшін K мәні D_i диаметрінің мәніне тең.

$d - d < 0$ үшін қолдану ұсынылмайтын және келесі формулалар бойынша анықталатын шамалас диаметр:

- дәнекерленген штуцерлер үшін

$$d = d_i - \frac{2A_r}{e_{op}} \quad (7.2.5\text{-}5)$$

- (7.2.5-4) формуласы үшін K мәні бітеуіштің диаметріне D_i тең

$$d = d_o - \frac{2A_r}{e_{op}} \quad (7.2.5\text{-}6)$$

A_r – 7.2.5-3 немесе 7.2.5-4-суреттердегі күшейту ауданы.

Есептік кернеу шамасы тегіс бітеуішке қарағанда, штуцер үшін төмен болса, A_r ауданын тегіс бітеуіштің есептік кернеуінің штуцердің есептік кернеуіне қатынасына көбейту қажет.

Бұрғыланған саңылаулардың сәйкес жұптарын қарастырған кезде, түрлі диаметрлі екі саңылауы бар тегіс бітеуіштерде Y_1 және Y_2 коэффициенттерін есептеу үшін d үшін екі диаметрдің орта мәнін қолданған жөн.

Егер саңылаулар бітеуіште ретсіз орналасқан болса, Y_1 және Y_2 коэффициенттері ең үлкен болатын саңылаулардың жұбын таңдаған жөн.



7.2.5-2-сурет – Бірнеше саңылауы бар тегіс бітеуіш



7.2.5-3-сурет – Дәнекерлеу штуцерлері үшін күшейту ауданы A_r



7.2.5-4-сурет – Дәнекерленген штуцерлер үшін күшейту ауданы A_r

8 Саңылаулар мен бұрулар

8.1 Жалпы ережелер

Осы бөлімнің талаптары цилиндрлік, конустық және сфералық қабыршақтарға, сонымен қатар, бөлімде белгіленген шақтамалар мен шарттар орындалған жағдайда, дөңгелек, эллипстік немесе сопақ дөңгелетілген саңылаулары бар дөңес бітеуіштерге әрекет етеді.

Осы бөлімде «қабыршақ» терминіне, сондай-ақ, магистралдық және негізгі құбырлар кіреді.

ЕСКЕРТПЕ Есептеудің осы әдісінде ішкі қысымнан пайда болған басқа кернеулер, күшейтулер және/немесе жағдайлар ескерілмейді.

Саңылауларды есептеу үшін балама әдіс О қосымшасында (міндетті) көрсетілген.

Осы жаңа процедура шектік мәндерді талдау мен бейімделгішітікті талдауға негізделіп, қосылыстарды, сонымен қатар, қажет болса, күшейтулерді жобалауға мүмкіндік береді және үлкен саңылаулар үшін қолайлы болып табылады.

Осы әдіс өздігінен бекітілетін қосылыстар үшін, сонымен қатар, күшейткіш төсемелері бар қосылыстар үшін жарамды болып табылады.

Сонымен қатар, осы жобалаудың жаңа әдісі ішкі қысымнан өзгеше, бүгу немесе айналу жағдайлары сияқты жүктемелер бойынша маңызды жайттарды қарастырады.

8.2 Шартты белгіленулер

8-бөлімде 3.2-1-кестедегі шартты белгіленулерге қосымша 8.2-1-кестеде көрсетілген шартты белгіленулер қолданылады.

8.2-1-кесте – 8-бөлімде қолданылатын шартты белгіленулер

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
A_f	Әдіп пен шақтама мәндерсіз қарастырылатын қабырғаның көлденең қимасының тиімді ауданы	мм^2
A_p	Қысым астындағы аудан	мм^2
D	Қабыршақ диаметрі	мм
D_m	Сәйкес жол асты индекспен[a] белгіленген бөлшектің орта диаметрі	мм
L_b	Көрші бұрылулардың орталары арасындағы қашықтық	мм
R	Сфералық немесе эллипстік бітеуіштердің радиусы	мм
d	Бұрылудың немесе жалғас құбырдың диаметрі	мм
d_m	Сәйкес жол асты индекспен[a] белгіленген бөлшектің орта диаметрі	мм

8.2-1-кесте *(жалғасы)*

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
e	Сәйкес жол асты индекспен[a] белгіленген бөлшектің қабырғасының қажетті минималды қалыңдығы	мм
e_a	Сәйкес жол асты индекспен[a] белгіленген бөлшектің қабырғасының белгіленген қалыңдығы	мм
e_{ord}	Сәйкес жол асты индекспен[a] белгіленген бөлшектің қабырғасының берілген қалыңдығы	мм
l	Сәйкес жол асты индекспен[a] белгіленген бөлшектің күшейту ұзындығы	мм
X	Зақымданудың ең жақын орнына дейін минималды арақашықтық	мм
α	Өткел еріткіш бұрышының жартысы	°
φ	Қабыршақтың немесе бітеуіштің перепндикулярына бұрылу осінің көлбею бұрышы	°
ψ	Құбыр осі мен екі көрші бұрылудың орталықтары арқылы өтетін түзу сызық арасындағы бұрыш (8.4.1-1-суретті қараңыз)	°

[3] Келесі индекстер қолданылады:
b - бұрылу;
s – қабыршақ немесе бітеуіш;
pl – күшейткіш шайба;
φ - бұрыш.

8.3 Шектеулер

8.3.1 Қабырғалар қалыңдығының қатынастары

Есептеулерде қолданылатын $e_{a\ b}/e_{a\ s}$ қабырғалар қалыңдығының қатынастары цилиндрлік немесе конустық қабыршақтар үшін 8.3.1-1-суретте белгіленген және сфералық қабыршақтар немесе дөңес бітеуіштер үшін 8.3.1-2-суретте белгіленген d_i/D_i функциялары түріндегі мәндерден артық болмауы тиіс.



1 – тек $f \leq 250$ МПа (N/мм^2) үшін жарамды;
2 – тек $f > 250$ МПа (N/мм^2) үшін жарамды

8.3.1-1-сурет – Цилиндрлік немесе конустық қабыршақтар үшін диаметрлер қатынасының функциясы түріндегі қабырғалар қалыңдығының қатынасының диаграммасы



1 – тек $f \leq 250$ МПа (N/мм^2) үшін жарамды;
2 – тек $f > 250$ МПа (N/мм^2) үшін жарамды.

8.3.1-2-сурет – Сфералық қабыршақтар немесе дөңес бітеуіштер үшін диаметрлер қатынасының функциясы түріндегі қабырғалар қалыңдығының қатынасының диаграммасы

Дөңес (жартылай сфералық, торосфералық және эллипстік) бітеуіштерде, келесі шарттар орындалса, $d_i/D_i > 0,3$ диаметрлердің қатынасы бар, бірақ 0,6 мәнінен аспайтын саңылаулар рұқсат етіледі:

- саңылау 8.4.3 немесе 8.4.4 бойынша күшейтілуі тиіс;
- e_{ab}/e_{as} қабырғалар қалыңдығының қатынасы 8.3.1-2-суретте d_i/D_i функциясы түрінде көрсетілген қатынасқа қарағанда үлкен болуы тиіс.

8.3.2 Байланысу орындарындағы саңылаулар

Осы тармақтың талаптары байланысу орнынан арақашықтығы x, кем дегенде, қабыршақтар мен бітеуіштердің түрлі формалары үшін есептелген келесі мәндерге сәйкес келетін цилиндрлік және конустық қабыршақтар үшін, сонымен қатар, саңылаулары бар эллипстік және торосфералық бітеуіштер үшін әрекет етеді.

а) Цилиндрлік қабыршақтардағы саңылаулар:

- дөңес бітеуіштермен, конустың үлкен табанымен, тегіс бітеуіштермен, компенсаторлармен және ернемектермен байланыстырылған цилиндрлердегі арақашықтық x келесі шартты орындауы тиіс:

$$x \geq \max(0,2l_s;3,0e_{as}) \qquad (8.3.2\text{-}1)$$

- конустың кіші табанымен, жартылай сфералық бітеуіштермен және негізгі бөлікпен осьті емес басқа бөлшектермен байланыстырылған цилиндрлердегі арақашықтық x келесі шартты орындауы тиіс:

$$x \geq l_s \qquad (8.3.2\text{-}2)$$

бұл жерде x 8.3.2-1-суретте көрсетілген.

l_s (8.4.1-2) теңдеуімен белгіленеді.



8.3.2-1-сурет – Цилиндрлік қабыршақтардағы саңылаулар

b) Цилиндрлік қабыршақтармен байланыстырылған конустық қабыршақтардағы саңылауларда x_L және x_s арақашықтықтары, 8.3.2-2-суретте көрсетілгендей, келесі шарттарды орындауы тиіс:

- үлкен табаны үшін:

$$x_L \geq \max\left(0,2\sqrt{\frac{D_{mL}e_{as}}{\cos\alpha}};3,0e_{as}\right) \qquad (8.3.2\text{-}3)$$

- кіші табаны үшін:

$$x_s \geq \max\left(0,2\sqrt{\frac{D_{ms}e_{as}}{\cos\alpha}};3,0e_{as}\right) \qquad (8.3.2\text{-}4)$$

бұл жерде, D_{mL} – үлкен табандағы цилиндрлік қабыршақтың орта диаметрі;

D_{mS} - кіші табандағы цилиндрлік қабыршақтың орта диаметрі.



8.3.2-2-сурет – Конустық қабыршақтардағы саңылаулар

8.3.3 Күшейту әдістері

Бұл 8-бөлімге сәйкес қажет болса, цилиндрлік, конустық және сфералық қабыршақтар, сонымен қатар, саңылаулары бар дөңес бітеуіштер күшейтілуі тиіс. Саңылауды күшейту белгіленген әдістердің бірі бойынша жүргізілуі тиіс:

- саңылаусыз қабыршақпен салыстырғанда қабыршақ қабырғасының қалыңдығын үлкейту (8.3.3-1-суретті қараңыз);
- күшейткіш тілімдерді дәнекерлеу (8.3.3-2-суретті қараңыз);
- бұрылу қабырғасының қалыңдығын үлкейту (8.3.3-3-суретті қараңыз);
- жоғарыда көрсетілген әдістердің тіркесі.

Күшейту саңылаудың немесе бұрылудың осі айналасында бірдей болуы тиіс. Дәнекерлеу немесе дәнекерленген бұрылулар күшейту ретінде қарастырыла алмайды және 8.4.2 сәйкес есептелуі қажет.

8.3.4 Есептеу әдістері

Саңылаулары бар қабыршақтың күшейтілетін ауданының шамасы тікелей есептеле алмайды, ол бірінші кезеңде шақталуы қажет. Бұл шақтама келесі тармақтарда белгіленген әдістің көмегімен расталуы қажет. Әдіс цилиндрлік және сфералық қабыршақтарға немесе жартылай сфералық дөңес бітеуіштерге қойылатын талаптардан шығарылып, қысыммен жүктелген аудан A_p мен кернеумен жүктелген көлденең қима ауданы A_f арасындағы қатынасқа әкеледі. Белгілі жағдайларда есептеу күшейтілетін аумақ үшін түзетілген шақтама негізінде қайталануы тиіс.

8.3.5 Эллипстік саңылаулар мен көлбеу бұрылулар

Бұрылусыз эллипстік немесе сопақ саңылауларда үлкен диаметрдің кіші диаметрге қатынасы 2,0 мәнінен артық болмауы тиіс.

Жобалау үшін цилиндрлік немесе конустық қабыршақтардағы эллипстік немесе сопақ саңылаулардың диаметрлері қабыршақ осіне бағытталған сызықтық кеңею ретінде қолданылуы тиіс, сонымен бірге, сфералық қабыршақтарда және дөңес бітеуіштерде үлкен диаметр қолданылуы тиіс. Цилиндрлік немесе сфералық қабыршықтардағы көлбеу бұрылуларда қабыршақ қабырғасының перпендикуляры мен бұрылу осі арасындағы бұрыш φ 0° және 45° арасында болмауы қажет (8.4.3-3, 8.4.3-4 және 8.4.3-5-суреттерді қараңыз).



a) цилиндрлік қабыршақ b) сфералық қабыршақ

8.3.3-1-сурет – Қабыршақ қабырғасының қалыңдығын үлкейту жолымен күшейту



а) ішіне өткізілген штуцер



b) дәнекерленетін штуцер

ЕСКЕРТПЕ Өтуші штуцерді жобалау кезінде ағым әсерін ескерген жөн.

8.3.3-2-сурет – Күшейткіш тілімдердің көмегімен күшейту



а) дәнекерлеу штуцері



b) дәнекерленетін штуцер



c) ішіне өткізілген штуцер

1-ЕСКЕРТПЕ Қабырға қалыңдығының үлкеюі тармақтың ішкі немесе сыртқы бетінде болуы мүмкін.

2-ЕСКЕРТПЕ Өтуші штуцерді жобалау кезінде ағым әсерін ескерген жөн.

8.3.3-3-сурет – Бұрылудың қабырғасының қалыңдығын үлкейту жолымен күшейту

8.3.6 Күшейткіш тілімдер

Күшейткіш тілімдермен саңылауларды күшейту 8.3.6-1-суретте көрсетілген шарттармен және $d_i/D_i \leq 0,8$ диаметрлердің қатынасымен шектеледі.



8.3.6-1-сурет – Күшейткіш тілімдер үшін қысым мен температура шектері

8.3.7 Қабыршақ пен күшейтудің материалдары

Егер қабыршақ пен күшейту рұқсат етілетін есептік кернеудің түрлі мәндері бар материалдардан жасалса және қабыршақтың есептік кернеуінің мәні төменірек болса, күшейтуді есептеу үшін одан төмен мәнді қолданған жөн.

Күшейту үшін материалды жылулық кеңеюдің бір-бірінен ерекше коэффициенттерінің негізінде температуралық кернеулерді болдырмайтындай таңдаған жөн.

8.3.8 Ұшы кеңейетін бұрылулар

Ұшы кеңейетін бұрылуларды қолдану диаметрлердің келесі қатынастарымен шектеледі:

- аустенитті болаттан басқа барлық материалдар үшін: $d_i/D_i \leq 0,8$;
- аустенитті болат үшін: $d_i/D_i \leq 1,0$.

Экструзия қабырғаларының нақты қалыңдығы белгісіз болса, A_{fs} және A_{fb} облыстары 0,9 коэффициентіне көбейтілуі қажет.

Қажау беріктігінің облысында қолдануды $d_i/D_i \leq 0,7$ диаметрлердің қатынасы бар саңылаулармен шектеп, есептік кернеуді 5-бөлімде белгіленген мәннің 90% дейін азайтқан жөн.

8.3.9 Құбырдың иілгендіктеріндегі бұрылулар

Құбырлық арматурасы бар бұрылулар мен тіректердің байланысуларын жобалауды және есептеуді Е қосымшасы бойынша жүргізген жөн.

Құбырдың иілгендіктеріндегі бұрылуларды қажау беріктігінің облысында қолдануға рұқсат етілмейді.

8.3.10 Бұрандалған штуцерлер

Бұрандалған штуцерлерді қолдану келесі жағдайлармен шектеледі:

- 400°С дейін температуралар;
- 40 барға дейін манометрлік қысым;
- DN 50 номиналды диаметрге дейін қоса штуцердің диаметрі.

Сонымен қатар:

- бұранданың олқылығы рұқсат етілмейді;
- 200°С жоғары есептік температуралар үшін және 16 бардан жоғары есептік қысымдар үшін штуцер тығыз жікпен дәнекерленуі тиіс;
- құбырлар мен бұрандалатын штуцерлер үшін жылулық кеңеюдің тең коэффициенттері бар материалдар қолданылуы тиіс;
- бұрандалатын штуцерлердің дәнекерленуін қамтамасыз ету үшін EN 13480-2 бойынша көміртектің 0,25%-дан төмен мөлшері бар материалдар қолданылуы тиіс;
- бұрандалудың минималды тереңдігі келесі көрсеткіштерді қамту қажет:

DN 20 дейін (қоса) диаметрлер үшін – бұранданың алты қадамы;

DN 20 бастап DN 40 дейін (қоса) диаметрлер үшін - бұранданың жеті қадамы;

DN 40 бастап DN 50 дейін (қоса) диаметрлер үшін – бұранданың сегіз қадамы.

ЕСКЕРТПЕ 1-топтың тасымалданатын заттары үшін құбырларда және тербеліспен жүктелген құбырларда бұрандалған штуцерлерді есептеу және қолдану мұқият бағалануы қажет. Тығыз жікпен дәнекерленген, бұрандалған штуцерлердің өздері абсолютті герметикалық қосылыс болып табылмайды.



(а) таңдау бойынша тығыз жікпен дәнекерлеу

8.3.10-1-сурет – Бұрандалған штуцер

8.4 Бөлек саңылаулар

8.4.1 Жалпы ережелер

Егер қабыршақтың орта диаметрі бойынша өлшенген саңылаулардың немесе бұрылулардың орталықтары арасындағы арақашықтық L_b келесі талапты қанағаттандырса, көрші саңылауларды немесе бұрылуларды бөлек саңылау ретінде қарастыру қажет

$$L_b \geq \frac{d_1}{2} + \frac{d_2}{2} + 2l_s \qquad (8.4.1\text{-}1)$$

d_1 және d_2 мәндері келесіге тең:

- цилиндрлік немесе конустық қабыршақтарда екі саңылаудың L_b сызығы бойымен өлшенген диаметр немесе бұрылудың сыртқы диаметрлерінің және күшейткіш тілімнің қабыршақ қабырғасымен қиылысу нүктелері (8.4.1-1-суретті қараңыз);
- сфералық қабыршақтарда және дөңес бітеуіштерде d_{01} және d_{02} хордаларының үстінде L_b сызығы бойымен қабырға қалыңдығының орталығы бойынша өлшенген бұрылулардың ұзындығы (8.4.1-2-суретті қараңыз).



(A): көлденең бағыт; (B): радиал бағыт

8.4.1-1-сурет – Қабыршақтың осіне ψ бұрышымен жалғасқан бұрылулары бар цилиндрлік қабыршақ



8.4.1-2-сурет – Жалғас бұрылулары бар сфералық қабыршақтың қимасы

Әр саңылау үшін l_s мәні келесі формула бойынша анықталады:

$$l_s = \sqrt{D_{eq} e_{as}} \qquad (8.4.1\text{-}2)$$

D_{eq} – қабыршақ осіне перпендикуляр өлшенген, әр саңылаудың ортасындағы қабыршақтың ұқсас диаметрі, демек:

- цилиндрлік қабыршақтарда

$$D_{eq} = D_i + e_{as} \qquad (8.4.1\text{-}3)$$

немесе

$$D_{eq} = D_o - e_{as} \qquad (8.4.1\text{-}4)$$

- жартылай сфералық, торосфералық немесе эллипстік бітеуіштерде

$$D_{eq} = 2R_i + e_{as} \qquad (8.4.1\text{-}5)$$

ЕСКЕРТПЕ Эллипстік бітеуіштер үшін 7.1.4 қараңыз.

- сфералық қабыршақтарда

$$D_{eq} = \frac{D_m}{\cos\alpha} - e_{as} \qquad (8.4.1\text{-}6)$$

8.3.2-2-суретті қараңыз.

e_{as} – күшейткіш тілімнің қабырғасының қалыңдығын ескермейтін қабыршақтың немесе бітеуіштің қабырғасының белгіленген қалыңдығы.

8.4.2 Күшейтілмеген саңылаулар

Келесі шарт орындалса, күшейту қажет емес болады:

$$d_i \le 0{,}14\sqrt{(D_{eq}e_{as})} \qquad (8.4.2\text{-}1)$$

8.4.3 d_i/D_i< 0,8 диаметрлердің қатынасы бар күшейтілген саңылаулар

а) Қабырға қалыңдығын үлкейту жолымен күшейту

Күшейту қабыршақтың және/немесе бұрылудың қабырғасының қалыңдығын үлкейту жолымен жүргізілуі мүмкін. Қабырғаның үлкейтілген қалыңдығы қабыршақтағы минималды ұзындық l_s пен бұрылудағы ұзындықты l_b қамтуы қажет және 8.3.3-1, 8.3.3-3 және 8.4.3-1-суреттерде көрсетілгендей өлшенеді.

l_s ұзындығын (8.4.1-2) формуласы бойынша есептеген жөн.

l_b және l'_b ұзындықтарын келесі тәсілмен есептейді:

$$l_b = \sqrt{d_{eqb}e_{ab}} \qquad (8.4.3\text{-}1)$$

$$l'_b = 0{,}5\sqrt{d_{eqb}e_{ab}} \qquad (8.4.3\text{-}2)$$

Алайда бұл мән бұрылудың нақты ұзындығынан артық болмауы тиіс.

Сонымен қатар, келесі шарт орындалуы тиіс:

$$\left(f_b - \frac{p_c}{2}\right)A_{fb} + \left(f_s - \frac{p_c}{2}\right)A_{fs} \ge p_c A_p \qquad (8.4.3\text{-}3)$$

A_f – күшейтуге жағдай жасайтын көлденең қиманың ауданы ($A_{fb} + A_{fs}$)

A_p – қысыммен жүктелген аудан.

8.4.3-1 және 8.4.1-2 теңдеулерінен алынған l_b және l_s мәндері күшейтуді есептеу үшін максималды мәндер болып табылады.

Осы есептеу жағдайында бенлгіленген мәндер жиынтықтаушы бұйымда тексерілерді. Орындаудың ұзындығы 8.4.1-2 және 8.4.3-1-теңдеулерінде белгіленген ұзындықтан қысқа болса, ол күшейтуді есептеген кезде ескеріледі.



8.4.3.1-сурет – Бұрылу қабыршағының қабырғасының қалыңдығын үлкейту жолымен күшейту

b) Күшейткіш тілімдердің көмегімен күшейту

Күшейткіш тілімдер қабыршаққа тығыз жанасуы тиіс. l_{pl} күшейткіш тілімнің күшейтуге себептесетін ені l_s мәнінен аспауы тиіс ((8.4.1-2) формуласын және 8.3.3-2 және 8.4.3-2-суреттерді қараңыз)

$$l_{pl} \le l_s \tag{8.4.3-4}$$

A_{fpl} мәнін есептеу үшін (8.4.3-6) және (8.4.3.7) формулаларында қолданылатын e_{apl} мәні қабыршақ қабырғасының қалыңдығынан e_{as} аспауы тиіс:

$$e_{apl} \le e_{as} \tag{8.4.3-5}$$

Сонымен қатар, келесі шарт орындалуы тиіс:

$$\left(f_s - \frac{p_c}{2}\right)\left(A_{fs} + A_{fb} + A_{fpl}\right) \ge p_c A_p \tag{8.4.3-6}$$

A_{fpl} – күшейткіш шайбаның көлденең қимасының ауданы;

A_{fs} – қабыршақтың көлденең қимасының ауданы.

Егер күшейткіш тығырықтың есептік кернеуі *fpl* қабыршақтың есептік кернеуінен *fs* кіші болса, (8.4.3-6) формуласындағы шарттың орнына келесі шарт орындалуы тиіс:

$$\left(f_s - \frac{p_c}{2}\right)A_{fs} + \left(f_b - \frac{p_c}{2}\right) + \left(f_{pl} - \frac{p_c}{2}\right)A_{fpl} \ge p_c A_p \tag{8.4.3-7}$$

ЕСКЕРТПЕ f_s мәнінен артық тармақтың есептік кернеуі f_b немесе күшейткіш төсеменің есептік кернеуі f_{pl} қарастырылмайды.



8.4.3-2-сурет – Цилиндрлік қабыршақты күшейткіш тілімнің көмегімен күшейту

с) Цилиндрлік және конустық қабыршақтардағы көлбеу бұрылулар немесе көлбеу орналастырылған штуцерлер

Осы тармақтың талаптары цилиндрлік немесе конустық қабыршақ қабырғасына перпендикуляр емес орналасқан, саңылау ортасы арқылы жазықтықта қабыршақ сызығына перпендикуляр орналасқан және перпендикулярмен φ бұрышын құрайтын немесе жазықтықта қабыршақ осімен орналасқан және перпендикулярмен φ бұрышын құрайтын штуцерлер мен бұрылулар үшін қолданылады. Радиал емес орналасқан штуцерлер мен бұрылулар үшін күшейту көлденең қима үшін де бойлық бағытта есептелуі тиіс (8.4.3-4-суретті қараңыз).

Есептеу үшін (8.4.3-4) немесе (8.4.3-6) және (8.4.3-7) формулаларын қолданады, оларда қима аудандары үшін A_{ps} и A_{pb} мәндері қолданылып, A_{ps} ауданы келесідей есептеледі:

$$d = \frac{d_i}{\cos\varphi} \qquad (8.4.3\text{-}8)$$

Күшейтуге себептесетін ұзындық ретінде қарастырылатын максималды ұзындық (8.4.1-2) формуласымен есептелуі тиіс.

φ бұрышын 8.4.3-3 немесе 8.4.3-4-суреттерінде көрсетілгендей анықтау қажет: $0° < \omega \leq 45°$.



ЕСКЕРТПЕ Тиімді штуцерді жобалаған кезде ағым әсерін назарға алған жөн.

8.4.3-3-сурет – Цилиндрлік немесе конустық қабыршақтарда көлбеу орналасқан штуцерлерді күшейту



a) Көлденең қима b) X-X қимасы

8.4.3-4-сурет – Цилиндрлік немесе конустық қабыршақтарда радиал емес орналасқан бұрылуларды немесе штуцерлерді күшейту

d) Сфералық қабыршақтардағы немесе күмбез тәрізді бітеуіштердегі көлбеу штуцерлер немесе бұрылулар. Осы тармақтың талаптары осі қабыршақ қабырғасына перпендикуляр емес өтетін және перпендикулярмен φ бұрышын құрайтын, сфералық қабыршақтардағы және күмбез тәрізді бітеуіштердің жартылай сфераларындағы штуцерлер немесе бұрылулар үшін қолданылады. Күшейтуді штуцердің немесе бұрылудың осі және саңылау ортасында қабыршақ қабырғасына перпендикуляр орналасқан кесіндіде есептеген жөн (8.4.3-5-суретті қараңыз).

Күшейтуді A_{ps} және A_{pb} мәндері қолданып, (8.4.3-3), (8.4.3-6) және (8.4.3-7) формулалары бойынша есептеген жөн, сонымен қатар, A_p мәні (8.4.3-8) формуласы бойынша есептеледі.

Қабыршақтың күшеюіне әсер ететін максималды ауданды (8.4.1-2) формуласы бойынша есептеген жөн, штуцердің немесе бұрылудың ұзындығы (8.4.3-1) формуласы бойынша есептеледі.

φ бұрышы 8.4.3-5-суретте көрсетілгендей анықталуы тиіс.



ЕСКЕРТПЕ Өтпелі штуцерді жобалаған кезде ағым әсерін назарға алған жөн.

8.4.3-5-сурет – Сфералық қабыршақтарда және күмбез тәрізді бітеуіштерде көлбеу орналасқан штуцерлерді күшейту

8.4.4 *0,8 < d/D <1,0* дара ойықтарды күшейту

8.4.3 белгіленген формулалар келесі шектеулермен қолданылады, d/D>0,8 үлкен ойықтар материалдың қажау беріктігін есептеу үшін рұқсат етілмейді.

8.5 Жақын орналасқан саңылаулар

8.5.1 Күшейтілмеген саңылаулар

Жақын орналасқан күшейтілмеген саңылаулар, келесі шектеулер сақталса, рұқсат етіледі:

- жақын орналасқан екі саңылаудың орталықтарының арасындағы арақашықтық қабыршақтың ішкі жағында өлшенген олардың ішкі диаметрлерінің жиынтығынан кем болмауы тиіс;

- егер аек саңылаудан артық келесі формула бойынша анықталатын диаметрі D_{ca} болып табылатын шеңбер ауданының шегінде орналасса:

$$D_{ca} = 2,0\sqrt{D_m e_{as}} \qquad (8.5.1\text{-}1)$$

Олардың саңылауларының диаметрлерінің жиынтығы келесі шартты орындауы тиіс:

$$\sum_{1}^{n} d_i \le 0,175\sqrt{D_m e_{as}} \qquad (8.5.1\text{-}2)$$

n – саңылау саны.

8.5.2 d/D ≤ 0,8 күшейтілген саңылаулар

а) Цилиндрлік қабыршақтарда жақын орналасқан саңылауларды күшейту. 8.4.1-1-суреті бойынша цилиндрлік қабыршақтың бойлық осімен φ бұрышын құрайтын, жақын орналасқан саңылаулардың көлденең қимасы, штуцер мен күшейткіш тілімнің есептік кернеулерінің мәндері цилиндрлік немесе конустық қабыршақтың есептік кернеулеріне тең немесе олардан жоғары болса, келесі шартқа сәйкес келуі тиіс:

$$\left(f - \frac{p_c}{2}\right)\left(A_{fs} + A_{fb} + A_{fpl}\right) \ge p_c\left[\frac{A_{ps}}{2}(1+\cos^2\psi) + \mathrm{A}_{pb}\right] \qquad (8.5.2\text{-}1)$$

Топпен орналасқан саңылаулар үшін барлық бағыттар бойынша қабырғалардың және жақын орналасқан саңылаулардың әр жұбының беріктігін талдаған жөн.

$$\left(f - \frac{p_c}{2}\right)A_{fs} + \left(f_b - \frac{p_c}{2}\right)A_{fb} + \left(f_{pl} - \frac{p_c}{2}\right)A_{fpl} \ge p_c\left[\frac{A_{ps}}{2}(1+\cos^2\psi) + \mathrm{A}_{pb}\right] \qquad (8.5.2\text{-}2)$$

Осы тармақтың талаптары, орталықтары қабыршақтың бір сызығында орналасқан, жақын тұрған көлбеу штуцерлер үшін де қолданыла алады. Бұл жағдайда, штуцерлер арасындағы минималды арақашықтық пен әр саңылаудың орталығында қабырға осіне перпендикулярлар жатқан жазықтықтағы штуцер осьтерінің проекциясынан пайда болатын көлбеу бұрыштары қолданылады. $A_{pb}\varphi$ аудандарының мәндерін 8.4.3 с) бойынша есептеген жөн.

б) Сфералық қабыршақтарда және жартылай сфералық бітеуіштерде жақын орналасқан саңылауларды күшейту.

8.4.1-2-суреті бойынша сфералық қабыршақтарда немесе жартылай сфералық бітеуіштерде жақын орналасқан саңылаулардың көлденең қимасы, штуцер мен күшейткіш тілімнің есептік кернеулерінің мәндері сфералық қабыршақтың немесе жартылай сфералық бітеуіштің есептік кернеулеріне тең немесе олардан жоғары болса, келесі шартқа сәйкес келуі тиіс:

$$\left(f - \frac{p_c}{2}\right)(A_{fs} + A_{fb} + A_{fpl}) \ge p_c A_p \qquad (8.5.2\text{-}3)$$

Егер штуцердің немесе күшейткіш тілімнің есептік кернеуі сфералық қабыршақтың немесе жартылай сфералық бітеуіштің есептік кернеуінен кіші болса, төменгі шарт орындалуы тиіс:

$$\left(f-\frac{p_c}{2}\right)\mathrm{A}_{fs}+\left(f_b-\frac{p_c}{2}\right)A_{fb}+\left(f_{pl}-\frac{p_c}{2}\right)A_{fpl}\geq p_c A_p \qquad (8.5.2\text{-}4)$$

Топпен орналасқан саңылаулар үшін барлық бағыттар бойынша қабырғалардың және жақын орналасқан саңылаулардың әр жұбының беріктігін талдаған жөн.

Осы тармақтың талаптары, сонымен қатар, жақын орналасқан екі көлбеу штуцерлер үшін де қолданылады; бұл жағдайда, штуцерлер арасындағы минималды арақашықтық пен сфералық қабыршақтың немесе жартылай сфералық бітеуіштің орталығы жатқан жазықтыққа штуцерлердің осінің проекциясынан пайда болатын көлбеу бұрыштары қолданылады. $A_{pb}\varphi$ аудандарының мәні 8.4.3 d) бойынша есептеледі.

8.6 Құбырдың ерекше байланыстырушы бөлшектерін есептеу

8.6.1 Цилиндрлік Y-тәріздес бөліктер

Есептеу үшін 8.4.3 берілген формулалар қолданылады. l_s, сонымен қатар, l_{b1} және l_{b2} параметрлері 8.6.1-1-суретте берілген.

d/D >0,8 құбырлар үшін есептік кернеуді 5-тарауда белгіленген мәннің 90% кігірейткен жөн. Жоғары температураларды қолданған кезде жылжып сырғымалылықты ескерген жөн.

ЕСКЕРТПЕ Осындау бұрылуларды қажау беріктігінің аумағында қолданбаған жөн. Дәнекерлеу тәсіліне ерекше назар аудару қажет.



8.6.1-1-сурет – Соғылған Y -тәріздес бұрылу

8.6.2 Сфералық V-тәріздес бұрылулар

8.4.3 берілген формулалар қолданылады. l_s және l_b параметрлері 8.6.2-1-суретінде көрсетілген.

ЕСКЕРТПЕ Ұсыныстарға сәйкес бұрылудың ось сызығы сфералық қабырғаға перпендикуляр қиылысу нүктесінде орналасуы қажет.



8.6.2-1-сурет – Жартылай сфералық V-тәріздес бұрылу

8.6.3 Күшейткіш қырлары бар бұрылулар

Күшейткіш қырлары бар бұрылуларды қолдану 200°С дейін максималды температурада рұқсат етіледі.

Күшейтудің бұл түрін тек қолдану кезінде айтарлықтай температуралық кернеулер пайда болмайтын құбырлар үшін қолданған жөн. Өлшемдер 8.6.3-1-суретінде берілген.



8.6.3-1-сурет – Күшейткіш қырлары бар бұрылу

Есептеу сыртта орналасқан күшейтудің беркітігі бұрылудағы ішкі қысымға төзімді болатынына дәлелге негізделген:

$$W \le \sum_{1}^{n} W_j \qquad (8.6.3\text{-}1)$$

$$W = 2R_{p0,2e_{as}} \frac{d_i^2}{D_i}(1-0,7\sin\alpha) \qquad (8.6.3\text{-}2)$$

$$W_j = \frac{e_{rf}(3,7\,\mathrm{R}_{p0,2})\mathrm{b}^2}{4b+3x_j} \qquad (8.6.3\text{-}3)$$

b_j – күшейту биіктігі (j = 1, 2, 3);

D_i – қабыршақтың ішкі диаметрі;

D_i – бұрылу диаметрі;

e_{as} – қабыршақ қабырғасының белгіленген қалыңдығы 3.2 берілген $e_{ord,sl}$ қабырға қалыңдығына тең болуы мүмкін;

e_{rf} - күшейту қабырғасының қалыңдығы;

n – күшейту саны;

W – күшейту есепке алынатын жүктеме;

W_j – b_j және X_j үшін мәндер функциясы түріндегі күшейтудің беріктігі (j = 1, 2, 3);

x_j – иілгендікке бағытталған күшейту шығыңқылығының ұзындығы (j = 1,2, 3);

α – қабыршақ пен бұрылудың осьтері арасындағы бұрыш.

9 Атмосфералық қысымды ескеріп, құбырдың байланыстырушы бөлшектерін есептеу

9.1 Жалпы ережелер

Осы тарауда берілген есептеулерде атмосфералық қысым жүктемелерін есепке алады. Бұл жүктемелер қажау беріктігінің аумағы үшін қолданылмайды.

Есептеуде ескерілетін атмосфералық қысым – бұл қолдану шарттарындағы немесе сынақ кезіндегі, қай мән жоғарырақ екеніне тәуелді максималды атмосфералық қысым.

Тасымалданатын заттың салқындатылуына байланысты ішкі қысымы атмосфералық қысымнан төмендей алатын құбырлар үшін есептеуде қолданылатын атмосфералық қысым келесілерге тең:

- атмосфералық қысымдағы бір қабырғалы құбырлар үшін 1 бар; немесе
- қабыршақсыз құбырларда қабыршақ пен қаптама арасындағы тиімді қысымға плюс 1 бар.

Қысымды шектеу үшін құрылғылармен жабдықталған және тасымалданатын заттың салқындатылуына байланысты ішкі қысымы атмосфералық қысымнан төмендей алатын құбырлар үшін есептеуде қолданылатын атмосфералық қысым қысымды шектеу құрылғылары үшін белгіленген минималды қысымға сәйкес келуі тиіс.

Қолдану кезінде атмосфералық қысым 1 бардан аспайтын құбырларды, келесі шарттар орындалса, есептеудің сәйкестігіне тексеру қажет емес:

- 150°C төмен немесе тең көміртекті немесе аз қоспаланған болаттан жасалған немесе 50°C төмен немесе тең аустенитті болаттан жасалған құбырлар; және
- $e/D_0 \geq 0{,}01$; және
- u тіктіктен ауытқуы (EN 13480-4:2002, 7.4.1-тармағын қараңыз) 1% аспайды және жергілікті кедір-бұдырлықтар e мәнінен артық емес.

Атмосфералық қысым астындағы байланыстырушы бөлшектердің қабырғаларының қалыңдығы тең жоғары ішкі қысым астындағы ұқсас байланыстырушы бөлшектер үшін осы стандарт бойынша талап етілетін қабырғалардың қалыңдығынан кем болмауы тиіс, сонымен қатар, төменгі мәндердің қайсысы үлкен болатындығына байланысты дәнекерленген жіктің 1 тең беріктік коэффициентін немесе 9-бөлім бойынша белгіленген мәнді қолданған жөн.

Геометриялық формадан рұқсат етілетін ауытқу сызбада немесе сәйкес құжаттамада белгіленуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ 9-бөлімнің талаптары шеңбердің шеңбердің нақты орталығынан өлшенген, дөңгелек еместігі радиустың 0,5% құрайтын цилиндрлік қабыршақтар үшін қолданады.

Дәнекерленген жіктің беріктік коэффициентін есепке алмайды.

Қаттылықты үлкейту үшін қолданылатын тілімдер мен басқа бөлшектер шеңбердің барлық ұзындығын қамтып, шеңбердің барлық ұзындығы бойынша қабыршақпен байланысуы қажет. Барлық байланыстар сақинаның қаттылығы максималды түрде болатындай есептелуі тиіс. Қабыршақ пен сақина арасындағы шектеуіш аралық кеңістіктер (9.1-1-суретті қараңыз) болатындай орналасқан ішкі қаттылық сақиналары болған кезде, қаттылықты үлкейткіш элементсіз қабыршақ ұзындығы коэффициентке ($4n_{cyl}$) бөлінген қабыршақ шеңберінің ұзындығынан аспауы қажет.

Үзілмелі дәнекерленген жіктер, жарықты коррозия пайда болу мүмкіндігі болған жағдайда, рұқсат етілмейді.



9.1-1-сурет – Күшейтілген ойығы бар ішкі қаттылық сақиналары

9.2 Шартты белгіленулер және серпімділік шектері

9.2.1 Шартты белгіленулер

9-бөлімде 3.2-1-кестедегі шартты белгіленулерге қосымша 9.2.1 -1-кестеде көрсетілген шартты белгіленулер қолданылады.

9.2.1-1-кесте – 9-бөлімде қолданылатын шартты белгіленулер

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
A_e	Қаттылық элементінің көлденең қимасының ауданы плюс құбырдың салмақ түсетін ұзындығы	мм^2
A_f	Ернемектің көлденең қимасының ауданы	мм^2
A_s	Қаттылық элементінің көлденең қимасының ауданы	мм^2
A_w	Бағана ауданы	мм^2
E_t	t есептік температурасында қарастырылатын бөлшектің материалының беріктік модулі	МПа (N/мм^2)
L	Қаттылық элемнтісіз құбырдың ұзындығы	мм
L_c	9.3.1-1-суретті қараңыз	мм
R_f	Құбырға дейін ең үлкен арақашықтықтағы қаттылық элементінің бөлшегінің радиусы (9.3.4-1-суретті	мм
R_m	Цилиндрлік құбырлардың немесе құбыр бөліктерінің орта радиусы	мм
R_s	Қаттылық элементінің көлденең қимасының діңгегінің радиусы (9.3.4-1-суретті қараңыз)	мм
$R_{p0,2t}$	Белгілі температурада құбыр аққыштығының 0,2% шегінің минималды мәні	МПа (N/мм^2)
$R_{p0,2St}$	Белгілі температурада қаттылық элементінің аққыштығының 0,2% шегінің минималды мәні	МПа (N/мм^2)
S,S_s	Құбыр немесе қаттылық элементі үшін серпімділік шектері	МПа (N/мм^2)
e	Құбыр қабырғасының минималды қалыңдығы	мм
e_f	Қаттылық элементінің ернемегінің қалыңдығы	мм
e_w	Қаттылық элементінің қабырға қалыңдығы	мм
h	Күмбез тәрізді бітеуіштерде күмбездің сыртқы биіктігі	мм
h_s	Екі ернемек арасындағы қаттылық элементінің радиал биіктігі	мм
I_c	қаттылық элементінің көлденең қимасының үйлестірілген ауданының инерция мезеті және көлденең қима үйлестірілген ауданының беттік діңгегі арқылы цилиндрдің параллель осінің айналасында құбырдың ұстап тұратын ұзындығының қаттылық элементі	мм^4
k	Беріктік қорының коэффициенті	-
k_s	Қаттылық элементінің технологиялық коэффициенті	-

9.2.1-1-кесте *(жалғасы)*

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
n	Қаттылық элементтері бар цилиндр шеңбері бойынша күп болып кебудің толқындарының саны	-
n_{cyl}	Қаттылық элементтері жоқ цилиндр шеңбері бойынша күп болып кебудің толқындарының саны	-
p	Қажетті есептік атмосфералық қысым	МПа ($Н/мм^2$)
p_n	Қаттылық элементтері бар цилиндрлік құбырдың күп болып кебуінің теориялық серпімді қысымы	МПа ($Н/мм^2$)
p_m	Цилиндрлік құбыр саптан шыққанда күп болып кебудің теориялық серпімді қысымы (Күп болып кебудің теориялық кернеуі)	МПа ($Н/мм^2$)
p_r	Істен шығудың есептелген төменгі қысымы	МПа ($Н/мм^2$)
p_y	Қаттылық элементтері арасында ортада цилиндрлік құбырдың шеңбері бойымен орта қысым материал аққыштығының шегіне жететін қысым	МПа ($Н/мм^2$)
p_{ys}	Дөңгелек бағыттағы аққыштықты тудыратын қысым	МПа ($Н/мм^2$)
r_i	Қаттылық элементінің ауытқуын есептегенде айналу орталығы болып саналатын, бағана құбырына ең жақын орналасқан қаттылық элементінің радиусы (9.3.4-1-суретті қараңыз)	мм
b	Құбырға іргелес қаттылық элементінің ені	мм
w_f	Қаттылық элементінің ернемегінің шығыңқы бөлігінің ені	мм
ε	Істен шыққан кезде дөңгелеу бағыттағы орта серпімді ұзару	-
λ	Қаттылық элементері үшін параметр	-
σ_s	Қалың қаттылық элементеріндегі максималды кернеу	МПа ($Н/мм^2$)
σ_i	Қаттылық элементерінің бүйіржақ ауытқуы пайда болатын күп болып кебудің кернеуі	МПа ($Н/мм^2$)
α	Конустық қабыршақтың оське көлбеу бұрышы	°

9.2.2 Серпімділік шектері

Серпімділік шектері келесі формулалар бойынша анықталады:

аустенитті емес болаттарда:

$$S = R_{p0,2t} \qquad (9.2.2\text{-}1)$$

$$S_s = R_{p0,2st} \qquad (9.2.2\text{-}2)$$

аустенитті болаттарда:

$$S = \frac{R_{p0,2t}}{1,25} \qquad (9.2.2\text{-}3)$$

$$S_s = \frac{R_{p0,2t}}{1,25} \qquad (9.2.2\text{-}4)$$

9.3 Цилиндрлік құбырлар, құбырлардың иілгендіктері және бұрылулары

9.3.1 Ұзындықтарды анықтау

L және L_c ұзындықтары 9.3.1-1-суреті бойынша анықталуы тиіс.



a)



b)



c)

Шартты белгіленулер

a) Бөлек құбыр

b) Бүйір жағы бар құбыр

c) Ернемекті қосылысы бар құбырлар

9.3.1-1-сурет — Цилиндрлік құбырлардың ұзындықтарын анықтау



Шартты белгіленулер

d) иілген бұрылулары бар құбыр;

e) секторлы бұрылуы бар құбыр.

ЕСКЕРТПЕ L мәні сыртқы доға бойынша өлшенген.

9.3.1-1-сурет *(жалғасы)*

9.3.2 Қаттылық элементтері арасындағы бұзылу

Қаттылық элементісіз құбыр қабырғасының қалыңдығы L минимум мынадай әдіспен белгіленген мәнге сәйкес келуі тиіс.

a) e үшін мәнді болжаған жөн, ал p_y мынадай әдіспен есептеген жөн:

$$P_y = \frac{Se_a}{R_m} \qquad (9.3.2\text{-}1)$$

b) p_m үшін мәнді үшін e мәнді есептеу кезінде қолданылатын p_y пайдалану арқылы есептеген жөн:

$$p_m = \frac{E_t e_a \varepsilon}{R_m} \qquad (9.3.2\text{-}2)$$

мұнда, ε мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\varepsilon = \frac{1}{n_{cyl}^2 - 1 + \frac{Z^2}{2}} \left\{ \frac{1}{\left(\frac{n_{cyl}^2}{Z^2} + 1\right)^2} + \frac{e_a^2}{12R_m^2(1-\nu^2)} (n_{cyl}^2 - 1 + Z^2)^2 \right\} \quad (9.3.2\text{-}3)$$

мұнда n_{cyl}- бүтін сан ≥ 2, p_m ең төменгі мәнін алу үшін

$$Z = \frac{\pi R_m}{L} \quad (9.3.2\text{-}4)$$

L , 9.3.1 бойынша анықтаған жөн.

c) p_m/p_y қатынасы есептеген жөн, ал p_r/p_y қатынасын 9.3.2-1-кестеден таңдап алған жөн.

9.3.2-1-кесте – Кернеу нақты параметр болып табылатын өткелдер мен тік цилиндрлік құбырлар

p_m/p_y	0	0,25	0,5	0,75	1,0	1,25	1,5	1,75
p_r/p_y	0	0,1245	0,2505	0,375	0,4995	0,6045	0,6795	0,72
p_m/p_y		2,0	2,25	2,5	2,75	3,0	3,25	3,5
p_r/p_y		0,7545	0,78	0,8025	0,822	0,8355	0,849	0,861
p_m/p_y		3,75	4,0	4,25	4,5	4,75	5,0	5,25
p_r/p_y		0,87	0,879	0,8865	0,8955	0,9045	0,9135	0,9165
p_m/p_y		5,5	5,75	6,0	6,25	6,5	6,75	7,0 және жоғары
p_r/p_y		0,9225	0,9285	0,9345	0,9405	0,9465	0,9525	0,9585

d) p_r үшін мәнді p_r/p_y және p_y есептеген жөн және ол мынадай шарттарда орындалуы тиіс:

$$p_r \geq kp \quad (9.3.2\text{-}5)$$

мұнда, k = 1,5.

Ерекшеліктер құрайды:

- барлық қатысушы жақтардың келісімен k көтерілетін ерекше қолданулар;
- болат құйма; ол үшін k = 1,5x1,25 қолданылады.

Егер p_r мәні k_p мәнінен кіші болса, онда e_a арналған мән жоғарылауы тиіс және қаттылық элементтері арасындағы арақашықтық қажетті мәнге қол жеткізгенге дейін өзгеруі тиіс.

9.3.3 Қаттылық элементтері бар құбырлардың жалпы бас тарту

Мынадай формулаларды қолданған жөн.

а) p_n мәні формула бойынша есептеледі

$$p_n = \frac{3}{R_m^{\ 3} L_c} E_t I_c \qquad (9.3.3\text{-}1)$$

p_n мәні мынадай шарттарды орындауы тиіс:

$$p_n \geq kk_s p \qquad (9.3.3\text{-}2)$$

мұнда, ыстық күйде алдын ала дайындалған немесе қалыпталған қаттылық элементтеріне арналған k_s= 1,2 (төменгі жеке кернеулер).

Суық күйде қалыпталған қаттылық элементтеріне арналған k_s = 1,33 (жоғарғы жеке кернеулер).

Егер kk_sp қарағанда p_n кем болса, онда қаттылықтың қосымша әлде берік элементтерін қолданған жөн немесе құбыр қабырғасының қалыңдығы ұлғаюы тиіс.

b) p_{ys} мәнін мынадай формула бойынша есептеген жөн

$$p_{ys} \geq \frac{S_s e_a R_f}{R_m^2 \left(1 - \frac{\nu}{2}\right)} \qquad (9.3.3\text{-}3)$$

c) қаттылық элементтерінің максималды кернеуін формула бойынша есептеген жөн

$$\sigma_s = \frac{kk_s s_s p}{p_{ys}} + \frac{E_t \delta (\mathrm{n}^2 - 1) 0,005 kk_s p}{R_m (\mathrm{p}_n - kk_s p)} \qquad (9.3.3\text{-}4)$$

мұнда, $n = 2$

$$\delta = \max\left\{\lambda(\mathrm{R}_m - \mathrm{R}_f) - X_c + e_a / 2; \mathrm{X}_c\right\} \qquad (9.3.3\text{-}5)$$

$$X_c = \frac{\left\{\left(\frac{e_a^2}{2}\right) L_c + A_s \left[\frac{e_a}{2} + \lambda(\mathrm{R}_m - \mathrm{R}_s)\right]\right\}}{A_e} \qquad (9.3.3\text{-}6)$$

λ = 1 қаттылықтың ішкі элементтеріне арналған;

λ = -1 қаттылықтың сыртқы элементтеріне арналған.

Күп болып кебу кернеуі σ_s мынадай шарттарды орындауы тиіс:

$$0 \le \sigma_s \le s_s \qquad (9.3.3\text{-}7)$$

Егер теңдік (9.3.3-7) орындалмаса, онда қаттылықтың қосымша әлде берік элементтерін қолданған жөн немесе құбыр қабырғасының қалыңдығын ұлғайтқан жөн.

9.3.4 Қаттылық элементтерінің тұрақтылығы

Бүйірлік ауытқуға қарсы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін мынадай есептемелер орындалады:

а) тік бұрышты емес көлденең кесігі бар қаттылық элементтері үшін қолданылады:

1) мынадай шарттарды қанағаттандыруы тиіс кернеу σ_i:

$$\sigma_i \le E_i C \frac{p_{ys}}{p} > s_s \qquad (9.3.4\text{-}1)$$

Бұл ретте C мәнді мынадай формула бойынша есептейді:

- 9.3.4-1 a), b) және d) суреттер бойынша қаттылық элементтеріне арналған:

$$C = \frac{h_s e_w^3 + 8 e_f w_f^3}{r_i \left[6 h_s^2 e_w + 12 e_f w_f (2\mathrm{h}_s + \mathrm{e}_f) \right]} \qquad (9.3.4\text{-}2)$$

- 9.3.4-1 c) суреті бойынша қаттылық элементтеріне арналған:

$$C = \frac{e_f w_f^3}{r_i \left[6 h_s^2 e_w + 6 e_f w_f (2\mathrm{h}_s + \mathrm{e}_f) \right]} \cdot \left[\frac{4 h_s \cdot e_w + 3 e_f \cdot w_f}{h_s \cdot e_w + 3 e_f \cdot w_f} \right] \qquad (9.3.4\text{-}3)$$



Шартты белгіленулер

a) екі таңбалы пішін қаттылығының сыртқы элементі;
b) таңбалы пішін қаттылығының сыртқы элементі;
c) L тәріздес пішін қаттылығының сыртқы элементі;
d) таңбалы пішін қаттылығының ішкі элементі.

CG_S- қаттылық элементінің ауырлық ортасы;

CG_c- формула бойынша есептелетін тиімді құбыр ұзындығына l_P плюс қаттылық элементінің ауырлық ортасы

$$l_{ps} = 1,56\sqrt{R_i e} \qquad (9.3.4\text{-}4)$$

9.3.4-1-сурет – Тік бұрышты емес көлденең кесігі бар қаттылық элементтері

2) Егер қаттылық элементі құбырдан жылжытылған шетке байланыстырылған болса, онда қаттылық элементінің өлшемдері мынадай шаттарға сәйкес келуі тиіс:

$$\frac{h_s}{e_w} \le \max\left(1{,}1\sqrt{\frac{E_L}{s_s}};0{,}67\sqrt{\frac{E_t p_{ys}}{s_s p}}\right) \qquad (9.3.4\text{-}5)$$

немесе

$$\frac{w_f}{e_f} \le \max\left(0{,}51\sqrt{\frac{E_t}{s_s}};0{,}32\sqrt{\frac{E_t p_{ys}}{s_s p}}\right) \qquad (9.3.4\text{-}6)$$

b) тік бұрышты көлденең кесігі бар қаттылық элементтерінде кернеу σ_i, мынадай шарттарды қанағаттандыруы тиіс:

$$\sigma_i > \frac{4ps_s}{p_{ys}} \qquad (9.3.4\text{-}7)$$

Және де σ_i ішкі қаттылық элементтеріне арналған 9.3.4-1-кестеде келтірілген мәндерден немесе сыртқы қаттылық элементтеріне арналған 9.3.4-2 кестеде келтірілген мәндерден есептелген жөн.

9.3.4-1-кесте – Жазық кесек түріндегі ішкі қаттылық элементтеріне арналған $(\sigma_i/E_t)(h_s/e_w)^2$ мәндер

h_s/R / n_{cyl}	0,01	0,02	0,04	0,06	0,08	0,10	0,12	0,14	0,16	0,18	0,20
2	0,0119	0,0236	0,0466	0,0691	0,0913	0,114	0,135	0,157	0,180	0,202	0,225
3	0,0239	0,0461	0,0865	0,123	0,156	0,187	0,217	0,247	0,276	0,305	0,334
4	0,0395	0,0734	0,130	0,176	0,216	0,252	0,286	0,319	0,353	0,386	0,421
5	0,0577	0,103	0,171	0,223	0,266	0,304	0,341	0,378	0,416	0,456	0,498
6	0,0778	0,132	0,208	0,262	0,306	0,347	0,387	0,428	0,472	0,517	0,570
7	0,0981	0,160	0,240	0,294	0,340	0,382	0,427	0,474	0,527	0,580	0,643
8	0,119	0,186	0,268	0,322	0,369	0,415	0,465	0,517	0,580	0,647	0,725
9	0,139	0,210	0,290	0,345	0,394	0,445	0,502	0,565	0,638	0,720	0,812
10	0,158	0,231	0,310	0,365	0,417	0,474	0,536	0,614	0,696	0,792	0,903
11	0,176	0,249	0,328	0,383	0,440	0,502	0,575	0,662	0,758	0,874	1,010
12	0,193	0,266	0,343	0,400	0,461	0,531	0,614	0,715	0,831	0,966	1,121
13	0,209	0,280	0,356	0,416	0,483	0,560	0,657	0,768	0,903	1,058	
14	0,224	0,293	0,368	0,431	0,502	0,594	0,700	0,831	0,981		
15	0,237	0,304	0,379	0,446	0,527	0,628	0,749	0,894	1,068		
16	0,249	0,314	0,389	0,461	0,551	0,662	0,797	0,961			

9.3.4-1-кесте *(жалғасы)*

h_s/R / n_{cyl}	0,01	0,02	0,04	0,06	0,08	0,10	0,12	0,14	0,16	0,18	0,20
17	0,260	0,324	0,399	0,476	0,575	0,696	0,850	1,034			
18	0,270	0,332	0,409	0,493	0,599	0,734	0,903	1,106			
19	0,279	0,339	0,418	0,507	0,623	0,773	0,961				
20	0,287	0,346	0,427	0,522	0,652	0,816	1,019				

ЕСКЕРТПЕ 1 Аралық мәндер үшін h_s/R логарифмдік интерполяция қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ 2 Сонымен $(\sigma_i/E_i)(h_s/e_w)^2$ 1,14 максималды мәнге дейін шектелген болғандықтан, формула мәні осы мәннен жоғары таратылмауы тиіс.

9.3.4-2-кесте – Тік бұрышты көлденең кесігі бар сыртқы қаттылық элементтеріне арналған $(\sigma_i/E_i)(h_s/e_w)^2$ мәндер

h_s / R_m / n_{cyl}	0,01	0,011	0,012	0,015	0,02	0,025	0,03	0,04	0,045
2	0,012	0,0132	0,0144	0,0180	0,0241	0,0303	0,0366	0,0492	0,0557
3	0,0257	0,0284	0,0311	0,0374	0,0537	0,0687	0,0846	0,119	0,138
4	0,0466	0,0517	0,0570	0,0734	0,103	0,137	0,175	0,268	0,326
5	0,0768	0,860	0,0955	0,126	0,187	0,263	0,361	0,679	0,965
6	0,120	0,136	0,153	0,211	0,340	0,537	0,881	1,44[a]	
7	0,183	0,211	0,242	0,356	0,677	1,48[a]			
8	0,279	0,331	0,390	0,648	1,92[a]				
9	0,438	0,541	0,676	1,49[a]					
10	0,736	0,998	1,420[a]						
11	1,490[a]								
h_s / R_m / n_{cyl}	0,05	0,06	0,08	0,10	0,12	0,14	0,16	0,18	0,20
2	0,0622	0,0755	0,103	0,133	0,164	0,198	0,236	0,277	0,324
3	0,157	0,201	0,310	0,462	0,695	1,10	1,99[a]		
4	0,395	0,581	1,44[a]						
5	1,46[a]								

[a] Бұл мәндер интерполяцияның аралық мәндерін қосу үшін көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ 1 Аралық мәндер үшін h_s/R логарифмдік интерполяция қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ 2 Сонымен $(\sigma_i/E_i)(h_s/e_w)^2$ 1,14 максималды мәнге дейін шектелген болғандықтан, формула мәні оы мәннен жоғары таратылмауы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ 3 Атмосфералық қысым кезінде n>10, h_s/R>0,01 жағдайында күп болып кебе алмайды.

9.3.5 Қызу мен сууға арналған каналдар

Осы пункт қызу мен суудың айналмалы каналдары бар цилиндрлік құбыр қабырғаларының қалыңдығын есептеу кезінде қолданылатын ережелерден тұрады.

ЕСКЕРТПЕ Бұл каналдар құбырлы қыздыру каналдары деп аталады. 9.3.5-1-суретте әдеттегі құрылымдық қалыптар көрсетілген.

9.3.3 бойынша ережелерді қолдана отырып, құбырды жалпы бас тарту болмайтын жағдайда жобалаған жөн. Каналдардағы қысымды сақтаған, ал каналдарды қаттылық элементтері ретінде қарастырған жөн.

Құбырларды сонымен қатар құбырдағы ішкі қысыммен және қызу немесе суу каналындағы қысым арасындағы әр түрліліктен беріктікке есептеген жөн; яғни 9.3.2 бойынша есептік қысымды бақылаған жөн. Қабырғаның минималды қалыңдығы сонымен қатар мынадай шарттарды қанағаттандыруы тиіс:

$$e \geq \sqrt{\frac{p}{3sk}} \qquad (9.3.5\text{-}1)$$

мұнда

$$l = \max(l_1; l_2) \qquad (9.3.5\text{-}2)$$

p – максималды ішкі қысым.



9.3.5-1-сурет – Қаттылық элементтері ретінде әрекет ететін қызу немесе суу каналдары

Сонымен қатар, құбырды сондай-ақ сыртқы қоршаған орта мен құбырдың ішкі бөлігі арасындағы қысымдардың әр түрліліктен беріктікке есептеген жөн.

9.4 Өткелдер

9.4.1 Өткелдерді 9.4.3 бойынша жобалаған жөн, және де цилиндр / конус байланысына қойылатын талаптар орындалмаған жағдайда цилиндр / конус байланысын 9.4.2 және 9.4.4 бойынша қаттылықтың тиімді элементі ретінде қарастыруға болады.

9.4.2 Конустық немесе цилиндрлік кесіктің цилиндр білігіне l_x, қатысты серпіннің болжанатын кезі минимум байланыстың екі жағы бойынша ұзындықта $\sqrt{D_{eq}e}$ мынадай мәндерге ие болған жағдайда цилиндр / конус байланысын қаттылықтың тиімді элементі ретінде қарастыруға болады (9.4.3-1-суретті қарау):

$$l_x = 0{,}18 D_{eq} L D_s^2 \frac{P_c}{E_t} \qquad (9.4.2\text{-}1)$$

мұнда,

D_s көлденең кесіктің бекітілген аумағы серпінінің центроид кезінің диаметрі.

9.4.3 Цилиндр / конус байланыстарының қаттылық элементі ретінде тиімді конустық кесіктерін есептеу цилиндрлік қабыршақтардың әдісі бойынша орындалады (9.3 қарау), бұл ретте септеледі:

L– конустық кесіктің ұзындығы (9.4.3-1-суретті қарау);

D_{eq}– мынадай үлгіде есептелетін баламалы диаметр:

$$D_{eq} = \frac{D_m}{\cos\alpha} \qquad (9.4.3\text{-}1)$$

Бұл баламалы цилиндрлік қабыршақтың есебі 9.3 бойынша орындалуы тиіс.



9.4.3-1-сурет – Цилиндр / конус байланысымен күш ретінде тиімді конустық кесік

9.4.4 Цилиндр / конус байланысымен қаттылық элементі ретінде тиімді емес конустық құбырлар үшін 9.3 көрсетілген баламалы цилиндрлік қабыршақтың есебіндегі мынадай мәндерді қолданған жөн:

L- қаттылықтың тиімді элементтері арасындағы білік бойынша ұзындық (9.4.4-1-суретті қарау).

D_0- конустың бастамасындағы үлкен диаметрлі цилиндрдің сыртқы диаметрі (9.4.4-1-суретті қарау).



9.4.4-1-сурет – Цилиндр / конус байланысымен күш ретінде тиімді емес конустық кесік

9.5 Күмбез тәріздес бітеуіштер

9.5.1 Жартылай сфералық бітеуіштер

9.5.1.1 Есептеу әдісі

Қабырғаның есептік қалыңдығы мынадай әдіспен есептелген мәннен кем болмауы тиіс.

а) *e* арналған мәнді таңдап алған жөн, ал p_y мынадай үлгіде есептеген жөн:

$$p_y = \frac{2S_e}{R_m} \qquad (9.5.1\text{-}1)$$

b) *e* арналған мәнді p_y есептеу кезінде қолдана отырып, p_m арналған мәнді есептеген жөн:

$$p_m = \frac{1,21E_t e^2}{R_m{}^2} \qquad (9.5.1\text{-}2)$$

c) p_m/p_y қатынасын есептеген жөн, ал p_r/p_y 9.5.1-1-кестеден таңдап алған жөн.

9.5.1-1-кесте – p_r/p_y мен p_m/p_y қатынасы бойынша мән

p_m/p_y	0	0,5	1	1,5	2	2,5	3,0
p_r/p_y	0	0,09	0,18	0,255	0,324	0,3855	0,435
p_m/p_y	3,5	4	4,5	5,0	5,5	6	6,5 Және жоғары
p_r/p_y	0,4785	0,51	0,5325	0,5475	0,5595	0,567	0,57

d) p_r мәнін p_r/p_y және p_y арасынан есептеген жөн, ол мынандай шарттарды қанағаттандыруы тиіс:

$$p_r \geq \kappa p \qquad (9.5.1\text{-}3)$$

Егер p_r мән Kp қарағанда кіші болса, онда e үшін ұсынылатын мән ұлғайтылуы тиіс.

9.5.1.2 Геометриялық қалыптың жіберілетін ауытқулары

9.5.1.1 келтірілген әдіс тек қана $2{,}4\sqrt{eR_{\max}}$ бұру ұзындығы негізіндегі дөңгелектену радиусы нақтылы мәнді 30 % жоғары аспайтын, радиус сферасының шегі 1 % болатын, жартылай сфералық бітеуіштер үшін қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ Кейбір жағдайларда бұрудың бұл белгісі дайындау және өлшеу кезіндегі қиындықтар себепті тым қатты болуы мүмкін. Бұл жағдайда жоғарыда көрсетілген әдіспен белгіленген қысымды p_r коэффициенттерге $(R_{max}/1{,}3R)^2$ бөлуге жол беріледі, және де R_{max} – дөңгелектенудің жергілікті радиусының өлшенген әлде кертартпа нақты максималды мәні болып табылады.

9.5.2 Торосфералық бітеуіштер

Торо сфералық бітеуіш орта радиусы R жинақтың сыртқы радиусына тең жартылай сфералық бітеуіш ретінде есептеледі.

9.5.3 Эллипстік бітеуіштер

Эллипстік және жартылай эллипстік бітеуіш орта радиусы R жинақтың максималды радиусына тең, яғни $\frac{D^2}{4h}$ жартылай сфералық бітеуіш ретінде есептеледі.

10 Өзгермелі жүктемеге арналған есептеме

10.1 Жалпы ережелер

Есептелген статикалық жүктемеден төмен мәндер кезінде сыртқы жүктеме, температура және қысымның өзгерісін тудыратын өзгермелі жүктемелер шаршау жарықтарының пайда болуына алып келеді.

10.2, 10.3 және 10.4 келтірілген шарттар орындалмаған жағдайда, онда статикалық жүктемеге арналған есептемеге қосымша 12.4 бойынша шаршауға талдау жүргізген жөн.

Талдау кезінде барлық белгіленген өзгермелі жүктемелердің жиілігі мен көлемін ескерген жөн және әр жүктемеге рұқсат етілген құбырдың жүктеме айналымдарының мөлшері N_i жүктеме айналымдардың күтілетін мөлшерінен n_i жоғары болуы және шаршау көрсеткіші 1 мәннен аспауы тиіс.

$$\sum_{i=1}^{m} n_i / N_i \leq 1 \qquad (10.1\text{-}1)$$

мұнда, m- жүктеудің айналма түрлерінің мөлшері.

Шаршауды есептеу кезінде күтілетін шектен шығуларды қосқандағы пайдаланудың қалыпты шарттарының спектрі бойынша айналымдық ауытқуларды ескерген жөн. Бағалауға байланыстыратын бөлшектердің деректі қабырға қалыңдықтары мен қарастырылатын температура кезіндегі материалдардың қасиеті енгізіледі.

ЕСКЕРТПЕ Беттің сапасы мен дәнекерлеу тігістерінің болуы шаршау сипаттамаларына әсер етеді және бағалау кезінде ескерілуі тиіс. Егер бас тарту қаупі болса, онда есептемені агрессивті әсер етулерге тұрақты материалдарды қолдану және дәнекерлеу тігістеріне қатысты пішіндерді түзету, шыңдық кернеулердің төмендеуі бойынша құрылымдық өзгерістер әсерінен бас тарту қаупін төмендету мақсатында тексерген жөн.

10.2 Шаршау талдауынан шығарып тастау

Егер төменде көрсетілген шарттардың біреуі орындалған жағдайда шаршаудың бөлшекті талдауы (12.4 қарау) қажет емес:

a) дұрыс мәліметтер бойынша құбырдың есептемесі талдауы мен қабылдауы бар құбырдың есептемесіне сәйкес келеді;

b) құбырдың есептемесі пайдалануға берілген құбырдың есептемесімен бірдей;

c) барлық нүктелерден жүктеме айналымдарының жалпы саны 1000 құрайды.

d) негізгі кернеудің есептелген максималды ауытқу қарқыны көміртекті және аустенит болаттар үшін 47 $N/мм^2$ құрайды. Бұрыштық тігістерді қарастырған кезде 35 $N/мм^2$ мәнін қолданады.

e) төменде көрсетілген шарттар ерекшеліксіз және бір уақытта орындалады:

1) 10.3.1 анықталатын ауытқудың барлық қарқыны бойынша қысыммен жүктеу айналымдарының баламалы саны 1000 құрайды;
2) бұрулардағы механикалық жүктеме механикалық жүктемелердегі кернеудің шоғырлану коэффицентін қосқандағы нәтижелі кернеудің максималды қарқыны есептік температура кезінде есептік кернеуден f 1/3 аспайды (кернеудің ауытқу қарқынының коэффицентін қосқанда);
3) қабырғалардың қалыңдығы феррит болаттарда 125 мм артық емес және аустенит болаттарда 60 мм құрайды, ал жылулық жүктеме айналымдардың саны 7000 құрайды.

10.3 Қысымның ауытқуынан туындаған ауыспалы жүктемеге арналған есептеме

10.3.1 Баламалы толық жүктеме айналымдарының саны

10.2 e) 1) сәйкес талдаудан шығарып тастауға ауытқудың толық қарқынымен қысымды жүктеу айналымдарының саны 1000 аспаған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Ауытқудың шағын қарқынымен қысымның ауытқуы үшін

ауытқудың толық қарқынымен қысымды жүктеу айналымдарының баламалы санын формула бойынша анықтауға болады (10.3.1-1 қарау)

$$N_{eq} = N_f + \sum_{i=1}^{n} \left\{ \left(\left[\hat{p}_i - \check{p}_i \right] / p_c \right)^{3,5} N_i \right\} \qquad (10.3.1\text{-}1)$$

мұндаN_{eq}- ауытқудың толық қарқынымен қысымды жүктеу айналымдарының баламалы саны ;

n – қысымның түрлі диапазондарының саны $\left(\hat{p}_i - \check{p}_i \right)$;

N_f – $\left(\hat{p}_i - \check{p}_i \right) = p_c$ диапазонды қысымның толық диапазондарының саны (10.3.2.2 қарау);

N_i – $\left(\hat{p}_i - \check{p}_i \right)$диапазонды қысымның түрлі айналымдарының саны p_c қарағанда кем;

p_c- есептік қысым (жүктеме қысымының толық диапазоны).

Құбырлардың есептемесіне ауытқудың толық қарқынымен қысымды жүктеу айналымдарының баламалы саны 1000 кем құраған жағдайда жеткілікті болып саналады.

10.3.2 Ауыспалы жүктемеге арналған жеңілдетілген есептеме

10.3.2.1 Жалпы ережелер

Ауыспалы жүктемеге арналған жеңілдетілген есептеме есептелетін ауыспалы жүктеме қысымның ауытқуларына ғана негізделетін жағдайда жіберіледі.

Есептеу кезінде статикалық жүктемеге арналған есептеме белгілері қолданылады, ал шаршау кернеуінің сәйкес шыңдары типтік геометриялық қалыптардың көп түрлілігіне арналған кернеудің шоғырлану коэффицентін η қолдану арқылы есептеледі. Бұл әдіс шамалас мәндерге алып келеді, ал параметрлердің нақты мәндеріне 12.4 бойынша толық талдау арқылы қол жеткізіледі.

Бұл ережелерді EN 13480-2 және EN 13480-4 сыналған және дайындалған қақталған және аустенит және феррит тегістелген болаттан жасалған қысым астында орналасқан құбырлардың байланыстыратын бөлшектеріне қолданады.

Есептемені параметрлері уақытқа тәуелсіз беріктік сипаттамасы және ауыспалы жүктеме тек қана қысымның ауытқу түрінде туындау негізінде есептелетін байланыстыратын бөлшектер үшін ғана қолданады,

1-ЕСКЕРТПЕ «Ауыспалы жүктеме» термині орта мәннің көлемі мен уақытына тәуелсіз уақыт барысында жүктеменің өзгерісін білдіреді.

Пайдалану немесе сыртқы күш пен кездердің барысында температураның тез өзгерісінің әсер етуі сияқты қосымша ауыспалы жүктемелер шаршауды талдау шеңберінде бағаланады (12.4 қарау).

Бұл ережелер тек шаршау әсерінен белгіленген қызмет ету уақытын төмендететін тасымалданатын заттың әсері болмаған жағдайда ғана қолданылады.

2-ЕСКЕРТПЕ Жұмыс қысымына салынған қысымның кернеуі жіберілетін жұмыстық қысымнан 10 % аспайтын болса, 10.3.2 қолданылмайды.

Егер пайдалану кезінде күтілетін қысымның ауытқуларының саны (10.3.2) бойынша есептелген жүктеме айналымдардың рұқсат етілген мөлшерінен асып кеткен жағдайда, онда құрылымды өзгерткен жөн немесе шаршаудың толық талдауын өткізген жөн. Ауыспалы жүктеме әсерінен бас тарту белгісі ретінде техникалық жарық, яғни оптикалық қосалқы құралдардың немесе бұзбай бақылау әдісінің көмегімен ерекшеленгенін материалдың жарық тәріздес бөлінуі болып табылады. Ауыспалы жүктеме мәні ретінде қысымның қайталама ауытқуларының әсер етуі кезінде кернеудің ауытқу қарқыны (жүктеменің екі амплитудасы) ескеріледі (10.3.2-1 қарау).



Шартты белгіленулер

(a) қысым p

(b) уақыт

(c) жүктеме айналымы

(d) қысымның ауытқу диапазоны $\left(\hat{p}_i - \check{p}_i\right)$

10.3.2-1-сурет – Жүктеме айналым мен қисық қысымның сызбалық суреті

Жүктеме айналымдардың рұқсат етілген мөлшері 4.6 және 6-бөлім бойынша құбырдың байланыстыратын бөлшектерінің өлшемі мен есебін анықтау нәтижелерімен байланыстырған жөн.

3-ЕСКЕРТПЕ Маңызды ауыспалы жүктемемен кезеңді жүктеме айналымдары кезінде шаршаудың толық талдауы мақсатты болып табылады. Бұл 10.3.2 есептемеге қарағанда рұқсат етілген жүктеме айналымдардың ең жоғарғы мөлшеріне әкеледі.

4-ЕСКЕРТПЕ Қысымсыз күй мен рұқсат етілген жұмыстық артық қысым арасындағы ауытқулар өте маңызды. Бұл қысымның ауытқулары төменгі амплитудалы жұмыстық қысымның ауытқуы немесе ауыспалы жиіліктегі амплитуда тең емес жүйелілікте ауытқудың (жұмыстық жүктемелер тобы) әсерінен салынуы мүмкін. Төменгі қысымның әсерінен жүктемелер туындаған жағдайда сәйкес әдіс қолданылуы тиіс (вакуум).

Ауыспалы қарқын мен жиіліктегі қысымның ауытқуын ақаудың сызықтық жинақталуының ережелері бойынша топтаған жөн (10.3.2.3 қарау).

5-ЕСКЕРТПЕ Құбырдың қысымға тап болатын бөлшектердің бұзылуынсыз көрсетілген қызмет ету мерзімінің барысында қысымның ауытқу мөлшері мен көлемі түрлі факторлардың үлкен мөлшеріне байланысты, оларға жатады:

- құрылым, мысалы, кернеудің жоғарғы шектерін болдырмау үшін байланыстыратын бөлшектердің қалыптары;
- дайындау, мысалы, кернеудің шоғырлануына қатты болаттарға қарағанда әдетте аса сезімтал емес жұмсақ болаттарды қолдану арқылы дайындау. Кернеудің шоғырлануына сезімтал болаттарда дайындау ақауларын ескермеген немесе пайдаланудың дұрыс емес шарттары көп болған жағдайда бас тарту мүмкіндігі жоғары болатынын ескерген жөн. Балқыған металлдың беріктігі минимум негізгі металлдың беріктігіне сәйкес келуі тиіс;
- беттің сапасы, мысалы, тегіс беттер;
- қабырға қалыңдығы, мысалы, кернеудің бірдей амплитудасы кезінде қабырғаның қалыңдықтары ұлғаюы себебінен шаршау төмендейді;
- температура, мысалы, жоғары температура кезінде материалдардың ауыспалы жүктемелерге қарсылығы төмендейді және осымен бірге байланыстыратын материалдың қызмет ету уақыты төмендейді.

6-ЕСКЕРТПЕ Пайдалану кезінде туындайтын жемірілудің әсерінен, атап айтқанда топтауға сезімтал материалдардың кернеуінің әсерінен құбыр ұстап тұратын жүктемелі айналымдардың мөлшері қысқарады. Бұл жағдайда пайдалану кезіндегі тексерістер мен іс-шаралар өте маңызды (10.3.2.7.3 қарау). Егер жемірілу қабаты пайда болса, онда бұл жемірілу қабатының шытынауының алдын алу үшін өлшемдер мен есептемелерді анықтау кезінде ескерілуі тиіс.

Барлық құбыр үшін жүктемелі айналымдардың рұқсат етілген мөлшерін анықтау үшін есептемелер құбырда қолданылатын байланыстыратын бөлшектердің барлық түрлері үшін 10.3.2.3 бойынша орындалуы тиіс. Осындай түрмен алынған мәннің ең кемін қолданған жөн.

10.3.2.2 Шартты белгіленулер

10.3.2 бөлімінде 3.2 шартты белгіленулерге қосымша 10.3.2-1 келтірілген шартты белгіленулер қолданылады.

10.3.2-1-кесте – 10.3.2 қолданылатын шартты белгіленулер

Шартты белгілену	Түсініктеме	Өлшем бірлігі
F_t*	Температураның әсер ету коэффициенті	-
k	Жүктеменің біріккен тобын құрайтын қысымның түрлі ауытқулары арасындағы аралықтардың саны	-
p_r	Резервтік қысым	бар
$\left(\hat{p}_i - \check{p}_i\right)$	Қысымның ауытқу диапазоны (екі еселенген амплитуда)	бар
F_D	Қабырға қалыңдығының әсер етуін ескеретін түзету коэффициенті	-
N	Жұмыстық жүктеме айналымдардың мөлшері	-
N_{all}	Қысымның ауытқу диапазоны кезінде жүктеме айналымдардың жіберілетін мөлшері $\left(\hat{p}_i - \check{p}_i\right)$	-
t^*	Жүктеме айналмасына кіру кезіндегі анықтайтын есептік температура	°С
$2\sigma_a^*$	Кернеудің анықтайтын жалған серіппелі амплитудасы	МПа(N/мм^2)
$2\sigma_{aD}$	Симметриялы айналмамен жүктеу кезіндегі анықтайтын шаршау беріктігі	МПа(N/мм^2)
η	Кернеу коэффициенті	
f_{20}	5.2 бойынша 20^{0}С кезіндегі есептік кернеу f	МПа(N/мм^2)

Көрсеткіштердің мәні:

жоғарғы ˆ - максималды мән, мысалы $\hat{p}$;

жоғарғы ˇ - минималды мән, мысалы $\check{p}$;

төменгі K – сандық көрсеткіш, мысалы N_k.

10.3.2.3 Жүктеме циклдерінің рұқсат етілетін санын анықтау

Жүктеме циклдерінің рұқсат етілетін санын $2\sigma_a^*$ келесі формула бойынша анықтаған жөн:

$$2\sigma_a^* = \frac{\eta}{F_d F_t^*} \frac{\left(\hat{p} - \check{p}\right)}{p_r} f_{20} \qquad (10.3.2\text{-}1)$$

Резервтік қысым p_r 6-9 және 11-бөлімдердегі p мәнінен кейін анықталатын, параметрлерді есептеу үшін формулалардағы құбырдың байланыстырушы бөлшегі үшін есептік кернеуді f_{20} қолданған кезде рұқсат етілетін қысым ретінде анықталады.

Кернеу коэффициенті η есептік жағдайдағы байланыстырушы бөлшектің геометриялық формасын анықтау үшін кернеу коэффициенттерінің жоғарғы шектік мәнін білдіреді. Бұл коэффициенттер сынақтардан алынған мәліметтерге негізделіп есептеледі немесе 10.3.2-4-кестеден таңдалады.

Байланыстырушы бөлшек өлшемінің симметриялық циклмен жүктеу кезінде қажау беріктігіне әсері $e_{ord} > 25$ қабырғалардың қалыңдығы үшін (10.3.2-2) формуласы бойынша есептелетін түзету коэффициентінің F_d көмегімен анықталады

$$F_d = \left(\frac{25}{e_{ord}}\right)^{0,25} \qquad (10.3.2\text{-}2)$$

немесе 10.3.2-2-суретінен алынады. F_d коэффициенті $F_d = 0,64$ дейін шектелуі тиіс.

Сом темірдің қабырғаларының қалыңдығы материалдардың сәйкес стандарттары бойынша жылумен өңдеуден кейінгі айқындаушы диаметр ретінде қолданылады.

Қарастырылатын жүктеме циклі барысында айқындаушы есептік температураны есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$t^* = 0,75\hat{t} + 0,25\check{t} \qquad (10.3.2\text{-}3)$$

Барлық температураға тәуелді шамаларды сәйкес жүктеме циклінің айқындаушы температурасына t^* жатқызады.

Қажау беріктігінің аумағынан тыс жүктеме циклінің температураларында және $t^* > 100°C$ кезінде температураның әсер ету коэффициенті F_{t*} келесідей анықталады:

- феритті болат үшін:

$$F_{t^*} = 1,03 - 1,5 \times 10^{-4} t^* - 1,5 \times 10^{-6} t^{*2} \qquad (10.3.2\text{-}4)$$

- аустенитті материалдар үшін:

$$F_{t^*} = 1,043 - 4,3 \times 10^{-4} t^* \qquad (10.3.2\text{-}5)$$

немесе 10.3.2-3-суреттен алынады.

$t^* \leq 100$°С үшін, $F_{t^*} = 1$.

$10^3 \leq N_{all} \leq 2 \times 10^6$ диапазонындағы жүктеме циклдерінің рұқсат етілетін саны N_{all} (10.3.2-1) формуласында белгіленген кернеу амплитудасының $2\sigma_{a^*}$ функциясы ретінде есептеледі

$$N_{all} = \left(\frac{B}{2\sigma_a^*} \right)^m \qquad (10.3.2\text{-}6)$$

Бұл жерде B тұрақты мәнін 10.3.2-2-кестеден таңдаған жөн;

дәнекерленген жіктер үшін $m = 3$, ал илемделген немесе өңделген беті бар дәнекерленбейтін бөліктер үшін $m = 3,5$.

Балама түрде N_{all} мәні тікелей 10.3.2-4-суретінен алына алады.

1-ЕСКЕРТПЕ m үшін мәндерді анықтаған кезде дәнекерленген жіктердің кернеулерінің концентрациясы және беттің кедір-бұдырлығы, сонымен қатар, жұмыс қысымының ықпалынан пайда болған дәнекерленген жіктердегі өз кернеуінің әсер етуі ескерілді.



10.3.2-2-сурет – Қабырға қалыңдығының әсерін есептеу үшін F_d түзету коэффициенті



Шартты белгіленулер

(a) аустенитті

(b) ферритті

t^* - айқындаушы есептік температура

10.3.2-3-сурет – Температура әсерін есептеу үшін F_r түзету коэффициенті



10.3.2-4-сурет – 100°С төмен есептік температуралар мен 25 мм кем қалыңдық үшін жүктеме циклдерінің рұқсат етілетін саны

Байланыстырушы бөлшектердің және K_1, K_2 және K_3 санаттарының дәнекерленген жіктерінің B тұрақты мәнін 10.3.2-2-кестесінен алған жөн.

10.3.2-2-кесте –*B* есептік тұрақты мәні

Санаты	B, N/мм^2
RS	7 890
K_1	7 940
K_2	6 300
K_3	5 040

Құбыр үшін қолданылатын дәнекерленген қосылыстар 10.3.2-4-кестесі бойынша K_1, K_2 және K_3 үш санаттың бірінде кесу кезінде кернеулердің концентрациясына байланысты жіктеледі.

2-ЕСКЕРТПЕ Басқа ескертпелерді EN 13445-3 қараңыз.

3-ЕСКЕРТПЕ RS санаты үшін жүктеме циклдерінің рұқсат етілетін саны 200 мкм кедір-бұдырлығы бар ыстық жәміштелген материалдар үшін және салқын жәміштелген материалдар үшін мәндерден есептелген.

$2\sigma_{aD}$ симметриялық циклі бар жүктегенде рұқсат етілетін қажау беріктігі N = 2 х 10^6 кезінде белгіленеді. $2\sigma_{aD}$ мәндерінен төмен $2\sigma_{aD}^*$ кернеу амплитудаларында 10.3.2-3-кестесінде көрсетілген сииметриялық циклмен жүктеу кезінде қажау беріктігі рұқсат етіледі.

10.3.2-3-кесте – $2\sigma_{aD}$ симметриялық циклмен жүктегендегі қажау беріктігінің шектік мәндері

Санат	$2\sigma_{aD}$, N/мм^2
RS	125
K_1	63
K_2	50
K_3	40

Түрлі амплитудамен және жиілікпен қысымның тербелістері кезінде (жұмыс жүктемелерінің тобы) қажау нәтижесіндегі қызмет ету мерзімін тоқтаулардың сызықтық шоғырландыру ережесі бойынша анықтайды

$$\sum_{i=1}^{k} \frac{N_i}{N_{iall}} = \left(\frac{N_1}{N_{1all}} + \frac{N_2}{N_{2all}} + \ldots + \frac{N_k}{N_{kall}} \right) \le 1,0 \qquad (10.3.2\text{-}7)$$

N_1, N_2,... N_k – бұл қолдану барысында жүктеме циклдерінің болжалды саны, соның ішінде қысым тербелісінің бірдей өрісі $\left(\hat{p}-\check{p}\right)$ бар жүктеме циклдері әр жағдайда жинақталады. (10.3.2-1) формуласы бойынша $2\sigma_{aD}^{*}$ кернеу амплитудалары үшін N_{1all}, N_{2all},... $N_{k\ all}$ жүктеме циклдерінің сәйкес рұқсат етілетін сандарын қажаудың сәйкес қисық сызықтарынан алған немесе (10.3.2-6) формуласы бойынша есептеген жөн.

Егер жұмыс жүктемелері тобының әсер етуі кезінде кернеу амплитудалары $2\sigma_{aD}^{*}$ 10.3.2-3-кестеде көрсетілген $2\sigma_{aD}$ симметриялық циклмен жүктеу кезінде $N>2\text{x}10^6$ үшін қажау беріктігінің мәндерінен кем болса, $N_{all}=2\text{x}10^6$ жүктеме циклдерінің сәйкес санын қолданған жөн. $2\sigma_{aD}$ мәндерінен 50% кем $2\sigma_{aD}^{*}$ кернеу амплитудасы бар тоқтаудың пайыздары ескерілуі міндетті емес.

10.3.2.4 Түрлі геометриялық формалар үшін η кернеу коэффициенттері

10.3.2-4-кестеде сәйкес санаты (RS, K_1, K_2, K_3) және сәйкес η кернеу коэффициенті белгіленген геометриялық формалардың және дәнекерленген қосылыстардың мысалдары берілген.

10.3.2-4-кесте – Геометриялық формалардың және дәнекерленген қосылыстардың мысалдары

№	Суреті	Сипат-тамасы	Шарты	Санаты	η
1. Цилиндрлік және конустық қабыршақтар					
1.1		Қалыңдығы бірдей қабырғалардың сақиналық жігі	Екі жақтан дәнекерленген	K_1	1,3[a]
1.2			Бір жағынан дәнекер жікпен дәнекерленген	K_1	
1.3			Бір жағынан дәнекер жіксіз дәнекерленген	K_2	
1.4		Қалыңдығы бірдей емес қабырғалардың сақиналық жігі	Екі жақтан дәнекерленген	K_1	

1.5				K_1	
1.6				K_1	
1.7			Екі жақтан дәнекерленген, жиектердің бірдей ішкі және сыртқы жылжуы	K_1	
1.8				K_1	
1.9				K_1	
1.10	1.1, 1.2 және 1.3 қараңыз	Қалыңдығы бірдей қабырғалардағы бойлық жік	1.1, 1.2 және 1.3 қараңыз	1.1, 1.2 және 1.3 қараңыз	1,6 [c] [b]
1.11		Бұрыштық жігі бар конус	Екі жақтан немесе бір жағынан дәнекер жікпен дәнекерленген	K_1	2,7
1.12			Бір жағынан дәнекер жіксіз дәнекерленген	K_3	
1.13		Белдемесі және бойлық жігі бар конус	Жіктің орындалуы және классификация №1.1-1.3 ұқсас	-	2,0

1.14		Цилиндр мен цилиндрлік ернемегі бар күмбез тәрізді бітеуіш арасындағы жік	Жіктің орындалуы және классификация №1.1-1.9 ұқсас	-	1,5
1.15		Күмбез тәрізді бітеуіштің белдемесі	Дәнекерлен-бейді	RS	2,5
	2. Штуцерлер				
2.1		Тесіп өтетін немесе алынбалы штуцер	Екі жақтан немесе бір жағынан дәнекер жікпен дәнекерленген	K_1	3,0
2.2.			Бір жағынан дәнекер жіксіз дәнекерленген	K_2	
2.3		Ішіне өткізілген штуцер (суреттегі сол жақ орындалу)	Екі жақтан дәнекерленген, бірақ тесіп өтпейтін	K_2	
2.4		Алынбалы штуцер (суреттегі оң жақ орындалу)		K_3	
2.5		Қондырылған штуцер	Бір жағынан дәнекерленген (қалдық саңылауы жоқ), штуцер бұрғылап кеңейтілген немесе негізі кесілген	K_1	

2.6			Бір жағынан дәнекер жіксіз немесе негізді механикалық өңдеусіз дәнекерленген	K_2	
2.7		Күшейткіш тілімі бар штуцер; шайбаның сырт-қы диаметрінд егі жік		K_3	3,0
2.8		Күшейткіш тілімі бар штуцер; штуцердің дәнекерлеуі ндегі жік	Штуцер құбырының негізгі бөлікпен және күшейткіш тіліммен байланысуы	K_1	
	3. Ернемектер				
3.1		Алдын ала дәнекерленген ернемек	Екі жақтан немесе бір жағынан дәнекер жікпен дәнекерленген	K_1	2,0
3.2			Бір жағынан дәнекер жіксіз дәнекерленген	K_2	
3.3		Дәнекерленетін ернемек	Жіктің қалыңдығы, кем дегенде, 5 мм болатын бұрыштық жік	K_2	3,0
3.4		Қондырылған шектеу ернемегі, ішкі диаметрдегі жік (суреттегі оң жақ жік)		K_3	4,0
		Қондырылған шектеу ернемегі, сыртқы диаметрдегі жік		K_2	

		(суреттегі оң жақ жік)			
3.5		Ернемекті қосылыстардың бұрандамалары: әдетте, растау тек бұрандамалар жиі бұралып шыққан (әлсіреген) жағдайда қажет. Бұл жағдайларда жақшаға алынған мәндер қолданылады.		(RS)	5,0
4. Қос қабыршақтар үшін байланыстырушы жіктер					
4.1		Формаланған белдемесі бар: бағалау ішкі құбыр үшін, сондай-ақ, байланыстыруші жік үшін де жүргізіледі	Бір жағынан дәнекерленген	K_2	3,0
4.2		Бөлек белдемесі бар: бағалау ыдыстың ішкі қабырғасы үшін де, белдеме мен құбырдың ішкі қабырғасы арасындағы байланыстырушы жік үшін де жүргізіледі. (Белдеме мен сыртқы қабыршақ арасындағы байланыстырушы жік K_2 санатымен №1.3 бойынша бағаланады)	Екі жақтан немесе бір жағынан дәнекер жікпен дәнекерленген	K_1	
5. Дөңгеленуден ауытқуы бар құбырлар мен құбырлардың иілгендіктері					

5.1		Дөңгеленуден ауытқуы бар жіксіз немесе дәнекерленген құбыр	Жіктің орындалуы және классификация №1.1-1.3 ұқсас		10.3.2-5-кестені қараңыз
5.2		Дөңгеленуден ауытқуы бар жіксіз немесе дәнекерленген иілгендік	Жіктің орындалуы және классификация №1.1-1.3 ұқсас		10.3.2-5-кестені қараңыз

[a] $h \leq 0,5\ e$ жіктің максималды рұқсат етілетін жылжуы үшін, алайда, EN ISO 5817 бойынша максимум 3 мм, В бағалау тобы

[b] Жіктің жылжуы үшін басқа шектік мәндерді EN 13480-4 қараңыз.

[c] EN ISO 5817 сәйкес $h \leq 0,1\ e$ жіктің рұқсат етілетін жылжуы үшін, В бағалау тобы

10.3.2-5-кесте – Дөңгеленуден ауытқуы бар құбырлар мен құбырлардың иілгендіктері үшін η мәндері

	e/D_m						
U %	0,005	0,01	0,025	0,05	0,10	0,15	0,20
1 %	1,16	1,27	1,35	1,25	1,14	1,10	1,07
2 %	1,31	1,54	1,69	1,51	1,29	1,20	1,15
3 %	1,47	1,81	2,04	1,76	1,43	1,29	1,22
4 %	1,63	2,08	2,39	2,02	1,57	1,39	1,30
5 %	1,78	2,35	2,74	2,27	1,72	1,49	1,37
6 %	1,94	2,62	3,08	2,52	1,86	1,59	1,44
7 %	2,09	2,89	3,43	2,78	2,00	1,69	1,52
8 %	2,25	3,16	3,78	3,03	2,15	1,78	1,59
9 %	2,41	3,43	4,13	3,28	2,29	1,88	1,67
10 %	2,56	3,70	4,47	3,54	2,43	1,98	1,74

D = құбырдың/құбырдың иілгендіктерінің сыртқы диаметрі;

$D_m = (D_{max} + D_{min})/2$

e = қабырғаның қалыңдығы;

u = дөңгеленуден ауытқу (%), $u = 100\ (D_{max} - D_{min})/D_m$

ЕСКЕРТПЕ Кестеде көрсетілмеген аралық мәндер сызықтық интерполяция жолымен анықталады.

10.3.2.5 Есептеу

Айнымалы жүктемеге ұшырайтын байланыстырушы бөлшектердің қажауы салдарынан қызмет ету мерзімі, негізінен, өлшемдерге және құрылымға тәуелді болады. Кернеудің жоғары концентрациялары немесе салыстырмалы ұзарулары бар құрылымдарды, мысалы, кернеудің дұрыс ағынына сәйкес келетін көлденең қималардың өтулерін есептеу жолымен болдыртпаған жөн.. 10.3.2-4-кесте құбырлардың құрылысында белгіленген дәнекерленген құбырлардың орындалуының бағасын қамтиды.

1-ЕСКЕРТПЕ Қызмет ету мерзімінің жоғары талаптары қойылған жағдайда 1-санатты дәнекерленген жіктерді орындауды ұсынған жөн. Жобалау кезінде 10.3.2.7 бойынша бақылаудың мүмкіндігі ескертілуі тиіс. 10.3.2-4-кестеде көрсетілмеген дәнекерленген жіктердің орындалуының қызмет ету мерзімін анықтау үшін құрылым кернеуін кесу тиімділігінің коэффициентіне көбейтудің көмегімен сәйкес бағалу жолымен η болжалды мәнін белгілеген жөн.

2-ЕСКЕРТПЕ Қызмет ету мерзімі 10.3.2-4-кесте бойынша есептеуді бағалау шеңберінде, мысалы, келесі конструктивтік шаралар жолымен ұлғайтылуы мүмкін:

a) қондырылған тілімді күшейтулерден бас тарту;

b) түрлі диаметрлі және/немесе түрлі қабырғалардың қалыңдығы бар құбырдың бөліктері арасындағы конустық өтулер;

c) екі жақтан дәнекерлеу немесе жіктің дәнекер жапсарымен бір жағынан дәнекерлеу.

3-ЕСКЕРТПЕ Көбінесе тұрақты жүктеме кезінде өлшемдерді үлкейту жолымен жүктеме циклдерінің рұқсат етілетін саны да үлкейтілуі мүмкін.

10.3.2.6 Әзірлеу

Байланыстырушы бөлшектерді әзірлеу үшін EN 13480-4 қолданады. Сонымен қатар, 10-бөлім бойынша есептелген конструктивтік бөлшектер келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Әзірлеу кезінде пайда болатын ақаулар тұрақты жүктемелерге қарғанда, айнымалы жүктеме кезінде жағымсыз әсерін тигізеді. Кесілу орындарының және өзінің жағымсыз кернеулерінің салдарларынан байланыстырушы бөлшектердің қызмет ету мерзімі айтарлықтай қысқара алады.

Дәнекерленген жіктерді орындауға ерекше талаптарды белгілеген жөн. EN 25817 бойынша B бағалау тобын сақтаған жөн. Өзіндік дәнекерлеу кернеулерін дәнекерлеу температураларын және дәнекерлеу бойынша операцияларды орындаудың жүйелілігін реттеу жолымен минимумға келтірген жөн. Жылу жөндеудің барлық түрлерін EN 13480-4 бойынша жүргізген жөн.

10.3.2.7 Бақылау

10.3.2.7.1 Жалпы ережелер

Әзірлеуге дейін, әзірлеудің барысында және әзірлеуден кейін бақылау үшін EN 13480-5 талаптарына қосымша келесі тармақтардың талаптарын сақтаған жөн.

Қолдану барысында бақылау үшін F қосымшасын қараңыз.

10.3.2.7.2 Бастапқы бақылау – жобаны сараптау

Жобаны сараптау шеңберінде 10.3.2.7.3 бойынша сынақтарды жүргізген кезде айнымалы жүктемеге қатысты бақылауға қажет орындарды анықтаған жөн.

10.3.2.7.3 Әзірлеу барысындағы бақылау және қабылдау кезінде бақылау

Әзірлеу барысында немесе қабылдау шеңберінде жүргізілетін бақылау мен сынақтар жолымен, айнымалы жүктеме кезінде үлкейетін және қысым жүктемесі әсер ететін, жүктеме циклдерінің рұқсат етілетін санына жеткенде бөлшектердің тоқтауына апаратын құбырдың байланыстырушы бөлшектеріндегі ақаулардың болмауын анықтаған жөн.

Бұзбайтын бақылау әдістері үшін EN 13480-5 талаптарын қолданады.

10.3.2.8 Қолданудың ерекше шарттарын ескеру

Коррозия, қажау коррозиясы және сызаттардың сұйытылған сутектегі сутекті осалдануының немесе магнетитті қорғау қабатының бұзылуының әсерінен пайда болған коррозиялық жарылулардың ұзаруы тудартқан сызаттар пайда болған кезде, сәйкес қосымша шаралар жүргізіліп, сақтық шаралары қолданылуы тиіс.

10.4 Жылу жүктемесінің салдарынан қажауды есептеу

10.4.1 Жалпы ережелер

Есептеу қабырға қалыңдығы бойымен температуралардың айырмасын және материал температурасының кенет өзгерістерін ескеруі қажет.

Құрылым шамадан тыс жылу айырмаларын және соққыларын болдыртпайтындай есептелуі тиіс. Оларды болдыртпау мүмкін емес болса, конструктивтік шаралардың көмегімен температуралардың үлкен айырмасы болатын диапазондарда кернеу концентрацияларын ең кіші көрсеткішге дейін азайту қажет. Есептеу бойынша нұсқаулықтар 10.4.2 көрсетілген.

Температуралардың айырмасының немесе температураның кенет өзгерістерінің салдарынан қосымша кернеулер айтарлықтай үлкен болса, қажау нәтижесіндегі байланыстырушы бөлшектің қызмет ету мерзіміне осы кернеулердің әсерін (бақса кернеулермен тіркесіп) толық талдау жүргізген кезде анықтаған жөн.

10.4.2 Есептеу бойынша нұсқаулықтар

Қолданудың қалыпты жағдайлары үшін құбырлардағы температура өзгерісінің жылдамдығын есептеу, құбыр немесе конструктивтік бөлшектердің параметрлерін анықтағанға қарағанда, басқа факторларды ескеріп анықталады.

1-ЕСКЕРТПЕ Іске қосу мен тоқтату кезінде 2°С/мин дейін температура өзгерісінің жылдамдығы жалпы қабырға қалыңдығы 125 мм дейін феритті материалдар үшін рұқсат етіледі.

2-ЕСКЕРТПЕ Температура айырмалары бұрылулардың қосылыстарына ең үлкен әсерін тигізеді. Құбырларды, штуцерлерді және бұрылуларды оқшаулау жолымен бұл

аумақтағы температуралардың айырмасы азайтыла алады. Бұрылу саңылауы мен құбырдың ішкі жағы арасындағы дөңгеленулер және дәнекерленген жіктер облысындағы бірқалыпты өтулер температура айырмаларының әсерін азайтады.

3-ЕСКЕРТПЕ Тасымалданатын заттар түрлі температуралармен араласқан жағдайда, жылу соққылары пайда болуы мүмкін, осы жағдайларда араласу тез және құбыр қабырғасына тікелей жақындықта емес өтетіндей, көлемді есептеу қажет. Сонымен қатар, құбырдағы жылу соққыларын азайту үшін жылу манжеттерін қолдануға назар аударған жөн.

4-ЕСКЕРТПЕ Жоғары температуралы құбырлардағы конденсация және конденсаттың тамшылап ағуы жылу соққыларына әкеліп, қызмет ету мерзімін азайта алады. Сәйкес сақтық шараларын сақтау жолымен конденсаттың жиналуын болдыртпаған жөн. Егер есептеумен шартталған конденсаттың құбырға ағу мүмкіндігі болса (мысалы, өткізгіштік қабілеті жоқ немесе төмен бұрылулардан), байланысу орнында оқшауланған көлденең құбыр бөліктерін орнату назарға алынуы қажет (бұл тек нұсқаулықтар).

10.5 Жүктеме тіркестерінде қажауды есептеу

Жылу жүктемесі мен қысым тіркесінің әсер етуі кезінде қажау қатысты есептек қажет болған жағдайларда, EN 12953-3 көрсетілген әдіс қолданылуы қажет. Егер құбыр қосымша түрде циклдік сыртқы механикалық айтарлықтай жүктемелерге ұшыраса немесе 10.3.2 қарағанда дәлірек есептеу қажет болса, бұл жағдайда 12.4 бойынша қажауды талдау жүргізіледі.

11 Қатты байланыстырылатын бөлшектер

11.1 Жалпы ережелер

Қатты байланыстырылатын бөлшектер – жүктемелерді болат рамаларға немесе бетон негіздерге көшіретін, қысым астындағы құбырдың тік бөліктеріне соғылған немесе дәнекерленген бөлшектер.

ЕСКЕРТПЕ Байланыстырылатын бөлшек пен құбырмен байланысу орнының арасындағы арақашықтық құбырдың өлшемдерін есепке ала отырып, $2,5(\frac{e_n D_m}{2})^{0,5}$ кем емес болуы қажет. Қатты байланыстырылатын бөлшектердің материалын жылулық кеңею мен беріктік модуліне қатысты материалдардың аса өзгерісі болмайтындай таңдау қажет. Сонымен қатар, байланыстырылатын бөлшектің есептік кернеуінің мәні құбыр материалының есептік кернеуімен бірдей дерлік болуы қажет. Егер мәндер бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленсе, сәйкес есептік кернеуді белгілеуге аса көп көңіл аудару қажет.

Қажау беріктігінің аумағында қолданылатын байланыстырылатын бөлшектерде дәнекерленген жіктер металмен дәнекерленген жік түрінде болуы қажет.

Иінтіректің қысқа иіндері бар байланыстырылатын бөлшектерді тек жылжыту кернеуі иілгендіктің кернеуіне сәйкес болса ғана жылжытуға есептеу қажет. Егер байланыстырылатын бөлшектер қабырғасының қалыңдығы $D_m/e \geq 10$ болатын құбырлармен дәнекерленсе, құбыр қабырғасындағы иілгендіктің кернеуін анықтаған және бағалаған жөн.

Дөңгелек көлденең қимасы бар толық профильді есептеу 11.4 және 11.6

сипатталған, тікбұрышты қиманың толық профилін есептеу талаптарын 11.5 және 11.6 қараңыз.

Тармақтарға түсетін жүктемелер құбыр қабырғасында кернеулерді тудырады. Осы кернеулерді анықтауға арналған теңдеулер 11.4 және 11.5 берілген. Тармақтардың кернеулері тармақтану орнында құбыр жүйесінің кернеулеріне қосылады. Құбыр жүйесінің кернеулері тік құбырдың кернеуі ретінде анықталады. Тармақтар кернеулерінің мәндері қамтылған теңдеулер 11.6 берілген.

11.4 және 11.5-бөлімдерде кернеулері тексерілуі қажет тармақтар үшін қосымша теңдеулер көрсетілген. Олар бір уақытта жұмыс жүктемелерінің барлық белгіленген жағдайларында пайда болатын максималды жүктемелердің абсолюттік мәндеріне негізделген.

11.2 Рұқсат етілетін кернеулер

Есептік кернеуді 5-бөлім бойынша есептеген жөн.

Мембранадағы жылжымайтын байланыстырылатын бөлшектер тудырған кернеулер иілгендіктің жергілікті шектелген кернеулері болып саналады P_L, олар бір қайнар көзден пайда болып, құбыр қабырғасының қалыңдығы бойынша әсер етеді, оларды қосымша кернеулер Q ретінде топтау қажет.

Құбыр қабырғасының қалыңдығы бойынша әсер ететін кернеулерді келесі салдарға сәйкес кернеулермен үйлестірген жөн:

- ішкі қысым;
- сыртқы жүктеме.

Олар келесі шарттарды орындауы тиіс:

Ұдайы әсер ететін жүктемеде $P_m + P_b + P_L \le 1,5 f_h$;

Ұдайы және уақытша әсер ететін жүктемеде $P_m + P_b + P_L \le 1,8 f_h$;

Экстремалды жүктемелерде $P_m + P_b + P_L \le 2,7 f_h$;

Құбырдың шектелген жылулық кеңеюінде $Q \le f_a$;

Ұдайы әсер ететін жүктеме мен құбырдың шектелген жылулық кеңеюінде $P_m + P_b + P_L + Q \le f_h + f_a$,

бұл жерде P_m – мембранадағы бастапқы кернеу;

P_L – мембранадағы жергілікті бастапқы кернеу;

P_b – иілгендіктің бастапқы кернеуі;

Q - иілгендіктің қосымша кернеуі.

f_a, f_h мәндерін (12.1.3-1) формуласынан бастап, (12.1.3.4) дейін формулалары бойынша анықтаған жөн, есептік кернеу f 5-тармақта анықталған.

Жылжудың ерекше кернеулері бар болса (орта мән), эквивалентті кернеуді σ_{eq} жылжудың кернеуі әдісі бойынша немесе пішін өзгерту энергиясының (Мизес) гипотезасы бойынша есептеп, *1,5f* дейін шектеген жөн.

11.3 Шартты белгіленулер

11.4-11.6 талаптары үшін 3.2-1-кестедегі шартты белгіленулерге қосымша 11.3-1-кестеде көрсетілген шартты белгіленулер қолданылады.

11.3-1-кесте – 11.4-11.6 қолданылатын шартты белгіленулер

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
A_m	Дөңгелекті бос қосылыстың қимасының жартылай крестелген ауданы	мм^2
A_t	Дөңгелекті бос қосылыстың/тік бұрышты қосылыстың көлденең қимасының ауданы	мм^2
A_w	Бұрыштық жіктің жалпы ауданы	мм^2
d_i	Құбыр тәрізді байланыстырылатын бөлшектердің ішкі диаметрі	мм
d_0	Құбыр тәрізді байланыстырылатын бөлшектердің сыртқы диаметрі	мм
D_o	Құбырдың сыртқы диаметрі	мм
e_n	Құбыр бөлігінің қабырғасының номиналды қалыңдығы	мм
$e_{n,t}$	Қосылыстың қабырғасының номиналды қалыңдығы	мм
f	Есептік кернеу (5.2 қараңыз)	МПа (N/мм^2)
f_a	Рұқсат етілетін кернеулердің диапазоны (12.1.3 қараңыз)	МПа (N /мм^2)
f_{cr}	Металл жылжығыштығының диапазонындағы есептік кернеу (5.3 қараңыз)	МПа (N /мм^2)
f_h	Металдың максималды температурасындағы рұқсат етілетін кернеу (12.1.3 қараңыз)	МПа (N /мм^2)
L_1	Құбыр шеңберіне бағытталған байланыстырылатын тік бұрышты бөлшектің ұзындығының жартысы	мм
L_2	Құбырға көлденең бағытталған байланыстырылатын тік бұрышты бөлшектің ұзындығының жартысы	мм
M_L	Байланыстырылатын бөлшектердегі бойлық иілгендік (байланыстырылатын бөлшек пен құбырдың осьтік сызығына перпендикуляр вектор)	N/мм

11.3-1-кесте *(жалғасы)*

Шартты белгілену	Анықтамасы	Өлшем бірлігі
M_N	Байланыстырылатын бөлшектердегі айналма иілгендік (байланыстырылатын бөлшек пен құбырдың осьтік сызығына қатар орналасқан вектор)	N/мм
M_T	Байланыстырылатын бөлшектердегі бұру жағдайы (құбырдың осьтік сызығына перпендикуляр вектор)	N/мм
p_c	Есептік қысым	МПа ($N/мм^2$)
Q_1	Айналма бағыттағы байланыстырылатын бөлшектердің көлденең жүктемесі	N
Q_2	Бойлық бағыттағы байланыстырылатын бөлшектердің көлденең жүктемесі	N
R_m	Құбырдың орта радиусы	мм
W	Байланыстырылатын бөлшектердің осьтік жүктемесі (құбырдың осьтік сызығына перпендикуляр вектор)	N
Z	Құбыр бөлігінің кедергі жағдайы	$мм^3$
Z_t	Бос қосылыстың кедергі жағдайы	$мм^3$
Z_{WL}	L_2 перпендикуляр орналасқан ауырлық түсу орталығының осіне қатысты бұрыштық жіктің немесе ішінара металмен дәнекерленген жіктің бұрылуына кедергі жағдайы	$мм^3$
Z_{WN}	L_1 параллель орналасқан ауырлық түсу орталығының осіне қатысты бұрыштық жіктің немесе ішінара металмен дәнекерленген жіктің бұрылуына кедергі жағдайы	$мм^3$
Z_{WT}	Бұрыштық жіктің немесе ішінара металмен дәнекерленген жіктің бұрылуына кедергі жағдайы	$мм^3$
M_L, M_N, M_T, Q_1, Q_2 және W жағдайлармен байланысты құбырдың бетіне орналастырылған болап табылады M_L**, M_N**, M_T**, Q_1**, Q_2** және W** жүктеудің бір уақыттағы барлық жағдайларында әсер ететін максималды жүктемелердің абсолютті мәндері болып табылады.		

11.4 Шектеулер

11.4.1 Құбырлық арматура

Қосылыс құбырға металмен толық дәнекерленген жікпен немесе барлық шеңбер бойымен бұрыштық жікпен дәнекерленуі тиіс (11.4.1-1-суретті қараңыз).

Қосылыстың осі құбыр бөлігіне перпендикуляр болуы тиіс.

11.4.2 есептелген параметрлер келесі шектеулерге сәйкес келуі қажет:

$$4,0 \le \lambda \le 50,0 \qquad (11.4\text{-}1)$$

$$0,2 \le \tau \le 50,0 \qquad (11.4\text{-}2)$$

$$0,3 \le \beta \le 1,0 \qquad (11.4\text{-}3)$$



Толық металмен дәнекерленген жік Бұрыштық жік

Шартты белгіленулер
a – байланыстырылатын бөлшек
b – дәнекерленген жік
c – құбырдың қабырғасы

11.4.1-1-сурет – Құбырлық арматурадағы дәнекерленген жіктердің кескіні

11.4.2 Алдыңғы есептеулер

M_L, M_N, M_T, Q_1, Q_2 және W мәндері құбырдың бетінде анықталады. M_L^*, M_N^*, M_T^*, Q_1^*, Q_2^* және W^* - бұл бір уақыттағы барлық белгіленген қолдану шарттарында әсер ететін максималды жүктемелердің абсолютті мәндері.

d_i және d_o өлшемдері 11.4.2-1-суретте белгіленген.



Шартты белгіленулер
(a) құбырдың бөлігі
(b) байланыстырылатын бөлшек

11.4.2-1-сурет – Сыртқы жүктемелердің кескіні

$$A_t = \frac{\pi}{4}\left(d_o^2 - d_i^2\right) \qquad (11.4.2\text{-}1)$$

$$Z_t = 2 \cdot I_t / d_o \qquad (11.4.2\text{-}2)$$

$$I_t = \frac{\pi}{4}\left[\left(d_o/2\right)^4 - \left(d_i/2\right)^4\right] \qquad (11.4.2\text{-}3)$$

$$A_m = A_t / 2 \qquad (11.4.2\text{-}4)$$

$$\gamma = D_o / \left(2e_n\right) \qquad (11.4.2\text{-}5)$$

$$\tau = e_{n,t} / e_n \qquad (11.4.2\text{-}6)$$

$$\beta = d_o / D_o \qquad (11.4.2\text{-}7)$$

$C = A_o\left(2\gamma\right)^{n_1} \beta^{n_2} \tau^{n_3}$, бірақ 1,0 кем емес (11.4.2-8)

$$J = \min\left\{Z_T ; \pi\left(\frac{d_o}{2}\right)e_n\right\} \qquad (11.4.2\text{-}9)$$

C_W, C_L және C_N мәндерін 11.4.2-1-кестесі бойынша коэффициенттерді қолданып, (11.3.4-8) формуласы бойынша есептейді. Келесі есептеулерде құбыр мен байланыстырылатын бөлшек үшін сәйкес C_w, C_L және C_N ең үлкен мәндерін қолданған жөн.

11.4.2-1-кесте – Құбыр тәрізді байланыстырылатын бөлшектерді есептеуге арналған коэффициенттер

Параметр	Конструктивтік бөлшек	β диапазоны	A_o	n_1	n_2	n_3
C_W	Құбыр Байланыстырылатын бөлшек	0,3-1,0 0,3-1,0	1,40 4,00	0,81 0,55	[a] [b]	1,33 1,00
C_L	Құбыр Байланыстырылатын бөлшек	0,3-1,0 0,3-1,0	0,46 1,10	0,60 0,23	-0,04 -0,38	0,86 0,38
C_N	Құбыр Байланыстырылатын бөлшек	0,3-0,55 0,3-0,55	0,51 0,84	1,01 0,85	0,79 0,80	0,89 0,54
C_N	Құбыр Байланыстырылатын бөлшек	0,55 - 1,0 0,55 - 1,0	0,23 0,44	1,01 0,85	-0,62 -0,28	0,89 0,54

[a] β^{n_2} мәнін $e^{-1,2\beta^3}$ мәніне ауыстыру
[b] β^{n_2} мәнін $e^{-1,35\beta}$ мәніне ауыстыру

$$\beta \leq 0,55 \text{ үшін } C_T = 1,0 \qquad (11.4.2\text{-}10)$$

$$\beta \leq 1,0 \text{ үшін } C_T = C_N, \text{ бірақ 1,0 кем емес} \qquad (11.4.2\text{-}11)$$

$0,55<\beta<1,0$ үшін C_T мәні сызықтық интерполяция жолымен анықталуы тиіс, бірақ 1,0 кем емес

$$B_w = 0,5C_W, \text{ бірақ 1,0 кем емес} \qquad (11.4.2\text{-}12)$$

$$B_L = 0,5C_L, \text{ бірақ 1,0 кем емес} \qquad (11.4.2\text{-}13)$$

$$B_N = 0,5C_N, \text{ бірақ 1,0 кем емес} \qquad (11.4.2\text{-}14)$$

$$B_T = 0,5C_T, \text{ бірақ 1,0 кем емес} \qquad (11.4.2\text{-}15)$$

Бұрыштық жіктер үшін $K_T = 2,0$
Толық немесе ішінара металмен дәнекерленген жіктер үшін $K_T = 1,8$

ЕСКЕРТПЕ Бұрыштық дәнекерленген жіктер және негізгі металлы ішінара балқытылған дәнекерленген жіктер температуралық жылжығыштық аумағындағы құбырлар үшін тиімсіз болып табылады.

11.4.3 Құбырға металмен дәнекер жіктермен дәнекерленген байланыстырылатын бөлшектер үшін кернеулерді есептеу

σ_{MT}, σ_{NT}, *и* σ_{NT}^{**} кернеулері келесі тәсілдермен есептелуі тиіс.

$$\sigma_{MT} = \frac{B_W W}{A_t} + \frac{B_N M_N}{Z_t} + \frac{B_L M_L}{Z_t} + \frac{Q_1}{A_m} + \frac{Q_2}{A_m} + \frac{B_T M_T}{J} \qquad (11.4.3\text{-}1)$$

$$\sigma_{NT} = \frac{C_W W}{A_t} + \frac{B_N M_N}{Z_t} + \frac{C_L M_L}{Z_t} + \frac{Q_1}{A_m} + \frac{Q_2}{A_m} + \frac{C_T M_T}{J} \qquad (11.\ 4.3\text{-}2)$$

$$\sigma_{PT} = K_T \sigma_{NT} \qquad (11.\ 4.3\text{-}3)$$

$$\sigma_{NT}^{**} = \frac{C_W W^{**}}{A_t} + \frac{C_N M_N^{**}}{Z_t} + \frac{C_L M_L^{**}}{Z_t} + \frac{Q_1^{**}}{A_m} + \frac{Q_2^{**}}{A_m} + \frac{C_T M_T^{**}}{J} \qquad (11.\ 4.3\text{-}4)$$

11.4.4 Құбырға бұрыштық жіктердің немесе ішінара металмен дәнекер жіктердің көмегімен дәнекерленген байланыстырылатын бөлшектер үшін кернеулерді есептеу

Келесі шарттар орындалуы тиіс:

$$\frac{W^{**}}{A_W} + \frac{M_L^{**}}{Z_{WL}} + \frac{M_N^{**}}{Z_{WN}} + \frac{2(Q_1^{**} + Q_2^{**})}{A_W} + \frac{M_T^{**}}{Z_{WT}} \le 2R_{eHt} \qquad (11.3.6\text{-}1)$$

$$\sqrt{\left(\frac{W^{**}}{A_W}\right)^2 + 4\left(\frac{Q_1^{**} + Q_2^{**}}{A_W} + \frac{M_T^{**}}{Z_{WT}}\right)^2} \le 2R_{eHt} \qquad (11.3.6\text{-}2)$$

ЕСКЕРТПЕ Бұрыштық дәнекерленген жіктер және негізгі металлы ішінара балқытылған дәнекерленген жіктер температуралық жылжығыштық аумағындағы құбырлар үшін тиімсіз болып табылады.

11.5 Тік бұрышты байланыстырылатын бөлшектер

11.5.1 Шектеулер

Байланыстырылатын бөлшектер құбырға келесі жіктердің көмегімен дәнекерленеді:

- қосылудың екі ұзын жағы бойымен айқастырылып дәнекерленген жік; немесе

- қосылудың төрт жағында бұрыштық дәнекерленген жік немесе ішінара металмен дәнекерленген жік; немесе

- қажау болмаған кезде осындай жақтың ұзындығы қысқа жақтың ұзындығынан, кем дегенде, үш есе ұзын болса, тармақтанудың екі ұзын жағы бойымен бұрыштық дәнекерленген жік немесе ішінара металмен дәнекерленген жік.

11.5.2 есептелген параметрлер келесі шектерге сәйкес келуі қажет:

$$\beta_1 \le 0,5 \qquad (11.5.1\text{-}1)$$

$$\beta_2 \le 0,5 \qquad (11.5.1\text{-}2)$$

$$\beta_1\beta_2 \le 0,075 \qquad (11.5.1\text{-}3)$$

және

$$D_0 / e_n \le 100 \qquad (11.5.1\text{-}4)$$

11.5.2 Алдын ала есептеу

M_L, M_N, M_T, Q_1, Q_2, және W мәндері жүктеменің сәйкес есептік жағдайларымен байланысқан құбыр бетінде анықталады. M_L**, M_N**, M_T**, Q_1**, Q_2** және W** мәндері жұмыс жүктемелерінің бір уақыттағы барлық белгіленген жағдайларында әсер ететін максималды жүктемелердің абсолютті мәндері болып табылады.

L_1 және L_2 өлшемдері 11.5.2-1-суретте белгіленген.



Шартты белгіленулер
(a) құбыр
(b) тармақтану

11.5.2-1-сурет — Жүктеме және тармақтану өлшемдері

$$\gamma = R_m / e_n \quad (11.5.2\text{-}1)$$

$$\beta_1 = l_1 / R_m \quad (11.5.2\text{-}2)$$

$$B_2 = l_2 / R_m \quad (11.5.2\text{-}3)$$

$$L_a = min\ (L_2; e_n) \quad (11.5.2\text{-}4)$$

$$L_b = min\ (L_1; e_n) \quad (11.5.2\text{-}5)$$

$$L_c = min\ (L_1; L_2) \quad (11.5.2\text{-}6)$$

$$L_d = max\ (L_1; L_2) \quad (11.5.2\text{-}7)$$

η, X_1 және Y_1 мәндерін 11.5.2-1-кестеде көрсетілген коэффициенттерді қолданып, әр жағдай (C_T, C_L, C_N) үшін есептеген жөн:

$$\eta = -\left(X_1 \cos\theta + Y_1 \sin\theta\right) - \frac{1}{A_o}\left(X_1 \sin\theta - Y_1 \cos\theta\right)^2 \quad (11.5.2\text{-}8)$$

$$X_1 = X_o + \lg\beta_1 \quad (11.5.2\text{-}9)$$

$$Y_1 = Y_0 + \lg\beta_2 \quad (11.5.2\text{-}10)$$

ЕСКЕРТПЕ $\lg X = \log_{10} X$ ($\lg 10 = 1$).

11.5.2-1-кесте – Тік бұрышты байланыстырылатын бөлшектерді есептеуге арналған коэффициенттер

Индекс	A_0	θ	X_0	Y_0
C_T	2,2	40°	0	0,05
C_L	2,0	50°	- 0,45	- 0,55
C_N	1,8	40°	- 0,75	- 0,60

Кейін η мәні C_T, C_L және C_N осы коэффициенттерінің көмегімен келесі тәсілдермен есептеледі:

$$C_T = 3{,}82(\gamma)^{1.64}\beta_1\beta_2\eta^{1.54}, \text{ бірақ 1,0 кем емес} \quad (11.5.2\text{-}11)$$

$$C_L = 0{,}26(\gamma)^{1.74}\beta_1\beta_2\eta^{4.74}, \text{ бірақ 1,0 кем емес} \quad (11.5.2\text{-}12)$$

$C_N = 0{,}38(\gamma)^{1.90}\beta_1^2\beta_2\eta^{3.40}$, бірақ 1,0 кем емес (11.5.2-13)

$$B_T = (2/3)\,C_T \quad (11.5.2\text{-}14)$$

$$B_L = (2/3)\,C_L \quad (11.5.2\text{-}15)$$

$$B_N = (2/3)\,C_N \quad (11.5.2\text{-}16)$$

$$A_T = 4L_1L_2 \quad (11.5.2\text{-}17)$$

$$Z_{tL} = (4/3)L_1(L_2)^2 \quad (11.5.2\text{-}18)$$

$$Z_{tN} = (4/3)(L_1)^2 L_2 \quad (11.5.2\text{-}19)$$

- байланыстырылатын бөлшектің төрт жағында келесі өңдеусіз металмен дәнекерленген жіктер мен бұрыштық жіктер үшін $K_{t1} = 2{,}0$;

- байланыстырылатын бөлшектің екі немесе үш жағында ішінара металмен дәнекерленген жіктер мен бұрыштық жіктер үшін $K_{t2} = 3{,}6$.

$$M_{TT} = \max\left(\frac{M_T}{L_c L_d e_n\left[1+(L_c/L_d)\right]}; \frac{M_T}{\left[0{,}8+0{,}05(L_d/L_c)\right]L_c^2 L_d}\right) \quad (11.5.2\text{-}20)$$

ЕСКЕРТПЕ Бұрыштық дәнекерленген жіктер және негізгі металды ішінара балқытумен дәнекерленген жіктер температуралық жылжығыштық аумағындағы құбырлар үшін тиімсіз болып табылады.

11.5.3 Құбырға металлмен дәнекер жіктердің көмегімен дәнекерленген байланыстырылатын бөлшектер үшін кернеуді есептеу

σ_{MT}, σ_{NT}, және σ_{NT}^{**} кернеулері келесі тәсілдермен есептелуі тиіс.

$$\sigma_{MT} = \frac{B_T W}{A_t} + \frac{B_L M_L}{Z_{tL}} + \frac{B_N M_N}{Z_{tN}} + \frac{Q_1}{2L_1L_a} + \frac{Q_2}{2L_2L_b} + M_{TT} \quad (11.5.3\text{-}1)$$

$$\sigma_{NT} = \frac{C_T W}{A_t} + \frac{C_L M_L}{Z_{tL}} + \frac{C_N M_N}{Z_{tN}} + \frac{Q_1}{2L_1L_a} + \frac{Q_2}{2L_2L_b} + M_{TT} \quad (11.5.3\text{-}2)$$

$$\sigma_{PT} = K_T\sigma_{NT} \quad (11.5.3\text{-}3)$$

$$\sigma_{NT}^{**} = \frac{C_T W^{**}}{A_t} + \frac{C_L M_L^{**}}{Z_{tL}} + \frac{C_N M_N^{**}}{Z_{tN}} + \frac{Q_1^{**}}{2L_1L_a} + \frac{Q_2^{**}}{2L_2L_b} + M_{TT}^{**} \quad (11.5.3\text{-}4)$$

11.5.4 Құбырға бұрыштық жіктің немесе ішінара металлмен дәнекер жіктің көмегімен дәнекерленген байланыстырылатын бөлшектер үшін кернеуді есептеу

Келесі шарттар орындалуы тиіс:

$$\frac{W^{**}}{A_W}+\frac{M_L^{**}}{Z_W}+\frac{M_N^{**}}{Z_W}+\frac{\sqrt{(Q_1^{**2}+Q_2^{**2})}}{A_W}+\frac{M_T^{**}}{Z_{WT}}\le 2R_{eHt} \qquad (11.5.4\text{-}1)$$

$$\sqrt{\left(\frac{W^{**}}{A_W}\right)^2+4\left(\frac{Q_1^{**}+Q_2^{**}}{A_W}+\frac{M_T^{**}}{Z_{WT}}\right)^2}\le R_{eHt} \qquad (11.5.4\text{-}2)$$

11.6 Негізгі құбыр үшін кернеулерді есептеу

12-бөлімдегі келесі өзгертілген теңдеулер орындалуы тиіс.

a) Ұдайы әсер ететін жүктемелерде

$$\sigma_1=\frac{p_c D_o}{4e_n}+\frac{0,75iM_A}{z}+\sigma_{MT}\le 1,5f_h \quad \text{және} \quad 0,75i\ge 1,0 \qquad (11.6\text{-}1)$$

M_A ұзақ мерзімді жүктемелердің салдарынан иілу жағдайы

σ_{MT} ұзақ мерзімді жүктемелердің салдарынан қосымша кернеу

b) Ұдайы әсе ететін және уақытша жүктемелерде

$$\sigma_{2a}=\frac{p_c D_o}{4e_n}+\frac{0,75i\left(M_A+M_B\right)}{Z}+\sigma_{MT}\le 1,8f_h \quad \text{және} \quad 0,75i\ge 1,0 \qquad (11.6\text{-}2)$$

M_B кездейсоқ жүктемелердің салдарынан иілу жағдайы

σ_{MT} ұзақ мерзімді және кездейсоқ жүктемелердің салдарынан қосымша кернеу

c) Экстремалды жүктемелерде

$$\sigma_{2b}=\frac{p_c D_o}{4e_n}+\frac{0,75i\left(M_A+M_B\right)}{Z}+\sigma_{MT}\le 2,7f_h \quad \text{және} \quad 0,75i\ge 1,0 \qquad (11.6\text{-}3)$$

M_B ерекше жүктемелердің салдарынан иілу жағдайы

σ_{MT} ұзақ мерзімді және ерекше жүктемелердің салдарынан қосымша кернеу

жылулық кеңеюден және айнымалы жүктемелерден, мысалы, сейсмикалық жүктемелерден, нәтижелеуші жағдаймен M_c шартталған кернеу амплитудасы σ_3 келесі шарттарға сәйкес келуі тиіс:

d) Шектелген жылулық кеңею салдарынан жүктемелерде

$$\sigma_3 = \frac{iM_C}{Z} + \frac{\sigma_{PT}}{2} \le f_a \qquad (11.6\text{-}4)$$

σ_{PT} біркелкі жылулық кеңеюден пайда болған қосымша кернеу

(11.6-4) теңдеуінің талабы орындалмаса, ұзақ мерзімді жүктемелермен (11.6-1) теңдеуі) және біркелкі жылулық кеңеюмен (11.6-4) теңдеуі) шартталған кернеулердің жиынтығы келесі шартты орындауы тиіс:

е) Өзінің салмағының жүктемесі, ұдайы әсер ететін жүктемелер мен шектелген жылулық кеңеюдің салдарынан жүктемелердің тіркесуі кезінде

$$\sigma_4 = \frac{p_c D_o}{4e_n} + 0{,}75i\frac{M_A}{Z} + i\frac{M_C}{Z} + \sigma_{MT} + \frac{\sigma_{PT}}{2} \le f_h + f_a \text{ және } 0{,}75\ i \ge 1{,}0 \qquad (11.6\text{-}5)$$

σ_{MT} ұзақ мерзімді жүктемелердің салдарынан қосымша кернеу

σ_{PT} біркелкі жылулық кеңеюдің салдарынан қосымша кернеу

Келесі теңдеу, (12.3.5-1) теңдеуі сияқты, құбыр қабырғасының кернеуі үшін шекті ұзақ (байланысты) беріктіктің орта мәніне дейін белгілейді.

$$\sigma_5 = \frac{p_c D_o}{4e_n} + 0{,}75\left[\frac{i \cdot M_A}{Z} + \frac{i \cdot M_c}{3Z}\right] + \sigma_{MT} + \frac{\sigma_{PT}}{2} \le 1{,}25 f_{cr} \text{ және } 0{,}75i \ge 1{,}0 \qquad (11.6\text{-}5а)$$

σ_{MT} ұзақ мерзімді жүктемелерден пайда болған қосымша кернеу

σ_{PT} біркелкі жылулық кеңеюден пайда болған қосымша кернеу

Жоғарыда көрсетілген өзгертілген теңдеулерге қосымша келесі шарттар орындалуы тиіс:

$$\sigma^{**}_{NT} \le 2R_{eHt} \qquad (11.6\text{-}6)$$

Температуралық жылжығыштық аумағындағы құбырлар үшін жиынтық кернеуді шектеу (ұзақ беріктік шегінің орта мәнінен кем немесе оған тең):

$$\sigma^{**}{}_{NT} \le 1{,}25 f_{cr} \qquad (11.6\text{-}6а)$$

11.7 Қосылудағы кернеулерді есептеу

11.7.1 Дөңгелек көлденең қима

Уақытқа тәуелсіз құрылым үшін:

$$\frac{\sqrt{(Q_1^{**})^2 + (Q_2^{**})^2}}{A_m} + \frac{M_T^{**}}{J} \le R_{eHt} \qquad (11.7.1\text{-}1)$$

Температуралық жылжығыштық аумағында қосылулар үшін: дөңгелек көлденең қимасы бар қосылу үшін жанама кернеудің шектерін белгілеу (фон Мизес гипотезасына сәйкес ұзақ беріктіктің (жанама) шегінің орта мәнінен кем немесе оған тең):

$$\frac{\sqrt{(Q_1^{**})^2+(Q_2^{**})^2}}{A_m}+\frac{M_T^{**}}{J}\le\frac{1{,}25}{\sqrt{3}}\cdot f_{cr} \qquad (11.7.1\text{-}1a)$$

11.7.2 Тік бұрышты көлденең қима

Уақытқа тәуелсіз құрылым үшін:

$$\sqrt{\left(\frac{(Q_1^{**})}{2L_1L_a}\right)^2+\left(\frac{(Q_2^{**})}{2L_2L_b}\right)^2}+M_{TT}^{**}\le R_{eHt} \qquad (11.7.2\text{-}1)$$

Температуралық жылжығыштық аумағында қосылулар үшін: тік бұрышты көлденең қимасы бар қосылу үшін жанама кернеудің шектерін белгілеу (фон Мизес гипотезасына сәйкес ұзақ беріктіктің (жанама) шегінің орта мәнінен кем немесе оған тең):

$$\sqrt{(\frac{Q_1^{**}}{2L_1L_a})^2+(\frac{Q_2^{**}}{2L_2L_b})^2}+M_{TT}^{**}\le\frac{1{,}25}{\sqrt{3}}\cdot f_{cr} \qquad (11.7.2\text{-}1a)$$

11.8 Есептеудің балама әдістері

Егер 11-бөлімдегі есептеу әдістері қанағаттанарлық нәтижелерге әкелмесе немесе 11.4.1 және 11.5.1 көрсетілген параметрлер сақталмаса, есептеудің балама әдістерін қолданған жөн.

ЕСКЕРТПЕ Осы әдістердің кебіреулері [3], [4], [5] және PDV 5500:2000 белгілі дерекнамаларда сипатталған. Кернеулерді бастапқы, қосымша және ең жоғарғы деп топтастыру және 11.2 бойынша рұқсат етілетін кернеу үшін сәйкес мәндерді белгілеу өндірушінің жауапкершілігінде болып табылады.

12 Кернеулерді талдау және шақтама критерийлері

12.1 Негізге алынатын шарттар

12.1.1 Жалпы ережелер

6-11-бөлімдерде көрсетілген қысыммен жүктеуді есептеу талаптарына қосымша құбырлар салмақтық және басқа жүктемелерге төзуге есептеліп, жылулық кеңею және жылулық қысу немесе басқа себепті ұқсас әсер етулерге зерттелуі тиіс. Ішкі қысымның әсерінен және сильфонды тығыздаудың қаттылығынан пайда болатын осьтік күшейтулердің ықпалын, құбырдың бойлық иілгендігін болдыртпау үшін, бекітілген және бекітілмеген компенсаторларды қолданған кезде ескеру қажет. Осы бөлім бұл талаптарды орындау үшін кернеулерді талдау мен сәйкес шақтама критерийлерін қамтиды.

12.1.2 Жүктеме деңгейлері

Есептелетін жүктеме деңгейлері 4-бөлімде белгіленген.

12.1.3 Рұқсат етілетін кернеулер

12.1.3.1 Рұқсат етілетін кернеулердің негізгі мәндері 5-бөлімде көрсетілген.

12.1.3.2 Кернеу тербелісінің рұқсат етілетін қарқыны f_a келесі формула бойынша анықталады

$$f_a = U\left(1,25f_c + 0,25f_h\right)\frac{E_h}{E_c} \qquad (12.1.3\text{-}1)$$

E_c – жүктеменің қарастырылатын жағдайы үшін металдың ең төмен температурасында ($t = c$) серпімділік модулі;

E_h – жүктеменің қарастырылатын жағдайы үшін металдың ең жоғары температурасында ($t = h$) серпімділік модулі;

f_c – жүктеменің қарастырылатын жағдайы үшін металдың ең төмен температурасында негізге алынатын рұқсат етілетін кернеу, соның ішінде:

$$f_c = \min\left(\frac{R_m}{3}; f\right) \qquad (12.1.3\text{-}2)$$

сонымен қатар, f мәні қоршаған орта температурасында 5.2 бойынша есептеледі.

f_h – жүктеменің қарастырылатын жағдайы үшін металдың ең жоғары температурасында рұқсат етілетін кернеу, соның ішінде:

$$f_h = \min\left(f_c; f; f_{CR}\right) \qquad (12.1.3\text{-}3)$$

f – 5.2 бойынша есептеледі.

сонымен қатар, f_{CR} мәні t_c есептік температурасында 5.3 бойынша есептеледі;

U – 12.1.3-1-кестеден алынатын немесе (12.1.3-4) формуласы бойынша есептелетін (2-ескертпені қараңыз) кернеу тербелісінің қарқыны үшін төмендетуші коэффициент (1-ескертпені қараңыз):

$$U = 6,0N^{-0,2} \le 1,0 \qquad (12.1.3\text{-}4)$$

N – құбырдың болжлды қызмет ету мерзімінің ішінде эквивалентті толық жүктеме циклдерінің саны (3-ескертпені қараңыз).

1-ЕСКЕРТПЕ U коэффициенті тек коррозияға ұшырамаған құбырлар үшін қолданылады. Коррозия айнымалы жүктемелер әсерінен қызмет ету мерзімді айтарлықтай қысқарта алады; сондықтан, жүктеме циклдерінің болжалды жоғары мөлшерінде коррозияға төзімді материалдарды есепке алған жөн.

2-ЕСКЕРТПЕ (12.1.3-1) формуласы $2{\cdot}10^6$ жоғары жүктеме циклдерінің сандарына қолданылмайды. $2{\cdot}10^6$ жоғары жүктеме циклдерінің сандары үшін U мәндерін таңдауды өндіруші жүзеге асырады.

3-ЕСКЕРТПЕ Есептеу кезінде жоғары температураларда қолданылатын материалдардың қызмет ету мерзімі қажау салдарынан қысқаратынын ескеру қажет.

4-ЕСКЕРТПЕ 12.1.3.2 компенсаторларға әрекет етпейді.

Температура ауытқуының диапазоны өзгерсе, эквивалентті температуралық әиклді ауытқудың барлық диапазоны бойынша келесі тәсілмен анықтаған жөн:

$$N = N_E + \sum_{i=1}^{n} \left(r_i^5 N_i \right) \qquad (12.1.3\text{-}5)$$

N_E – жылулық кеңеюден пайда болған кернеуі σ_3 бар температура ауытқуының барлық диапазоны Δt_E бойынша циклдердің саны (12.3.4-қараңыз);

N_i – температура ауытқуының кіші диапазоны Δt_i бар циклдердің саны;

r_i – температура ауытқуының кіші диапазонының σ_3 кернеуі есептелген ауытқу диапазонына қатынасы ($\Delta t_i / \Delta t_E$).

12.1.3-1-кесте – Кернеу тербелісінің қарқыны үшін төмендетуші коэффициент

Температура ауытқуының барлық диапазоны бойынша циклдердің саны N	U коэффициенті
N < 7 000	1,0
7 000 < N ≤ 14 000	0,9
14 000 < N ≤ 22 000	0,8
22 000 < N ≤ 45 000	0,7
45 000 < N ≤ 100 000	0,6
100 000 < N	0,5

12.1.3-1-кесте тек кернеу тербелісінің рұқсат етілетін қарқынын арнайы есептеу үшін қолданылып, осы стандарт бойынша қажет деп саналатын қажауды талдауды алмастыра алмайды.

12.2 Құбырдың серпімділігі

12.2.1 Жалпы ережелер

Келесі жағдайларды болдыртпау үшін барлық құбырлардың жеткілікті серпімділігі болуы қажет:

a) шамадан тыс жүктемелердің немесе қажаудың салдарынан құбырдың немесе тірек пен аспалардың бұзылуы;

b) құбырдың кез-келген бөлігінде герметикалық емес жерлер;

c) құбырдағы шамадан тыс күшейтулер мен жағдайлардың салдарынан құбырлардағы немесе монтаждалған арматурадағы (мысалы, клапандар) немесе құбырмен байланыстырылған машиналардағы немесе

қондырғылардағы (мысалы, қазандар, сораптар немесе турбиналар) қауіпті кернеулер немесе деформацияланулар.

12.2.2 Негізге алынатын шарттар

Құбырдағы орын ауыстырулардың негізіндегі кернеу тербелістерінің есептелген қарқыны 12.1.3.2 бойынша кернеу тербелістерінің рұқсат етілетін қарқынынан аспауы қажет.

Құбырдың есептелген жылжуы белгіленген шекаралардың шеңберінде болып, серпімділікті талдау кезінде ескерілуі тиіс.

Құбырдың серпімділігін келесі шарттар орындалуы үшін жеткілікті жоғары болуы қажет:

- кернеулер есептелген шектік мәндерден аспауы қажет;

- құбырдағы орын ауыстырулардың негізіндегі кернеу тербелістерінің есептелген қарқыны 12.1.3.2 бойынша кернеу тербелістерінің рұқсат етілетін қарқынынан аспауы қажет;

- реакциялар тіректерде, аспаларда немесе байланыстырылатын жабдықтарда бұзылуларды тудыртаын әсер тигізбеуі қажет;

- құбырдың есептелген жылжуы белгіленген шекаралардың шеңберінде болып, серпімділікті талдаған кезде дайықты түрде кішіреюі қажет.

Құбырдың жеткілікті серпімділігі бағытты өзгертулермен (мысалы, құбырдың иілгендіктері, бұрылулары немесе жылжулары), серпімді қосылыстармен (мысалы, компенсаторлар, металл шлангтар) немесе басқа ұқсас құрылғылармен қамтамасыз етілуі қажет.

12.2.3 Жылжулардың салдарынан пайда болған ұзартулар

12.2.3.1 Жалпы ережелер

Жылу немесе сыртқы әсерлерден немесе тіректер мен аспалардың жылжуынан пайда болған жылжулардың салдарынан пайда болған құдбырдың ұзартуларына аса зор көңіл аудару қажет:

- температуралардың ауытқуы себебінен жылжу

Температураның әр өзгеруі құбыр өлшемдерінде өзгерулерге алып келеді. Құбырдың еркін ұзаруына немесе қысылуына құбырдың бағыттаушылары немесе анкерлі бекітулер сияқты байланыстырылатын машиналар немесе бекітулер кедергі келтірсе, құбырда жылжудың кернеуі пайда болады:

- сыртқы әсерлердің себебінен жылжулар.

Сыртқы әсерлер тудыртқан құбыр аспаларының жылжуын температураның ауытқуы себебінен жылжуларға қосқанда, құбырдың жылжуына әкеледі. Осындай жылжулар судың көтерілуі мен қайтуынан (порттағы құбырларда), желдің ұйытқуынан (биік жайық мұнаралардағы құбырларда), байланыстырылатын жабдықтардағы температураның ауытқуларынан, жер сілкіністерінен немесе клапандардың соғып жабылуы сияқты басқа динамикалық жүктемерден пайда болуы мүмкін.

Жердің шөгуінің салдарынан жылжуды бұл шөгулер құбырдағы пайда болған кернеуге ұзақ әсер ететіні немесе жергілікті шектелген

деформациялану немесе құбырдың соңында шамадан тыс реакциялар түріндегі қауіпті қалдық деформациялануға әкелетіндігі дәлелденген жағдайда ғана ескеру қажет:

- құбыр аспаларының жылжуы

Егер құбырлардың аспалары қатты емес деп қарастырылса, жылжу тербелісінің қарқынын және реакцияларды анықтаған кезде олардың серпімділігін есепке алу рұқсат етілмейді.

12.2.3.2 Жылжу себебінен жалпы жылжу

Температуралардың ауытқуы, реакция мен сыртқы әсерлердің себебінен жылжу сәйкес құбыр жүйесіне ықпал етіп, барлығы бірге құбыр жүйесінің бөлек бөліктеріндегі жалпы ұзартуды (пропорционалды пішін өзгеру) анықтаған кезде ескерілуі тиіс.

Ішкі қысымның салдарынан құбырдың бойлық ұзаруының әсерін есепке алған жөн. Бұл әсе етулер барлық периметр бойынша ұзарумен Пуассон ықпалының арқасында ішінара жойылады.

12.2.4 Жылжудан пайда болған кернеулер

12.2.4.1 Серпімді қасиеттер

Бұл ұзартулар құбыр бойымен біркелкі бөлінсе және ешбір жерде ұзартулардың шектері пайда болмаса (теңдестірілген жүйе), құбырдағы кернеулер жылжу салдарынан жалпы ұзартуға пропорционал ретінде қарастырыла алады. Құбырларды есептеу осы стандарттың шеңберінде серпімділікті талдау үшін негізге алынған теңдестірілген қалыпқа қол жеткізуді мақсат етеді.

12.2.4.2 Қалдық деформация

Құбыржолдағы кернеу егер осы құбыржолдың белгілі бір кесіндісінде локальды шектелген ұзару (балансталған жүйе) пайда болатын жағдайда, ығысу себептерімен пропорциональды ұзару сияқты қарастырыла алмайды (балансталмаған жүйе). Егер балансталмаған жүйе қажалу беріктігі саласында пайдаланылатын болса, онда зақым келтіретін әсерлер жүйенің ең сезімтал орындарында сырғу кезінде ұзарудың жиналу салдарынан күшейеді.

Балансталмаған жағдай мынадай себептері бар:

- құбырдың үлкен кесінділерімен тізбектеп қосылған құбырдың кіші кесіндісіндегі жоғары кернеулер;

- диаметр немесе қабырға қалыңдығының локальды шектелген азайюы немесе аққыштықтың айтарлықтай төмен шегі бар материалдың локальды шектелген пайдаланылуы (мысалы, негізгі материалдан қарағанда, беріктігі айтарлықтай төмен қондырма материалын пайдалану арқылы сақиналық жіктер);

- қысқа белгілі бөлшекпен айтарлықтай дәрежеде сіңуге тиіс тұрақты диаметрі бар құбыржолдың негізгі жібінің ұзаруы мен қысқаруы

Локальды шектелген пластикалық бұзылуға әкелетін балансталмаған жағдай құбыржолдың тиісті есебі арқылы болдырмауға немесе минималды

өлшемге дейін азайтылуға тиіс әсіресе бұл тұтқырлығы төмен материалдан жасалған құбыржолдар үшін қолданылады.

Балансталмаған жүйе салдарының көбі алдын ала созылуды мақсатты қолдану арқылы босата алады.

Егер осы тәрізді баланстеңгерімсіздік құрастырылымдық орындалу себебі бойынша құтыла алмайтын жағдайда, есептеу кезіндегі құрастырылым талдаудың тиісті әдістерін қолдану арқылы жеткілікті серпімділігін қамтамасыз етуге тиіс.

12.2.5 Кернеудің азаюы

Жылумен кеңейту арқылы туындаған кернеу тербелісінің шегі локальды аққыштық немесе сырғу салдарынан ыстық жағдайда кернеудің бастапқы шамасында азайтылады. Әдетте қарама-қарсы белгісі бар кернеу түріндегі қосқыш бөлшек салқындаған соң кернеу төмендейді.

Бұл феномен құбыржолдың алдын ала өздігінен созылуы деп аталады және алдын ала созылу сияқты ұқсас әрекеттері болады.

Алдын ала өздігінен созылу көлемі материалға, меншікті кернеуді дайындаған дайындаушы негіздеген бастапқы ұзару шамасына, пайдалану мен оның ұзақтығының жоғары температуралық режим кезіндегі температураға байланысты.

Осы уақытта серпімді кернеу сияқты ыстық жағдайда уақыт өте азаяды, берілген циклдің ыстық және суық кезінде жылумен кеңейту себептерімен ұзару жиынтығы көбінесе өзгермей қалады.

Осы жиынтық сондай-ақ ұзару тербелісінің шегі деп те аталады. Алайда қолжетімді кернеумен түзетуді жеңілдету үшін, жылу жүктемесіне құбыржолды есептеу үшін критерий ретінде кернеу тербелісінің шегі пайдаланылады. Кернеу тербелісінің қолжетімді шегі 12.1.3.2 бойынша анықталады.

Егер құбыржол үшін серпімді қасиеттер қызмет етудің барлық мерзіміне қажет болса, онда кернеу тербелісінің қолжетімді шегі 12.1.3.2 бойынша анықталады және барлық кернеу жиынтығы материал аққыштығының ең төменгі белгіленген шегінен 0,95 аспауға тиіс.

12.2.6 Суық жағдайда алдын ала созу

Суық жағдайда алдын ала созу дегеніміз монтаждау кезінде құбыржолдың қажетті серппімді деформациясы деп аталады, оның көмегімен қажетті бастапқы ығысу мен басқапқы кернеу туындайды. Суық жағдайда алдын ала созу пайдасы ол бастапқы ығысу салдарынан және алдын ала байқалмаған ығысуы бар жағдайда кернеу шамасын туғызады.

Тиісті түрде қолданылған суық жағдайдағы алдын ала созу бастапқы пайдалану режимінде қалдық деформацияның аздаған мүмкіндігін туғызады.

Ол тұтқырлығы төмен материалдар үшін ұсынылады. Бұдан басқа суық жағдайда алдын ала созуға ұшыраған құбыржолда бастапқы пайдалану

режимінде монтаждау жағдайынан ауытқу болымсыз, өйткені құбыр аспасы өзінің алғашқы жағдайынан өте қатты емес жылжиды.

ЕСКЕРТПЕ Алдын ала созуда компенсаторды пайдалану кезінде жылжымалы қосылыстың маңайында қосалқы құралын оңтайландыру керек, ал реакциялар мен кезеңдерді азайту керек.

Қызмет етудің қажалу мерзімі берілген уақыт ішінде кернеудің тікелей шамасы салдарын қарағанда кернеудің өзгеру шамасы қаттырақ түсетін жағдайда, онда суық жағдайда алдын ала созу кернеу тербелісінің шегін есептеу кезінде ескерілмеуге тиіс. Бірақ ол жылжу күштері мен кезеңдерді есептеу кезінде ескерілуге тиіс, олар үшін негізгі реакциялар мен олардың тербеліс шектері маңызды. Суық жағдайда алдын ала созу пайдасы алдыңғы мәнінің 60 % артық емес реакцияны есептеу кезінде белгіленуге тиіс.

12.2.7 Серпімділігін талдауға арналған параметрлер

12.2.7.1 Жылу кеңейту коэффициенттері

Жылумен кеңейту тербелісінің шегі металдың ең жоғары температурасында және металдың ең төменгі температурасында жеке ұзару айырмашылығы сияқты G қосымшасына сәйкес анықтала алады.

ЕСКЕРТПЕ G қосымшасында келтірілмеген материалдарға арналған мәндер қолданыстағы тиісті құжаттамадан таңдалуға тиіс.

12.2.7.2 Серпімділік модулі

Серпімділік таңдауындағы E_t серпімділік модулі үшін құбыржол жүктемесінің қарастырылатын температурасындағы мәндерді пайдалану керек.

Серпімділік модуліне арналған мәндер ретінде G қосымшасында келтірілген мәндер пайдаланыла алады.

ЕСКЕРТПЕ G қосымшасында келтірілмеген материалдарға арналған мәндер қоса жүретін қолданыстағы құжаттамадан таңдалуға тиіс.

12.2.7.3 Көлденең қысу коэффициенті

Көлденең қысу коэффициенті үшін (Пуассон коэффициенті) барлық температура кезінде болаттың барлық маркасы үшін 0,3 мәні серпімділік талдауы үшін қажет етілсе, пайдаланыла алады.

12.2.7.4 Серпімділік және кернеу коэффициенттері

Егер тікелей қолданылатын мәндер немесе жеке жағдайлар үшін есептелген мәндер болмайтын жағдайда, онда есептеу үшін Н қосымшасында келтірілген серпімділік және кернеуді арттыру коэффициенттерін пайдалану керек.

ЕСКЕРТПЕ G қосымшасында келтірілген кернеуді арттыру коэффициенттері тұтқыр ферриттік материалдан жасалған құбыржолдың негізгі құрастырылымдық бөлшегінің қажауын сынаудан шығарылған. Кернеу тербелісінің рұқсат етілетін шегіне арналған мәндер көміртекті болаттар мен аустениттік тот баспайтын болаттар сынағында анықталған. F қосымшасында келтірілген құбыржолдың құрастырылымдық және қосқыш бөлшектері үшін (мысалы, клапандар, торлар, анкерлік бекітпелер, сақиналар немесе қамыттар) кернеуді арттырудың қажетті коэффициенттері олардың құрастырылымдық бөлшектері бейнеленген геометриялық пішіндерін салыстыру жолымен таңдалуға тиіс.

12.2.8 Тіреу жағдайы

Берілген талаптарға байланысты анкерлік бекітпелерді, бағыттау, тіреулер, аспаларды және 12.2.9 бойынша компенсаторлардың тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін құбырлардың сыртында орналастыратын көтергіш элементтерді пайдалану керек.

Анкерлік бекітпелер қосылу орнында құбыржолдың сырғуы мен айналуын болдырмау үшін есептелу керек.

«Тіреу» термині анкерлік бекітпені, жылжымалы тіреуді (мысалы, сырғымалы тіреулер және бағыттауыш) және құрастырылымдық бөлшек қосылыстарын, сондай-ақ сіріппе тіреулері қамтиды (13-бөлім).

ЕСКЕРТПЕ Тіреу жағдайы тіреу нүктесіндегі кездер мен күштерді ұстап тұру қабілеттігін сипаттайды; олар есептеуді тиісті түрде жүргізетін математикалық үлгі арқылы көрсетілуге тиіс.

Барлық тіреу 12 математикалық функция арқылы жасалады. Егер олар *u, v, w* осьтері көмегімен үш координаттық жүйеде көрсетілетін болса, онда күш бағыты бойынша бірдей және бір жақты ығысу арасында және кезеңдік осі бойынша бірдей және бір жағынан айналым арасында тікелей байланыс бар.

Ескерілмеген күш өзінің әрекет ету бағытында ығысу туғызады және ескерілмеген кезең өзінің әрекет ету осінің маңайында айналым туғызады.

Осы функциялар:

- F_u, F_v, F_w күштерінің үш бағытында әрекет ететіндерді қабылдау;
- *u, v, w* осьтері мен M_u, M_v, M_w; кезеңдеріне қатысты әрекет ететіндерді қабылдау;
- δ_u, δ_v, δ_w үш бағытында ығысу;
- *u, v, w* қатысты Φ_u, Φ_v , Φ_w айналымдары;

Тіреудің тірек жағдайын нақты көрсету үшін бір біріне байланысты емес алты функция қажет.

Үш осьтің біреуінде кедергісіз ығысу, сондай-ақ үш осінің біреуінің маңайында кедергісіз айналу мүмкіндігі еркін дәрежесі деп аталады. Өйткені алты еркін дәрежесі кедергісіз жылжуға толығымен теңбе – тең болса, онда нөлден бес еркін дәрежесіне дейін болады.

Типтік тіреулер:

- бекітпе құрылғысы: барлық бағытта күштер мен кезеңдерді ұстап тұратын тіреулер, мысалы: анкерлік бекітпелер;

- жартылай тіреу функциясы бар тіреулер мен аспалар: 1 – 5 еркін дәрежесі бар тіреулер;

- құрастырылымдық бөлшектің серпінді қосылыстары: қосылыс орындары, мысалы қазандықтар, құралдар, сорғылар үшін олардың күштер мен кезеңдерді қабылдау қабілеттілігі құрастырылымдық бөлшек қаттылығына байланысты;

- тіреу жүктемесі өзгеретін тіреулер: тіреулер, олардың күштер мен кезеңдерді қабылдау қабілеттілігі серіппе және деформация серіппесімен сызықтық байланыста болады;

- тіреу жүктемесі тұрақты тіреулер: ығысудың барлық жолдары бойынша тұрақты тіреу жүктемесі бар тіреулер;

- соққылар мен дірілдерді сөндіргіштер: соққыларды сөндіргіш – динамикалық жүктеме кезінде бұл құрылғы (мысалы, гидравликалық соққы) жылжу бағытындағы күш қабылданады.

Дірілді сөндіргіштер (тербеу тіреулері) дірілді азайту үшін қолданылады, олардың тіреу функциясы соққыларды сөндіргіштің тіреу функциясымен салыстырылады.

Статикалық жүктеу салдарынан күштер (мысалы, меншікті салмақ, жылу кеңейту салдарынан және т.б.) қабылданбайды;

- топсалы тіреулер: топсалы тіреулер жеке тіреу функциясы бар бекітпе бұйымдары үшін ішкі топты туғызады және өзінің топсаның қосылу бағытында ығысуды болдырмайтын болып табылады.

Тіреулерді жүктеудің жүктеу құбыржолмен берілетін барлық жүктемені ұстай алатындай етіп есептеу керек.

Жобалау және есептеу 13-бөлім бойынша орындалуға тиіс.

12.2.9 Компенсаторлар

Өзінің әр түрлі жылжымалы қасиеттері бойынша компенсатордың екі санатын айыру керек:

- бекітілмеген (осі бойынша және барлық жағынан);

- бекітілген (бұрышы бойынша және бүйір жағынан).

Бекітілмеген компенсаторлар үшін құбыржол деформациясын болдырмау үшін тиісті бекітпелер мен қосымша бағыттауыштар қажет етіледі. Осы бағыттауыштар арасындағы максималды қашықтыққа арналған нұсқаулар С қосымшасында келтірілген.

Құбыржол «қатты құбыржолдарға арналған әдіс» немесе компенсатор серпімділігін дайындаушының келтірген мәндерін пайдалану арқылы 12.3 бойынша талдау жолдарын сынау керек.

12.2.10 Серпімділікті талдау

12.2.10.1 Серпімділіктің формалды талдауын алып тастау

Серпімділіктің формалды талдауы қажет етіледі, егер құбыржол мына шарттардың біреуін орындаса:

- айтарлықтай қосымша өзгертусіз немесе жұмыстың расталуын қанағаттандыратын қолданыстағы құбыржол үшін ауыстыру ретінде ауыстыру ретінде монтаждалады;

- талдауы бар басқа да құбыржолдармен салыстыру арқылы болымсыз шығындарымен тиісті түрде бағалана алады;

- біртұтас көлденең қимасы бар, екіден аспайтын анкерлік бекітпелер және ешқандай аралық бекітпелер немесе құбыр үшін өзге де бағыттау құрылғысы максимум 7000 толық жүктеу циклінің (газқұбырда 1000 толық жүктеу циклдері) қызмет ету мерзіміне есептелген және мына эмпирикалық теңсіздік орындалады:

$$\frac{D_o Y}{(L-l)^2} \le 208,3 \qquad (12.2.10\text{-}1)$$

мұндағы,

D_0 – құбыржолдың номиналды сыртқы диаметрі, мм;

L – анкерлік бекітпе арасындағы құбыржол кесіндісінің ұзындығы, м;

l – анкерлік бекітпе арасындағы қашықтық (тіреу нүктелері арасындағы түзу кесінде), (м);

Y – құбыржолмен қабылданатын тең әрекеттегі жылжулар.

Келтірілген теңсіздік – бұл мысал талдауды ықшамдау әдісіне арналған.

ЕСКЕРТПЕ Бұл теңсіздік нақты және тұрақты нәтижелерге әкелетіні жалпы растау болмайды. Ол ферриттік материалдар үшін әзірленген және қатты айнымалы кернеуге ұшырайтын құбыржолдар үшін қолданылмайды. Құбырлардың белгілі бір конфигурациясы үшін қолдану мұқият қарастырылуға тиіс, мысалы тең бүйірлі емес құбырлардың U-тәрізді бүгілістері ($L/l > 2,5$), құбыржолдың «ара тәрізді жіптерінің диаметрі үлкен жұқа қабырғалы құбырларда немесе жалпы ығысудың айтарлықтай бөлігін көрсететін, ығысудың сыртқы күштерімен туындаған құбыржолдарда (тіреулер арасындағы тік бағытта емес). Егер құбыржол жоғарыда келтірілген шарттар орындалатын жағдайда, қосылыс орындарындағы реакция өте төмен болатынына кепілдік жоқ.

12.2.10.2 Серпімділіктің формалды талдауы

12.2.10.1 тармағының талаптары орындалмаған құбыржолдар үшін ықшамдалған, жуықталған немесе бөлшекті талдау өткізу керек. Ықшамдалған немесе жуықталған талдау, егер оған арналған шекті мәндер сақталатын жағдайда рұқсат етіледі.

Талдаудың қабылдарлық бөлшекті әдістерінде жылжып ұзару салдарынан күш, кезеңдер мен кернеуге ықтимал баға беретін аналитикалық және графикалық тәсілдерді пайдаланады.

Толық талдауда құбырлардың түзу кесіндісінен басқа, барлық басқа қосқыш бөлшектері үшін кернеуді арттыру коэффициенттерін ескеру керек. Алайда осы қосқыш бөлшектердің серпімділігі оларға қарсы тұра алады.

12.2.10.3 Негізін қалаушы болжамдар мен талаптар

10.3.1 Егер тек мүмкін болса, онда формалды талдау анкерлік бекітпе нүктелері арасында немесе шекті шарттары белгілі нүктелер арасындағы толық жүйелерде өткізу керек. Бұған, мысалы симметриялық ось жатады. Кедергісіз жылжу бағыттары және тіреудегі бекітулерді талдауда модельдеу керек.

ЕСКЕРТПЕ Орындалу нақты есептеуге сәйкес келетіндей мұқият бақылау керек.

Үйкеліс күші қарастырылуға тиіс. Егер үйкеліс әрекеті айтарлықтай саналса, онда құбыржолды жобалау кезінде оларға негізделген қосымша күштерді ескеру керек.

12.2.10.3.2 Егер серпімділік талдауының күрделілігін төмендету үшін жорамалдарды ықшамдау қажет етілетін жағдайда, онда ықшамдау шарттарын есептерде көрсету керек. Егер есептеулерде немесе сынақтарда үлгілер ықшамдалған жорамалдар пайдаланылатын болса, онда кернеу концентрациясының әсерін қоса, күштер, кезеңдер мен кернеу талдауына ықтималды бағалау керек

12.2.10.3.3 Талданатын құбыржолдың және барлық тіреулердің және аспалардың барлық қосқыш бөлшектерінің мәнін бағалау керек, мысалы қосылған жабдықта немесе кіші бұрылыста күштер мен кезеңдерді азайту үшін пайдаланылатын аралық бекітпелерді қоса, қосымша тіреулер мен бағыттауыштар.

12.2.10.3.4 Қосылған құрылғыларының сызықтық жылжуы мен айналуын ескеру керек.

12.2.10.3.5 Құбырларды, бұрмаларды, үштіктерді бүгу үшін Н қосымшасында көрсетілген сияқты серпімділік коэффициенттері және кернеуді арттыру коэффициенттерін пайдалану керек.

12.2.10.3.6 Қосылған жабдықта құбыржол әсерін талдау және есептеу үшін (күштер, кезеңдер, жылжу және айналымдар) құбыржол үшін қолданылатын шартты міндетті белгілер мен осьтер жүйені әзірлеу керек.

12.2.10.3.7 Барлық құбыржолдың қаттылығына тек болымсыз әсерді көрсететін кіші өлшемдердің қосқыш бөлшектері көлденең қимасы олардың тиімді қаттылығына шамамен сәйкес келетін білік түрінде жүйелік көрсету керек.

Ірі өлшемдердің қосқыш бөлшектері, мысалы қазандықтар барлық құбыржолға айтарлықтай әсер көрсете алады. Осының салдарынан осы қосқыш бөлшектер талдау үлгісіндегі олардың спецификалық қаттылығына сәйкесінше көрсетілуге тиіс, мысалы тіреу нүктесіне білік сызықтары арқылы немесе қаттылық матрицасы түрінде көтергіш құрастырылымды көрсету арқылы.

12.2.10.3.8 Қажетті көлемде тіреу элементтерінің әсерін ескеру керек. Қажет болған жағдайда реакция мен кезең мәндеріне қатысты тіреулердің қаттылығы үлгі арқылы жасалауға тиіс.

12.2.10.3.9 Компенсаторлар қаттылығы меншікті қаттылық сияқты (тікелей қаттылық матрицасын қоса) қарастыру керек.

ЕСКЕРТПЕ Құбыржолдың меншікті жиілігі дыбыс көзінің жиілігіне сәйкес келетін жағдайда, дыбысты толқын әсерімен туындаған қажалу құбыржолда туындайды. Осы жағдайда осы бөлімде қарастырылмайды, егер оның туындауын ескеру қажет болса, онда қажет болған жағдайда мамандардың кеңесіне жүгіну керек.

12.3 Серпімділікті талдау

12.3.1 Жалпы ережелер

Тиісті құбыржолдың сенімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін төменде сипатталған сияқты кернеудің анықталуы мен шектелуін өткізу керек.

(12.3.2-1) және (12.3.3-1) формулалар бойлық кернеуді пайдалану және негізделген есептеу үшін қолданылады, (12.3.4-1) және (12.3.4-2) формулалар жүктеу себебі бойынша кернеу тербелісінің шектері үшін барлық құбыржол деформациясы туындайды.

Кернеу ішкі кернеуді алып тастау салдарынан үштен екіне түсетінін жібере отырып, (12.3.5-1) формулада бұзылатын кернеудің ұзақ әсері кезінде, материалдар қасиеттеріне қатысты жылулық кеңейтуден және кернеудің айнымалы жүктеуінен ағатындардың үштен бір бөлігі ескеріледі.

(12.3.6-1) формула көмегімен жеке, қайталанбайтын жүктеу материалға зиян келтіретін ұзаруды туғызбайтындай етіп белгіленеді. Кернеулер қабырғаның номиналды қалыңдығы үшін анықталады.

ЕСКЕРТПЕ Кернеу шектері жеткізудің техникалық шарттарына сәйкес жіксіз және дәнекерлеу құбырлары үшін рұқсат етілетін қабырға қалыңдығын азайтуы ескеріледі.

Кернеуді арттыру коэффициенттеріне арналған i мәндері Н-1 және Н-2 кестелерінде келтірілген.

12.3.2 - 12.3.6 тармақтарда келтіргендерге балама айтарлықтай нақты кернеу есептеулеріне қарастырылатын жазықтық шектерінде және шегінен тыс кезеңде кезеңдерді ыдырату арқылы Н-3 кестесінде келтірген, кернеуді арттырудың тиісті коэффициенттерін пайдалана отырып анықтала алады.

Осы жағдайда (12.3.2-1), (12.3.3-1), (12.3.4-2) және (12.3.5-1) формулаларды M_A, M_B және M_C кезеңдері үшін $0{,}75i$ коэффициентінің орнына Н-3 кестесі бойынша i_0 немесе I_i мәндерін пайдалану керек.

ЕСКЕРТПЕ (12.3.2-1), (12.3.3-1), (12.3.4-1), (12.3.4-2) және (12.3.5-1) теңдеулердегі $\frac{p_c d_0}{4e_n}$ қысым көрсеткіші $\frac{p_c d_i^2}{d_0^2 - d_i^2} + \frac{p_c}{2}$ балама көрсеткішімен ауыстырылуы мүмкін.

Жалпы және балама әдістері үшін қажет болған жағдайда белгіленген 0,75 түсіру коэффициентін қоса, кернеуді арттыру *i* коэффициенттері кемінде 1,0 ($0{,}75i \geq 1{,}0$)мәні болуға тиіс.

Егер 1 кіші мәні алынатын жағдайда, онда 1,0 минималды мәнін пайдалану керек.

12.3.2 Тұрақты қолданылатын жүктеме кернеуі

Есептік қысым p_c алғашқы кернеу σ_i және нәтижелі кезеңі M_A мәндері масса және басқа да тұрақты қолданылатын механикалық жүктеме салдарынан келесі теңсіздікті орындауға тиіс.

$$\sigma_1 = \frac{p_c d_o}{4e_n} + \frac{0{,}75iM_A}{Z} \leq f_f \qquad (12.3.2\text{-}1)$$

мұндағы, M_A –

- монтаждалған және қосылған бөлшек оқшаулауын қоса, құбыржолдың меншікті массасы;
- тасымалданатын заттың массасы;
- жүктелмеген осьтік компенсатор және т.б. салдарынан ішкі қысым күштерінен шығатын мына жүктемелердің ең қолайсыз үйлесімі үшін анықталатын тұрақты қолданылатын жүктеменің нәтижелі кезең.

f_f - N/мм^2 (МПа) с f_f= мин $(f; f_{cr})$ өздігінен компенсациялауды талдауға арналған есептік кернеу

12.3.3 Уақытша қолданылатын немесе кездейсоқ жүктемеден туындаған кернеулер

Масса және басқа да тұрақты қолданылатын механикалық жүктеме және M_B нәтижелі кезеңі әсерінде ішкі қысым p_c алғашқы кернеу σ_2 және нәтижелі кезеңі M_A мәндерінен туындаған қосынды уақышта қолданылатын немесе кездейсоқ жүктеме әсерінде мына теңсіздік орындалуға тиіс.

$$\sigma_2 = \frac{p_c d_o}{4e_n} + \frac{0{,}75iM_A}{Z} + \frac{0{,}75iM_B}{Z} \leq kf_f \qquad (12.3.3\text{-}1)$$

мұндағы, M_B –

- жел жүктемесі $(T \leq T_B/10)$;
- қар жүктемесі;
- $(T \leq T_B/100)$ ауыстырып қосу процестерінің салдарынан динамикалық жүктеулер;
- сейсмикалық жүктеу $(T \leq T_B/100)$ мына жүктемелердің ең қолайсыз үйлесімі үшін анықталатын уақытша қолданылатын немесе кездейсоқ тұрақты қолданылатын жүктеменің нәтижелі кезең.

f_f - N/мм^2 (МПа) с f_f= мин (f; f_{cr}) өздігінен компенсациялауды талдауға арналған есептік кернеу

k = *1*, егер уақытша қолданылатын жүктеме 24 сағ ішінде 10 % артық кез келген пайдалану кезеңінде әсер ететін жағдайда, мысалы қар мен жел төңірегі үшін кәдімгі.

k = *1,15*, егер уақытша қолданылатын жүктеме 24 сағатта 10 % кем кез келген пайдалану кезеңінде әсер ететін жағдайда,

k = *1,2*, егер уақытша қолданылатын жүктеме 24 сағатта 1 % кем кез келген пайдалану кезеңінде әсер ететін жағдайда, мысалы жер сілкінуді есептеу кезінде ескерілген жабық/ашық клапан салдарынан болатын динамикалық жүктеу.

k = *1,3*, келіп түсу ықтималдығы ең кіші кездейсоқ жүктемеде, мысалы қатты қар/жел (яғни, 1,75 еселі күш артуы).

k = *1,8*, апаттық ажырату кезінде жер сілкіну салдары.

p_c параметрі – қарастырылатын жүктеме шамасы кезінде пайда болатын максималды есептік қысым, бұл ретте есептік қысым минималды мәні ретінде пайдалану керек.

Жер сілкіну кезінде анкерлік бекітпе ығысуымен туындаған әсерлер, егер олар теңсіздікте ескерілсе, ескерілмеуі мүмкін (12.3.4-1).

Егер басқалар белгіленбеген жағдайда, онда мына келісімдер қолданылады:

a) T әрекет ету уақыты T_B пайдалану жиынтық уақытына қатысты жақшадағы мәндерге келтірген мәндерге сәйкес келеді.

b) қар және жел жүктемелері бір уақытта әрекет етпейді;

c) нагрузки с $(T \leq T_B/100)$ –мен жүктеме бір уақтта әрекет етпейді.

12.3.4 Жылу кеңейтуі және айнымалы жүктеме кезінде кернеу тербелісінің шегі

Жылу кеңейтуі және айнымалы жүктеме салдарынан M_c нәтижелі кезеңімен туындаған, мысалы сейсмикалық жүктеу, σ_3 кернеу тербелісінің шегі мынадай теңсіздікті орындауға тиіс:

$$\sigma_3 = \frac{iM_C}{Z} \leq f_a \qquad (12.3.4\text{-}1)$$

Егер (12.3.4-1) теңсіздігі орындалмаса, онда тұрақты қолданылатын механикалық жүктеме салдарынан есептік қысым p_c алғашқы кернеу σ_4 және M_A нәтижелі кезеңі мәндері және жылу кеңейтуі және айнымалы жүктеу салдарынан M_B нәтижелі кезеңінен туындаған жиынтық мына теңсіздікті орындауға тиіс:

$$\sigma_4 = \frac{p_c d_o}{4e_n} + \frac{0,75iM_A}{Z} + \frac{iM_C}{Z} \leq f_f + f_a \qquad (12.3.4\text{-}2)$$

Мұндағы, M_c – серпімділік модулының қарастырылатын температурасы кезінде қолданылатын мәндерді пайдалана отырып, кезеңдердің айтарлықтай

ерекшеліктерінен анықталатын жылу кеңейтуі және айнымалы жүктемесі салдары нәтижелі кезеңі тербелісінің шегі

f_f - N/мм^2 (МПа) с f_f = мин (f; f_{cr}) өздігінен компенсациялауды талдауға арналған есептік кернеу

Бұл ретте мына факторларға назар аударылады:

- жылу кеңейтуі және ішкі қысым салдарынан қосылу нүктесінде ығысуды қоса, бойлық бағыттаудағы ұзару;
- егер анкерлік бекітудің ығысу әсері (12.3.3-1) теңсіздікте жіберілген жағдайда, жер сілкіну сладарынан қосылу нүктелеріндегі ығысулар;
- қосылу орындардағы желмен негізделген жылжулар;
- үйкеліс күштері.

Бұдан басқа тоқтау кезінде құбыржолдың жүктеу деңгейін қарастыру керек.

Қажет болған жағдайда монтаждау кезінде қабылданған суық жағдайдағы құбыржолдың алдын ала созылуы ескерілмей қалады, яғни M_c үшін негізге орналастырған пайдалану жағдайы суық жағдайда алдын ала созылу орын болмайтындай етіп есептеледі.

12.3.5 Қажау беріктігі саласындағы қосымша шарттар

Масса және басқа да тұрақты қолданылатын механикалық жүктеме салдарынан есептік қысым p_c, кернеу σ_5 және нәтижелі кезеңі M_A мәндерінен және жылу кеңейтуі және айнымалы жүктеме салдарынан M_B ағу кезеңі туындаған қажау беріктігі саласында пайдаланылатын құбыржолдарда мына теңсіздік орындалуға тиіс:

$$\sigma_5 = \frac{p_c d_o}{4e_n} + \frac{0,75iM_A}{Z} + \frac{0,75iM_C}{3Z} \le f_{CR} \qquad (12.3.5\text{-}1)$$

Егер серіппелі емес қасиеттерті толық талдау арқылы басқа мәндер расталмаса, онда (12.3.5-1) теңсіздіктегі материалдың қажалу беріктігін есепке алу үшін M_c кезеңі мәнінің үштен бірі бөлігін пайдалану керек.

12.3.6 Құбыр аспасының бір реттік жылжу себебінен туындайтын кернеу

Егер 5-бөлімде келтірілген есептік кернеу уақыттан байланысты болмаса, онда құбыр аспасының бір реттік ығысу салдарынан M_D нәтижелі кезеңі арқылы туындаған σ_6 кернеуі мына теңсіздікті орындауға тиіс:

$$\sigma_6 = \frac{iM_D}{Z} \le \min\left(3f; 2R_{p0,2t}\right) \qquad (12.3.6\text{-}1)$$

Мұндағы, M_D - құбыр аспасының бір реттік ығысу салдарынан M_D нәтижелі кезеңі, мысалы құрылыс жұмысы салдарынан топырақтың ығысуы немесе іргетастың шөгу салдарынан қосылу нүктелеріндегі жылжу.

Егер 5-бөлімде келтірілген есептік кернеу уақыттан байланысты болмаса, онда есептелген кернеу мына мәндерден аспауға тиіс:

- ферриттік болатта есептік температура кезінде 0,2 % аққыштық шегінің 0,3-еселі мәні;

- аустениттік болатта есептік температура кезінде 1,0 % аққыштық шегінің 0,3-еселі мәні.

ЕСКЕРТПЕ Құбыржолдың кіші бөлігінде айтарлықтай серпімді емес ұзару пайда болуы мүмкін, осы уақытта қалған жүйе сияқты қатты серпімді болады. Бұл тиісті бөлік кіші көлденең қима, берік емес материалдар немесе айтарлықтай жоғары температура салдарынан айтарлықтай бос болып табылатын кездегі жағдай. Айтарлықтай серпімді емес ұзару пайда болатын шарттарда болдырмау керек. Егер бұл мүмкін болмаса, онда серпімді емес қасиеттердің толық талдауын өткізу керек.

12.3.7 Нәтижелі кезеңдерді анықтау

12.3.2 - 12.3.6 теңсіздіктегі M_A, M_B, M_C, M_D кезеңдері мәнін анықтау кезінде мынадай негізгі ережелер сақталуы керек.

x, y, z тік үшбұрышты координат жүйесінде M_{xi}, M_{yi}, M_{zi} осьтеріне қатысты M_i (i = 1,2,..., n) бір уақыттағы қолданыстағы кезеңі үшін нәтижелі жалпы кезеңі кезеңдер қосындысына тең:

$$\vec{M} = \begin{pmatrix} M_x \\ M_y \\ M_z \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} \sum_1^n M_{xi} \\ \sum_1^n M_{yi} \\ \sum_1^n M_{zi} \end{pmatrix} \qquad (12.3.7\text{-}1)$$

және

$$M = \sqrt{M_x^2 + M_y^2 + M_z^2} \qquad (12.3.7\text{-}2)$$

Егер T_a уақытында M_{Ta} жалпы кезеңі әрекет ететін болса, басқа T_e уақытында M_{Te} жалпы кезеңі әрекет ететін болса, онда нәтижелі айнымалы кезеңдерде кезеңдер арасындағы айырмашылық мәні болады:

$$\vec{M} = \vec{M}_{Te} - \vec{M}_{Ta=} \begin{pmatrix} M'_x \\ M'_y \\ M'_z \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} M_{xTe} - M_{xTa} \\ M_{yTe} - M_{yTa} \\ M_{zTe} - M_{zTa} \end{pmatrix} \qquad (12.3.7\text{-}3)$$

мәні бар

$$M' = \sqrt{M'^2_x + M'^2_y + M'^2_z} \qquad (12.3.7\text{-}4)$$

Кезеңдер құбырының үштік және бүгілісте пайда болатындар үшін мысалы 12.3.7.1 және 12.3.7-2 суреттерінде көрсетілген.



Шартты белгіленулер

M_0 – қарау жазықтығы шектерінен тыс бүгілетін кезең;

M_i – қарау жазықтығында бүгілу кезеңі;

M_T – айналу кезеңі;

M_R – нәтижелі кезең, $\sqrt{M_o^2 + M_i^2 + M_T^2}$

12.3.7-1 суреті. Үштіктегі кезеңдер



Шартты белгіленулер

M_0 – қарау жазықтығы шектерінен тыс бүгілетін кезең;

M_i – қарау жазықтығында бүгілу кезеңі;

M_T – айналу кезеңі;

M_R – нәтижелі кезең, $\sqrt{M_o^2 + M_i^2 + M_T^2}$

12.3.7-2 суреті – Құбырдың бүгілістегі кезеңдер

12.3.8 Реакциялар

Қосылған жабдықта есептелген реакциялар белгіленген шекті мәндерден аспауға тиіс.

12.4 Қажалуды талдау

Егер 10-бөлімі бойынша қажалу талдауы қажет етілсе, онда кернеу тербелісінің шектері мен жүктеу циклінің тиісті рұқсат етілетін сандары жауапты құбыржол орындарындағы барлық белгіленген жүктеу деңгейі үшін анықталуға тиіс.

1-ЕСКЕРТПЕ. Тиісті қосымшаларды қоса, ЕН 12952-3 бойынша есептеу әдісі сыртқы күштер мен кезеңдер айтарлықтай әсер көрсетпейтін жағдайда, қабылдау талдау үшін пайдаланыла алады. EN 13445-3 стандартындағы есептеу әдісі балама ретінде қолданыла алады.

2-ЕСКЕРТПЕ. Осы бөлімде компенсаторлардың қажалуын талдау қарастырылмайды.

12.5 Діріл

Діріл пайда болу мүмкін кезінде, мысалы сыртқы циклдік жүктемеден немесе құбырдағы сұйық қозғалыс салдарынан құбыржол жобалаушысы проблема масштабын зерттеу және діріл әсерін жою немесе азайту құралы ретінде мыналарды тексеру керек.

- еркін тербелістің балама жиілігі бар құбыржол трассасын қарастыру;
- айналу//дірілдеу жабдығымен бірге қосымша тіреулер жүргізу;
- топтандырылған жүктемеге жанайтын аймақтағы қосымша тіреу қарастыру;
- қосымша анкерлік бекітпелер;
- температуралық кеңейтілген орындарда соққыны баяулатқыш немесе көлденең байланыстарды монтаждау;
- бағыттауды өзгерту орындарында бағыттауышты жүргізу;
- бекітуге арналған тұтқа орнына сырғымалы тіреуді өткізу
- серіпппелі тіреулердің мөлшерін өзгерту.

13 Тіреулер

13.1 Жалпы талаптар

13.1.1 Кіріспе

13-бөлімде EN 13480 бойынша талаптар қолданылатын жылжуларды қабылдауға және басқаруға қойылатын талаптар бар.

ЕСКЕРТПЕ I-N қосымшасын қарау..

Осы бөлімінің талаптары тіреулер бекітілген көтергіш құрастырылымға, жемірілу және қажалу пайда болатын пайдалану шарттарына қолданылмайды.

Тіреулер – көтергіш құрастырылымның қоршау жүйесімен құбыржолды қосатын көтергіш элементтер. Олар

- құбыржол массасын және оларға қосылған құрылғыларды қабылдау;
- құбыржол жылжулармен басқару;
- көтергіш құрастырылымның қоршау жүйесіне құбыржол жүктемесін беру және белгілі бір орындарда құбыржолдың еркін алты дәрежесінен бір немесе бірнешеуін компенсациялау немесе шектеуге арналған.

13.1.2 Тіреулерді жіктеу

Тіреумен ұсталып тұратын құбыржол класы бойынша олар үш топқа бөлінеді (13.1.2-1 кестесі).

13.1.2-1 кестесі – Тіреулерді жіктеу

Құбыржол класы	Тіреу класы
III	S3
II	S2

13.1.2-1 кестесі *(жалғасы)*

Құбыржол класы	Тіреу класы
I/ no [a]	S1
[a] Қысым астында жұмыс істейтін жабдық үшін ЕС директивасына сәйкес қатысушы – мемлекеттің тиісті инженерлік практикасын қоса (PED), 3.3-бап.	

Егер кластары әр түрлі құбыржолдарда жалпы тіреулер бар болса, онда осы тіреулер сәйкесінше жоғары класс талаптарына сәйкес келуге тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Дайындауды үйлестіру себептері бойынша құбыржол кластарына сәйкес қажет етілетін айтарлықтай жоғары класс тіреуін жеткізу мақсатқа сай болуы мүмкін.

13.1.3 Қосымша терминдер мен анықтамалар

13-бөлімде 3.1 тармағында келтірілген терминдер мен анықтамаларға қосымша, тиісті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер қолданылады.

13.1.3.1 анкерлік бекітпе: Тіреу орнында есептік температурасында және есептік жүктеу кезінде құбыржолдың жалпы салыстырмалы бұрылуы мен жылжуын болдырмайтын қатты құрылғы және өзі жылжуға өтуі мүмкін.

13.1.3.2 осьтік стопор немесе көлденең бағыттау тіреуі: Әрекет ету бағытымен анықталатын құбыржолдың осьтік жылжуын шектеуге арналған құрылғы.

13.1.3.3 бағыттау тіреуі: белгілі бір бағытта құбыржолдың жылжуына рұқсат ететін, бірақ басқа бағыттарда болдырмайтын құрылғы.

13.1.3.4 соққыны азайтқыш: бір немесе бірнеше бағыттарда құбыржолдың динамикалық жүктемелеріне ұшырайтын тез ағатын жылжуды шектейтін, сол уақытта ол осы бағыттарда ақырын ағатын жылжуларлы рұқсат ететін (мысалы, жылу кеңейту салдарынан) өздігінен тежелетін немесе өздігінен бәсеңдейтін құрылғы.

13.1.3.5 дірілбасқыш: дірілбасқыш алдын ала созылуыларының себебінен дірілді құбырларға басқыштық әсер ететін құрылғы.

13.1.3.6 серіппе тірек: тік әрекет ететін жүктерлі қабылдайтын, бірақ тік бағытта жылжуына жол беретін қондырама немесе серіппе аспа түрінде жасалған серіппенді тірегіш құрылғы.

13.1.3.7 қатты тірек: тік әрекет етуші жүктемелерді қабылдайтын, бірақ тігінен төмен жылжуға кедергі жасайтын құрылғы.

13.1.3.8 топсалы тірек: бір жазықтықта құбырды ұстап тұра алатын тетік, ол әдетте динамикалық жүктеме кезінде қолданылады.

13.1.3.9 сырғанақ тірек: тік жазықтықта айтарлықтай жылжулардың орын алуына кедергі болмайтын, жүктеменің тіке бөлшектерін қабылдайтын тетік.

13.1.3.10 соққы басқыш (амортизаторлық тірек, діріл оқшаулағыш): жылжу бағытында ақырын жылжуға жол беретін (мысалға, температурлық кеңею болған кезде) динамикалық жүктеменің әсерінен құбырдың тез жылжудағы оның әрекет ету бағытында жылжуды шектеу үшін өзіндік блоктау немесе өзіндік тежеугіші бар құрал.

13.1.4 Бөлу

13.1.4-1 – 13.1.4-3 суреттерінде көрсетілгендей тірек пен салмақ түсетін құрылымнан бөлген жөн.



Стандарттық құрауыштардан жасалған құбырлық тіреу



Тапсырыс берушінің техникалық шарттары бойынша құбырлық тіреу

Шартты белгіленулер

(A) құбыр
(B) құбырлық тіреу
(B1) құбырлық тіреу (мысалы, қамыттық сүйеу)
(B2) құбырлық тіреу (мысалы, аралық болат)
(C) құрастырылым

13.1.4-1 сурет — Болат құрастырылымға қосу



Шартты белгіленулер

(A) құбыр

(B1) құбырлық тіреу (мысалы, құбырлық қамыт, серіппе тіреу/аспа, бұрандалық қадалар, қосқыш бөліктер)

(B2) құбырлық тіреу (мысалы, аралық (қосалқы) металл құрастырылым)

(C) құрастырылым

13.1.4-2 сурет — Құрастырылымды серіппе тіреуінің қосылу мысалы



Шартты белгіленулер
(A) құбыр
(B1) құбырлық тіреу (мысалы, қамыттық сүйеу)
(B2) құбырлық тіреу (мысалы, аралық болат жұмысы)
(C1) құрастырылым бөлігі сияқты бұрандалар
(C2) бетон құрастырылымы

13.1.4-3 сурет – Бетон көтергіш құрастырылымы бар қосылыстар

13.1.5 Дәнекерлеу тіреулері

13.1.5.1 Егер тіректер құбырға тікелей балқытылса (13.1.5-1 суретті қарау), онда дәнекерлеу EN 13480-4 сәйкес орындалуы тиіс. В тірегінің қосынды бөлігі осы стандарттың талаптарына сәйкес болуы тиіс. Құбырдың және дәнекерленген қосынды бөлшек түрлі созылу себептерінен болған кернеу тірек пен құбырды есептегенде еспке алу керек.

13.1.5.2 Құбырмен бірге қақталған немесе құйылған В қосындысында (13.1.5-2 суретті қарау) егер дәнекерленген жік және балқытуға тиесілі аймақ қысым астындағы құбыр дайындамасының механикалық ерекшеліктеріне

$$l = \sqrt{2d_m e} \qquad (13.1.5.2\text{-}1)$$

әсер етпесе,құбыр беті шеңберінде орналасқан осы қосындының кез келген дәнекерлеу EN 13480-4 сәйкес келуі тиіс,

ЕСКЕРТПЕ Егер дәнекерленген жік, жоғарыда көрсетілгеннен құбыр бетінен алшақта орналаса, осы стандарт бойынша баламасын атқаруы мүмкін.

13.1.5.3 Егер С тірегінің қосынды бөлшегі А құбырымен аралық элемент немесе аралық С1 тілім арқылы қосылса (13.1.5-3 суретті қарау), онда аталған аралық тілімнің материалы құбыр материалымен үйлесімді болуы тиіс, ал тілім мен құбыр арасындағы дәнекерленген жіктер құбырды балқытудағы барлық талаптарға сәйкес келуі тиіс. Тірек пен аралық тілім арасындағы дәнекерленген жіктер осы стандартқа сәйкес орындалуы тиіс.



13.1.5-1-сурет – Дәнекерлеу тіреуі



13.1.5-2-сурет – Қақталған немесе құйма тіреуі



13.1.5-3-сурет – Аралық тілімді тірек

13.2 Материалға қойылатын талаптар

Тіректерді дайындау кезінде қолданылатын материалдар, құбырдың жұмыс және қоршаған шарттары үшін қолайлы болуы керек. Құбырмен жапсарласатын тірек материалдары, өзара үйлесімді болуы тиіс және құбыр материалдарының талап етілетін металлургиялық сипаттамаларына теріс әсер етпеуі тиіс.

Материалдар EN 13480-2 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

13.3 Есеп

13.3.1. Жалпы ережелер

Тіректерді құбыр есептерінің талаптарына сәйкес келетіндей жобалау қажет. Олардың есептерін осы бөлім бойынша немесе үлгілерді сынау арқылы есептеу растау қажет.

Үлгілерді сынау әдістері

Тіректерді олар құбырдың есептеріне сәйкес болатындай жобалаған жөн. Олардың есебін осы бөлім бойынша есептеулермен немесе үлгі сынақтарымен растаған жөн. J-қосымшасына сәйкес келуі тиіс.

Егер аталған жағдайдай үшін олардың құрылымдарының жарамдылығы есеп немесе сынақ жолдарымен алдын ала расталған жағдайда тіректердің стандартты типтерін қолдануға жол беріледі.

Құбыр тіректерін есептеу үшін қарастырылған жерлердегі тіректерде жүктеме және жылжудар бойынша нақты мәліметтер ұсынылуы тиіс.

1-ЕСКЕРТПЕ Бұл мәліметтер, әдетте, серпімділікті талдау қорытындысы (12.2.10).

Егер 12.2.10.1 келтірілген талаптар орындалса, онда толық талдау қажет емес. Аталмыш жағдайда төменде көрсетілген шарттардың орындалуын қамтамасыз етілуі тиіс:

- перпендикулярға қатысы бойынша құбыр аспасының консольді механизмнің ауытқуы 4^0 аспауы тиіс;
- тіректер құбырдың қалпын айтарлықтай өзгерпеуі тиіс;
- тіректердің ауытқу қарқыны 25% аспауы қажет.

2-ЕСКЕРТПЕ Қосынды жабдықта жол берілмейтін жүкке алып келуі мүмкін құбырларда сезгіш құралымбар (мысалға, айналмалы машиналар) немесе аймақтарға жақын тіректер, қажеттіліг туған жағдайда ереке назарды талап етуі мүмкін.

Тіректерді есептеген кезде барлық күтілетін климаттық әсерлерді, атап айтқанда жел, қар немесе мұзды ескеру қажет.

Егер құбыр өзге сыртқы ықпалдарға ұшыраса (діріл, құрылымдық ығысулар, жердің жыджуы, жер сілкінісі және т.б.) тапсырыс беруші тіректерді есептеу кезінде есеп үшін тапсырыс беруде тиісті параметрлерді белгілеуі және аталған әсерлерді көрсетуі тиіс.

Тіректерді және оларға қатысы бар құрылыстарды есептеу кезінде, гидроваликалық сындармен орын алған жүктерді ескеруі тиіс.

Тіректерді құбырдың қандайда бір жерінде олардан рұқсат етілген мәнінен артық кернеу мен деформацияны тудырмайтындай етіп есептеу қажет.

Тіректер әсерінен туындаған анкерлі бекітушілерде немесе қосынды бөлшектердегі жүктемелер, 12-бөлім бойынша үйкелістермен және жылытып

кеңеюмен берілген тәсілдер алынған есептелген мәндерден жоғары болмауы тиіс.

Тіректер есебі құбыр өндірушінің келісімісіз болжамды ығысулар мен жүктемелерде өзгерістерге алып келмеуі тиіс.

Техникалық қызмет көрсету және қызмет ету мерзімін шектеу бойынша қажетті жұмыстар тірек өндірушімен орналастырылуы немесе көрсетілуі тиіс.

Ауыспалы жүктемелер мен ығысуларға ұшырайтын тіректер (мысалға, қақтығыс басушылар және тоспалы тіректер), тіректердің барлық құрама бөлшектері қызмет ету мерзімінің және жүктеме айналым сандарының белгіленген талаптарын орындауы тиіс.

Әр тіректің орналасуын, түрін және таңбалануын сызбада, нобайларда және тағы басқа құбырларда көрсету керек.

13.3.2 Тіректердің құрылымдық бөлшектеріне арналған есептік температурасы

13.3.2.1 Жалпы ережелер

Тіректерді есептік кезде температура құбырға арналып белгіленген температураға байланысты. Тіректердің барлық құрылмдық бөлшектері, егер құбырлардың жұмыс температуралары 0 °С-ден 80 °С дейінгі диапазон шегінен тыс орналасса құбырдық жұмыс температурасы 0 °С-ден 80 °С дейінгі температура жиапазоны үшін есептеу қажет.

Құбырлардың аса жоғары немесе аса төмен температураларының салдарынан қызметі нашарланған бөлшектерді, мысалға, серпінділер немесе сырғанақ бөлшектер, оқшаулағыш шегінде қосу қажет.

Тіректердің есептік температурасын сынақ немесе есепте арқылы анықтайды

13.3.2.2 Оқшаулағыш шегіндегі құрылымдық бөлшектерге арналған есептік температуралар

Есептік үшін қолданылатын температура 13.3.2.1 кестесіне және 13.3.2-1 суретке сәйкес келуі тиіс.

13.3.2-1-кесте – Оқшаулағыш шегіндегі құрылымдық бөлшектерге арналған есептік температура

Құрылымдық бөлшектер түрі	Есептік температура
Қамыт немесе қысатын қапсырмамен құбырға дәнекерленген құрылымдық бөлшектер (тікелей құбырға жапсарланған)	t_f
Құбырмен тікелей емес жапсарланған құрылымдық бөлшектер	$t_f - 20^0$C
Бұрандама, бұрама, сомын және бүрлі шеге	$t_f - 30^0$C
t_f – құбырда тасмалдағыш заттың температурасы.	

13.3.2.3 Оқшаулағыш шегінен тыс орналасқан құрылымдық бөлшектерге арналған есептік температура

Есеп үшін қолданылып жатқан температура 13.3.2.2 кестеге және 13.3.2.1 суретке сәйкес келуі тиіс.

13.3.2-1 – Оқшаулағыш шегінде орналасқан бөлшектердің есептік температурасы

Құрылымдық бөлшек түрі	Құбырдағы тасмалдағыш заттың температурасы t_f	Тіректің есептік температурасы t
Тікелей құбырмен жапсырылған құрылымдық бөлшектер	> 80°C	0,5 t_f, бірақ 80°C кем емес
	≤ 80°C	80 °C
Бұрандама, бұрама, сомын және бүрлі шеге	> 80°C	0,33 t_f, бірақ 80°C кем емес
	≤ 80°C	80°C
t_f - құбырда тасмалдағыш заттың температурасы.		



3.3.2-1-сурет – Оқшаулағыш шегінде және шегінен тыс тіректерге арналған есептік температурасы

13.3.2.4 Басқа да құрамдық бөлшектер

Тіректің басқа құрылымдық бөлшектері, оған қоса негізгі салмақ түсетін құрылымның аралық бөлімі үшін t = 80 °C есептік температура қолданылады.

13.3.2.5 Тасмалдаушы заттың жоғары және төмен температурасы

Төмен тасмалдаушы заттардың температурасы минус 600 °C жоғары және 20 °C төмен болса, тірек есептік температураға жарамды және құбыр материалымен бірдей материалдан жасалған немесе жылудан бөгеушісі болуы тиіс.

13.3.3 Бөлшектердің орналасуы

13.3.3.1 Құбырмен жанасатын құрамалы бөлшектерді құбырдың иілгіштік деформациялануынан жергілікті шектеуге алып келе алатын құбыр қабырғаларында жүктеме шоғырлануы орын алмастай орналастыру қажет.

13.3.3.2 Құрама бөлшектерді құбыр тіректе нықты орналаса алатындай және егер қажеттілгі бар жағдайда, құбыр мен тірек өлшемдеріне жол берілуі орныеа қайып келетіндей орналастырылуы тиіс.

13.3.3.3 Барлық анкерлік күш және аспалы бөлшектер реттемелі болуы керек.

DN 100 диаметрінен жоғары құбырлар үшін аспа, номиналды жүк астында реттеле алатындай орналасуы керек.

Егер реттеру бұрама арқылы жүзеге асса, онда бұраманың тереңділгі құбырдың 0,8 диаметрінің құрауы тиіс.

Барлық сомындар, бүрлі шеге немесе басқа бекіткіш бөлшектердің тоқтатқыштары болуы керек.

13.3.3.4 Құрамалы бөлшектерді су немесе ластың жиналуына жол бермейтіндей орналастыру қажет.

ЕСКЕРТПЕ Шаңнан қақпақшалар, баламалы қорғайтын басқа тетіктерді қолдану тапсырыс берушімен белгіленеді.

13.3.3.5 Құрамалы бөлшектерді бұрандалы бөлшектердегі бүгілмелі жүктемелер минимумға дейін қысқартылатындай орналастыру қажет.

13.3.3.6 Егер массаны және басқа жүктерді көтере алу үшін тік құбырға тіреуіштер балқытылып жалғанса, онда олар құбыр айналасында айтарлықтай мөлшерде біркелкі және құбыр бетіне біркелкі жабысуып тұратындай орналасуы қажет.

ЕСКЕРТПЕ Құбыр қабырғасындағы шамадан тыс тілгіштілік жойылуы тиіс.

13.3.3.7 Тік құбырға арналған қатты аспа ретіндегі қос анкерлер, егер есептеу арқылы жүктің біркелкі орналасуы жүзеге аспай жатса (мысалға, серіппе қолданған кезде) анкердің әр жартсында жүк нық орналаса алтындай орналастырылуы тиіс.

13.3.3.8 Негізгі салмақ түсетін құрылымдағы тіректі бекіту бөлшектері негізгі салмақ түсетін құрылымды өндірушімен келісу қажет, ол өз кезегінде барлық құбырдан негзгі салмақ түсетін құрылымға дейінгі жүктемелер рұқсат етілген мәннің аспайтындығын қамтамасыз етуі керек (К қосымшасында келтірілген).

13.3.3.9 Құбырды қолдау үшін тасмалданатын аралық немесе екінші болат құрылымдардың өлшемдерінің белгіленуі, жақсы өндірістік тәжірибеге, мысалға, EN 1993 белгілегендерге негізделуі тиіс. Екінші болаттағы жұмыстар 13.3.6.3 көрсетілген талаптарға жауап беруі тиіс.

13.3.3.10 Бұрандамалар мен бұрандар негізінде бұрандада кесілетін жүктер, тек ергер бұрандамалар мен бұрандар есебінде есептелген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

13.3.4 Деформация

Егер қажеттілгі болған жағдайда, онда тіректерді орнластырарла және негізгі салмақ түсетін құрылғының аралық бөлшектерін қолдану қажеттілгі кезінде, деформацияға бекемділігін растап отыру қажет.

ЕСКЕРТПЕ Бұған арналған нұсқаулық L қосымшасын қараңыз.

13.3.5 Тіректердің орналасуы

Тіректердің орналасуын серпімділік талдауы негзінде немесе қабылданатын жүктерге баға беру арқылы орналастыру қажет. Әр жағдайда тіректерді есептеу кезінде қоршаған негзгі салмақ түсетін құрылыммен және егер қажетті болса, аралық бөлшектер немесе негізгі салмақ түсетін құрылым қаңқасын құрастырумен сәйкес келетін қосындыны ескеру қажет.

13.3.6 Құрамалы бөлшектердің параметрлерін белгілеу

13.3.6.1 Жалпы ережелер

Жеке жағдайда немесе үлгі бойынша есептеу арқылы тірек құрама бөлшектерінің өлшемдерін белгілеу, мысалға EHV 1993 көрсетілгендей, қарапайым есептік тәжірибе негізделеді (қосымша сілтемелер I, J, K, L және M қосымшаларында қарау).

13.3.6.2 Кернеу деңгейлері

Кернеудің жеке немесе балмалы деңгейлерінің мәні 13.3.7-1 және 13.3.7-2 кестелерінде келтірілген рұқсат етілген кернеулерден аспауы тиіс.

Құрамалы кернеу мәні σ_e келесі көрсетілген формула бойынша анықталады

$$\sigma_e = \sqrt{(\sigma_a + \sigma_b)^2 + 3\tau^2} \qquad (13.3.6\text{-}1)$$

σ_a – есептік белдік (мембраналық) кернеу;

σ_b – бүгілулдің есептік кернеуі;

σ_s – жылжудың есептік кернеуі.

Максималды рұқсат етілген кернеу:

$$f = \min\left(\frac{R_{eHt}}{1,5} \text{ или } \frac{R_{p0,2t}}{1,5}; \frac{R_m}{2,4}; f_{cr}\right) \qquad (13.3.6\text{-}2)$$

1-ЕСКЕРТПЕ Жұмыс жағдайында кейде осы уақыттан уақытқа орын алатындар үшін 4.2.5.2 қарау.

2-ЕСКЕРТПЕ 200000 а., өзге мерзім кезінде жылжығыштық бойынша мәліметтер үшін 5.3.2 қарау.

13.3.6.3 Желілік тіректер

Жергілікті тіректер аралық теориясы бойынша есептелуі мүмкін және оларға рұқсат етілетін кернеулер 13.3.6-1 кестесіне сәйкес болуы тиіс.

13.3.6-1-кесте – Жергілікті тіректердегі рұқсат етілетін кернеу

Кернеу, N/мм^2	Пайдаланудың номиналды жағдайда, Н/мм^2	Пайдалану кезінде уақытша орын алатын жағдайларда, N/мм^2
σ_a	$\leq 1{,}0\,f$	$\leq 1{,}2\,f$
σ_b	$\leq 1{,}0\,f$	$\leq 1{,}2\,f$
τ	$\leq 0{,}6\,f$	$\leq 0{,}7\,f$
σ_e	$\leq 1{,}0\,f$	$\leq 1{,}2\,f$

ЕСКЕРТПЕ 1 Құбыр тіректері үшін рұқсат етілген, жылжығыштық диапазонда жұмыс істемейтін кернеулер, келесідей:

- тілім немесе қабықша теориясымен талданатын құбыр тіректері үшін:
- пайдалану кезіндегі номиналды жағдайда: $\sigma_b \leq 1{,}5f, \sigma_e \leq 1{,}5f$
- пайдалану жағдайында уақытша пайда болатын кезде: $\sigma_b \leq 1{,}8f, \sigma_e \leq 1{,}8f$
- қос симметриялық қатты секциялар үшін:
- пайдалану кезіндегі номиналды жағдайда: $\sigma_b \leq 1{,}1f, \sigma_e \leq 1{,}1f$
- пайдалану жағдайында уақытша пайда болатын кезде: $\sigma_b \leq 1{,}3f, \sigma_e \leq 1{,}3f$

ЕСКЕРТПЕ 2 дәнекерленген қосындыға арналған рұқсат етілген кернеу 13.4.1 қарау, пайдалану жағдайында уақытша пайда болатын кезде рұқсат етілген кернеу, пайдаланудың номиналды шартынан 1,2 есе жоғары болады.

ЕСКЕРТПЕ 3 Бұрандамалы қосындылар үшін 13.4.2 қарау.

13.4 Қосындылар

13.4.1 Дәнекерленген қосындылар

Дәнекерленген жіктің металлы негізгі материалмен үйлесімді келетін құрамда болуы тиіс және дәнекерленетін бөлшектердің минималды төмен белгіленген мәнінен ағыны төмен болмауы керек.

Бастапқы материалмен рұқсат етілген дәнекерленген жіктердің кернеуі пайдалы әрекет коэффициентіне көбейтіледі z.

Тек көбен көріп шолу арқылы ғана тексерілген барлық дәнекерленген жіктер үшін, дәнекерленген пайдалы әрекет коэффициенті z = 0,7 болып табылады.

- КПД дәнекерлеу z = 0,85 лейін ұлғаюы мүмкін, егер келесі көрсетілген шарттар орындалса:

a) типтік сынақ жүргізілсе;

b) дәнекерлеудің механикалық процессі ішінара немесе толық қолданылса;

с) дәнекерленген жіктер бұзбай сынау кезінде таңдалып тексерілсе (магнитті/капиллярлы).

- 100% бұзбай бақылаумен дәнекерленген жіктің тоғысқан және балқытылғандары үшін КПД дәнекері z= 1,0 болып табылады. Қосымша ретінде, бастапқы материалдың кернеуіне қатысты рұқсат етілгенінен жоғары болмауы тиіс.

13.4.2 Бұрамалы қосындылар

Бұрамалы қосындылар тиісті стандарттар бойынша қолданылуы қажет. Бұл ретте температура әсеріне аса мән беру қажет.

13.5 Ерекше құрамалы бөлшектерді есептеуде қойылатын талаптар

13.5.1 Тіркелген аспалар мен тіректер

13.5.1.1 Жалпы ережелер

Қозғалмайтын аспалар мен тіректерді қолдану орнатылған жағдайда, талаптар орындалуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Қозғалмайтын аспалар/тіректер құбырды құрастыру кезінде, әсіресе құбырдың тігінен ығысуы айтарлықтай үлкен болғанда және жоғары серіппе әсер орын алған жағдайда қолданылады. Олар белгіленген жүктен 5 % көп жүктеменің ауытқуының жылжуы барысында мүмкін болмаған тіректер үшін де қарастырылады. Толық нұсқаулықтар 1-қосымшада көрсетілген.

13.5.1.2 Қозғалмайтын аспалар/тіректер

Қозғалмайтын аспалар/тіректер 4° бұрышты жүктемелер үшін жобаланады. Қозғалмайтын аспалар/тіректер есептік жүктемеден 10% құрайтын көлденең жүктемені көтере алады. Егер одан да жоғары көлденең жүктер болжанса, онда жобалау кезінде сырғанақты бетінің қабылдауын ескеру қажет.

13.5.1.3 Жүктің ауытқуы

Жүктеменің ауытқуы, үйкеліс ықпалын қоса алғанда, бір ғана нүктеде емес барлық жұмыс жолында белгіленген жүктемелен ±5 % аспауы тиіс. Егер қатты жүктер қажет болса, онда олар құбыр өндірушімен белгіленуі тиіс.

13.5.1.4 Құрылыс алаңында адын ала созылуын реттеру

Қозғалмайтын аспалар/тіректерде құрылыс алаңларында алдын ала созылуын ±15 %. кем емес реттеу мүмкіндігі болуы тиіс. Бұндай реттелу белгіленген жұмыс жолының қысқартылуына алып келмеуі тиіс.

13.5.1.5 Құбырдың есептік ығысуының артуы

Тірек есептеу кезінде есептелген мәннен жоғары құбырлардың жылжуын ескеру қажет. Жылжу резерві есептік жылжудан 10 % тең, бірақ 25 мм аз болуы тиіс. Артудың бөлуі мен бағытын құбыр өндіруші белгілейді.

13.5.1.6 Блоктау

Барлық тірек құрылыстары тіркеу үшін және жоғары және төмен жұмыс жолын шектейтін тоқтатқышқа арналған құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

Тіректерді жеткізу кезінде тапсырсы берушімен белгіленген алдын ала созылған қалып тіркелуі тиіс.

Тректік тіркелген қалпында алдын ала белгіленген тартылыс екі есе үлкен көлемді қабылдауға қабілетті болуы тиіс.

13.5.1.7 Серіппенің қызмет ету мерзімі

Серіппе құбырдық баодық қызмет ету мерзімінде өзінің тартылу бекемділгін соңына дейін сақтауы тиіс. Ескіру салдарынан орын алған ауытқулар алдындағы тартылыстан ± 2,5 % аспауы тиіс.

13.5.1.8 Тақтайша

Әр тіректе кем дегенде келесі көрсетілген мәліметтері бар, қоршаған ортаға әсері төзімді болуы тиіс, тот баспайтын типтік тақтайша орнластыруы тиіс:

- тірек нөмірі;
- типі;
- өлшемі;
- ортақ жұмыс жолы;
- номиналды жүктемесі;
- монтажды қалпы;
- жұмыс қалпы;
- өндірушінің атауы.

13.5.2 Серіппенді аспалар

13.5.2.1 Жалпы серіппелер

Серіппенді аспалар және серіппенді тіректер, әдетте құбырлардың шамалы тігінен жылжуына қатысты қолданылады. Егер құбырлардың жылжу барысында жүктердің 25% дейін ауытқуына жол берілсе, олар қолданыла алады. Ең мықты ауытқу болып құбырдың серпімдігінің ьалдауы бойынша жол берілесе, олар өте қатты ауытқулар болып есептелінеді.

Егер серіппенді аспалады қолдану қажет болса, құбырдың тігінен ауытқуына пропорциалы тірек күші болып табылса, онда жүктің ауытқуын төмендегі екі формуланың біреуімен есептеу қажет:

$$\text{Жүктеменің ауытқууы} = \frac{\text{есептік жүктеме-алдын ала тартылу}}{\text{есептік жүктеме}} \times 100\%$$

немесе

$$\text{Жүктің ауытқууы} = \frac{\text{жылулылық кеңю-қатты серіппе коэффициенті}}{\text{есептік жүк}} \times 100\ \%$$

ЕСКЕРТПЕ Қосымша нұсқаулық I қосымшасында бар.

13.5.2.2 Серіппенді тіректер

Серіппенді тіректер көлденең жүктерді номиналды жүктің 30 % дейін қабылдауға қабілетті болуы тиіс. Егер көлденең жүктер болжамды болса, онда жобалау кезінде бетінің сырғанақтылығын ескеру қажет.

13.5.2.3 Серіппендінің рұқсат етілген қаттылық

Тігінен кернеу үшін немесе жүктеменің ауытқудың тігінен қысылуы үшін жүк, ескіруден орын алған түрленуді қоса алғанда (13.5.1.7 қарау) жылжудың орын ауыстыруындағы теоретикалық жүктемемен салыстырғанда, I.2-1 сурет (S1 тобын ұстап тұру үшін 10%) 5% кем болуы тиіс.

13.5.2.4 Құбыр ығысуын артуы

